



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365

№ 4 (103)

Астана
2023

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

СЫДЫҚОВ Айбек Жексеналыұлы	– PhD докторы (алқа төрағасы) (Қазақстан)
ИБРАЕВА Ақмарал Ғосманқызы	– алқа төрағасының орынбасары, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жәкен Қожахметұлы	– ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
САМАШЕВ Зайнолла Самашұлы	– тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
АЙМҰХАМБЕТ Жанат Әскербекқызы	– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
ҮМІТҚАЛИЕВ Ұлан Үмітқалиұлы	– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
МЕРЦ Виктор Карлович	– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
ЖАБАҒИН Мақсат	– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
БИҒОЖИН Ұлан Зейноллаұлы	– PhD докторы (Қазақстан)
САБИТОВ Жаксылық	– PhD докторы (Қазақстан)
ДЮПЮЙ Пауло	– PhD докторы (Қазақстан)
ҚАРА Әбдуақап	– доктор, профессор (Түркия)
ШАМИЛЬОГЛУ Юлай	– PhD, профессор (АҚШ)
АЙТПАЕВА Гулнара Амановна	– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қырғызстан)
РАДИВОЖЕВИЧ Мильяна	– PhD, қауымдастырылған профессор (Ұлыбритания)

EDITORIAL BOARD:

Aibek Sydykov	– Doctor PhD (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan)
Akmaral Ibrayeva	– Deputy chairman of the editorial board, Doctor of historical sciences, professor, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan (Kazakhstan)
Zhaken Taimagambetov	– Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK (Kazakhstan)
Zainolla Samashev	– Doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan)
Zhanat Aimukhambet	– Doctor of Philology, Professor (Kazakhstan)
Ulan Umitkaliev	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Victor Merts	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Maxat Zhabagin	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Ulan Bigozhin	– PhD (Kazakhstan)
Zhaxylyk Sabitov	– PhD (Kazakhstan)
Paula Dupuy	– PhD (Kazakhstan)
Kara Abdulvahap	– Doctor, professor (Turkey)
Uli Shamiloglu	– PhD, professor (USA)
Gulnara Aitpaeva	– Doctor of Philology, Professor (Kyrgyzstan)
Radivojevic Miljana	– PhD, Associate professor (UK)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

СЫДЫКОВ Айбек Жексеналыевич	– PhD доктор (председатель коллегии) (Казахстан)
ИБРАЕВА Акмарал Госмановна	– заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)
ТАЙМАГАМБЕТОВ Жакен Кожаметович	– ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
САМАШЕВ Зайнолла Самашевич	– доктор исторических наук, профессор (Казахстан)
АЙМУХАМБЕТ Жанат Аскербековна	– доктор филологических наук, профессор (Казахстан)
УМИТКАЛИЕВ Улан Умиткалиевич	– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)
МЕРЦ Виктор Карлович	– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)
ЖАБАГИН Максат	– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)
БИГОЖИН Улан Зейноллаулы	– PhD доктор (Казахстан)
САБИТОВ Жаксылык	– PhD доктор (Казахстан)
ДЮПЮЙ Пауло	– PhD доктор (Казахстан)
КАРА Абдуакап	- Доктор, профессор (Турция)
ШАМИЛЬОГЛУ Юлай	– PhD, профессор (США)
АЙТПАЕВА Гулнара Амановна	- доктор филологических наук, профессор (Кыргызстан)
Радивожевич Мильяна	- PhD, ассоциированный профессор (Великобритания)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Этнология / Ethnology / Этнология

<i>Артықбаев Ж.О.</i> "Бап тәңірі" - Орталық Азия халықтарының руханият және дүниетаным ескерткіші <i>Artykbayev Zh.O.</i> "Bap tengri" is a monument to the spirituality and worldview of the peoples of Central Asia	
<i>Артықбаев Ж.О.</i> "Бап тенгри" - памятник духовности и мировоззрения народов Центральной Азии.....6	6
<i>Ибадуллаева З.Ө.</i> Қазақ этномәдениетінің белгілер жүйесіндегі "сүйек" ұғымының орны <i>Ibadullayeva Z.O.</i> The meaning of the concept of "bone" in the symbolic system of kazakh ethnoculture	
<i>Ибадуллаева З.О.</i> Значение понятия "кость" в знаковой системе казахской этнокультуры.....15	15
<i>Мамедова И.Г.</i> Сефевидтер дәуіріндегі кофеханалар тарихы (тарихи-этнографиялық зерттеу) <i>Mammadova I.G.</i> Coffeehouses of the Safavids period (historical-ethnographic research)	
<i>Мамедова И.Г.</i> Кофейни эпохи Сефевидов (историко-этнографическое исследование).....27	27
<i>Магеррамова С.С.</i> Қарабақ жылқысы <i>Magerramova S.S.</i> Garabakh horses	
<i>Магеррамова С.С.</i> Гарабахские лошади.....35	35
<i>Алиев А.Т.</i> Грузиялық әзірбайжандардың аға буын өкілдерімен қарым-қатынасы (XIX-XX ғасыр басы) <i>Aliyev A.T.</i> Attitudes towards aksakals and aghbircheks among Georgian azerbaijanis (early XIX-XX centuries)	
<i>Алиев А.Т.</i> Отношение к мужчинам и женщинам старшего поколения у азербайджанцев Грузии (XIX - нач. XX вв.).....47	47
<i>Атдаев С. Дж.</i> Түрікмендердің дәстүрлі астық сақтау жолдары <i>Atdaev S.J.</i> Traditional ways of storing grain in turkmen	
<i>Атдаев С. Дж.</i> Традиционные способы хранения зерна у туркмен.....58	58
<i>Аманова Б. Т.</i> Қарабақ халқының үйлену тойы туралы (халық жазушысы Әли Велиевтің шығармалары негізінде) <i>Amanova B.T.</i> About the wedding ceremony of Karabakh people (based on the works of national writer Ali Veliyev)	
<i>Аманова Б. Т.</i> О свадебном обряде карабахцев (по произведениям народного писателя Али Велиева).....71	71
<i>Оспанова А.К., Шораев Б.К.</i> Қазақстанға депортацияланған Қырым татарларының тарихы: архив деректері негізінде талдау <i>Ospanova A.K., Shoraev B. K.</i> History of Crimean tatars deported to Kazakhstan: analysis based on archived data	
<i>Оспанова А.К., Шораев Б.К.</i> История Крымских татар, депортированных в Казахстан: анализ на основе архивных данных.....82	82
<i>Билялова Г.А.</i> XIX-XX ғасырлардағы алматылық қазақтар: тарихи талдау <i>Bilyalova G.A.</i> Almaty kazakhs of XIX-XX centuries: historical analyse	
<i>Билялова Г.А.</i> Казахи Алматы XIX-XX века: исторический анализ.....103	103
Қазақстан музейлері/ Museums of Kazakhstan/ Музеи Казахстана	
<i>Рахатова Ж.Т.</i> Шығыс Қазақстан облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафтық музей-қорығының Солжағалық кешені <i>Rakhatova Zh.T.</i> The Left-Bank complex of the East Kazakhstan Regional Architectural, Ethnographic and Natural Landscape Museum-Reserve	
<i>Рахатова Ж.Т.</i> Левобережный комплекс Восточно-Казахстанского областного архитектурно-этнографического и природно-ландшафтного музея-заповедника.....114	114
Тұлғалар/ Personality/ Персоналии	
<i>Ибадуллаева З.Ө.</i> Ә.Т. Төлеубаев - ғылым жолындағы ұстазым.....122	122
Хабарлар/ News/ Хроники	
<i>Әжіғали С.Е., Әшім Б.Ә.</i> Қазақ этнографиялық ескерткіштану академиялық орталығының ашылуы.....124	124

Этнология / Ethnology / Этнология

<https://doi.org/10.47500/2023.v16.i4.01>

FTAMP 03.61.91

Артықбаев Ж.О.¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана қ., Қазақстан

e-mail: socantropology@mail.ru

«БАП ТӘҢІРІ» - ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ РУХАНИЯТ ЖӘНЕ ДҮНИЕТАНЫМ ЕСКЕРТКІШІ

Аңдатпа. Ғылыми мақалада Орталық Азия түркілері пантеонында Бас Құдай немесе Тәңіріден кейінгі екінші қатардағы «Бап тәңірі» феноменіне ғылыми деректер негізінде талдау жасалған. «Бап тәңірі» түсінігі мыңдаған жылдар бұрын қалыптасып, исламның қазақ жерінде таралу ерекшеліктеріне байланысты біздің заманымызға дейін жалғасты. Бап ескерткіштері қазақ халқының және де өзге Орта Азия түркілерінің әдет-ғұрыпқа негізделген түсініктерін ғана ашып қоймайды, мұсылмандану процесін ашып бере алатын басты дерек көзі болып табылады. Осы негізде жазылған бұл ғылыми мақалада тарихнамадағы жұмбақ құбылыс «Бап Тәңірі» мәселесі ғылыми негізде зерттеуге алынған. Құрылымдық антропология әдістемесі негізінде және саха, қазақ, орыс деректеріне сүйене отырып кең көлемде зерттеу жасалған. Мақалада түркі тілдерінің негізінде жасалған сөздіктер басшылыққа алынып, Орталық Азия халықтарының этнографиялық материалдары мен әртүрлі этникалық орталардан жинақталған этнографиялық материалдарға салыстырмалы талдау жүргізген.

Кілт сөздер: «Бап тәңірі», түріктер, тәңірі, ескерткіштер, Орта Азия халықтары.

Дәйексөз үшін: Артықбаев Ж.О. "Бап тәңірі" Орталық Азия халықтарының руханият және дүниетаным ескерткіші // Мәдени мұра. 2023. №4 (103). 6-14 б.(қаз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2023.v16.i4.01>

Кіріспе

Тәңірі – Орталық Азия халықтарының құдайлар пантеонындағы басты тұлға, ең жоғарғы билік иесі, ол Көк аспанды мекендеген жаратушы. Бұл түсінік мыңдаған жылдар бұрын қалыптасты және исламның қазақ жерінде тарау ерекшеліктеріне байланысты біздің заманымызға дейін келді. Қазақтың алғашқы этнографы, Тәңірі ұғымы

туралы алғашқы ғылыми жазбалардың авторы Ш.Ш. Уәлиханов бұл құбылыс туралы: «У киргизов оно (бақсылық – Ж.А.) смешалось с мусульманскими поверьями и, смешавшись, составило одну веру, которая называлось мусульманской, но (они) не знали Магомета, верили в Аллаха и в то же время в онгонов (аруах – Ж.А.), приносили

жертвы на гробницах мусульманским угодникам, верили в шамана и уважали мусульманских ходжей... Такой порядок вещей продолжался до наших дней... » дейді (Валиханов, 1985: 49).

Қазіргі күні «Тәңіршілдік» атанып жүрген сенімдер кешені белгілі бір теориялық догмаларға, арнайы салынған діни-ғұрыптық орындарға (мешіт, шіркеу т.б.) сүйенбейді, оның басты қағидасы және ерекшелігі табиғатты ұлықтау. Бұл мәселе туралы да Ш.Ш. Уәлихановтың этнографиялық жазбаларына сілтеме жасау маңызды: «Шаманство первоначально было почитанием природы вообще, и идее неба и в частности, солнца, луны, рек и прочих чудес природы и стихий, и поэтому отчасти походило на фетишизм, хотя по идее оно далеко не похоже на эту грубую и мелкую адорацию. Олицетворения не было, и второстепенные тенгри, конечно, появились впоследствии, чему служит доказательством самое название тенгри-небо...» (Валиханов, 1985: 50-51). Сонымен Шоқан пікірінше тәңіршілдіктің түп бастауында табиғатты қадірлеу тұр, екіншіден, Көк аспанды тәңірі деп қасиеттеу өз кезегінде екінші қатарлы нысандарға да тараған. Екінші мәселе біздің Бап Тәңірі туралы зерттеуімізге тікелей қатысты.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында біз алдымен Орталық Азия халықтарының этнографиялық материалдарына сүйенеміз. Әртүрлі этникалық орталардан жинақталған этнографиялық материалдарды салыстыра талдау негізгі стратты анықтауға мүмкіндік береді. Екіншіден, мақаланы дайындау барысында біз түркі тілдерінің негізінде жасалған сөздіктерге көңіл бөлдік. Кез келген тіл, әсіресе әр халықтың тілінде

сақталған байырғы тілдік элементтер, этникалық тарихының қайнар көзі болып табылады. Үшіншіден, осындай дерек көздеріне негізделген біздің зерттеу жұмысымыз тарихилық принципің ұстануды қажет етеді, яғни кез келген құбылыстың мәнін түсіну үшін алдымен оның тарихи қалыптасу кезеңдері мен себептерін анықтап алу. Сонымен бірге тақырыпты игеру барысында біз өзіміз үшін қалыпты құрылымдық антропология әдістемесіне сүйендік.

Талқылау

Түрік халықтарының көпшілігі бұл терминді – Ұлы Тәңірі, Көк Тәңірі, Бір Тәңірі форматында қолданады. Мысалы, өзінің 921—922 жылдардағы Еділ бойына саяхатында ислам таратушы ибн Фадлан Маңғыстау оғыздары туралы былай деп жазады «Егерде әлдекім әділетсіздік құрбаны болса немесе оның басына бір келеңсіз іс түссе, ол басын аспанға көтеріп «Бір Тәңірі» дейді, ал бұл оның «Жалғыз Тәңіріге жалбарынам (салдым)» дегені, себебі түркі тілінде «бір» дегені «жалғыз», ал «тәңірі» олардың тілінде «жаратушы» (Путешествие Ахмеда ибн Фадлана, 1996: 22).

Тәңірі тақырыбы ғылыми әдебиетте көп жазылғандықтан бұдан әрі біздің тарихнамадағы жұмбақ құбылыс «Бап Тәңірі» мәселесіне көшеміз.

Бап Тәңірі – қазақ ауызша дәстүрінде ұмытылған құбылыс, бірақ қазақ тілінде және тарихи ескерткіштерде оның негізгі және анықтамалық мағыналары сақталған. Мысалы, қазақ тіліндегі «бап» (заң мағынасында), «баптау» (сәндеу, әдемілеу, дайындау мағынасында) т.б. сөздердің түпкі негізі Бап Тәңіріге барып тіреледі. Сонымен бірге «бап» Орталық Азияның Түркістандық бөлігінде қасиетті жерлердің сакралды сипаттамасы және кейде топоним ретінде қолданылады

(Арыстан бап, Түркістанда түмен бап т.б.). Біздің зерттеулерімізге қарағанда «бап» сөзі өзінің түпкілікті мағынасында, оның өзінде де күнделікті қолданыстағы сөз емес, фольклорлық ұғым ретінде саха (якут) халқында сақталған.

Саха деректері

Саха халқының аңыздары мен тарихи әңгімелерінде Бап Тәңірі (Бах таңара – деп те аталады) бұл саха халқының ата-бабасы ерте замандарда табынған пұт (идол, idol).

XIX – XX ғасыр басында Э. Пекарский құрастырған «Словарь якутского языка» атты үш томдық сөздігінде Тәңірі ұғымының анықтамалары, сонымен бірге Бап тәңірі (Бап таңара) сөзінің келесі анықтамалары бар:

– «Таңара – 1) видимое небо; небо как божество. Таңара сарыақа – небо прояснится (қазақша таң сарғаяды болуы керек – Ж.А.); былыттах таңара – облачное небо, облачный день, пасмурная погода (бұлтты тәңірі – Ж.А.); күннах таңара – солнечное небо, солнечный день. 2) Общее название добрых существ (=аҕыы), добрый дух, бог, богиня, божество языческое; главное божество, живущее на седьмом небе (қазақ тілінде осыған ұқсас «Жеті қабат жер астында, Жеті қабат көк үстінде» деген ұғымдар бар – Ж.А.).

– «Хан таңара – великое небо» (Пекарский, 1954: 32,94). Қазақ тілінде бұл ұғым Хан тәңірі, Ұлы аспан түсініктерімен сәйкес келеді.

– «Мэңэ таңара (қазақ тілінде – Тәңірі мәңгі – Ж.А.); Мэңэ таңара – неизмеримое небо, небо, местопребывание бога; өлбөт мэңэ ута – вечная, оживляющая вода» (Пекарский, 1954: 15,58).

– «Бап = баф, бах, бапъ таңара – идолъ, делаемый из гнилого дерева въ честь какого-либо духа, насылающего

болезни» (Пекарский, 1954: 25,51).

Э. Пекарский саха-якут тіліндегі Тәңірі сөзінің бірнеше мағынасын көрсетеді, алдымен Көк Тәңірі, яғни Көк Аспан, немесе Ұлы Тәңірі. Бұл ұғымның Мэңэ таңара, Хан таңара сияқты синонимдері бар. Сонымен бірге сөздікте екінші қатардағы тәңірі де көрсетілген, бұл Бап тәңірі. Біздің ойымызша саха тәңіршілдік пантеонында Бап тәңірі сияқты екінші эшелондағы тәңірілер аз емес.

Славяндық параллельдер

Бап Тәңірі феноменін зерттеу барысында Шығыс славян тілдеріндегі «Каменная баба» ұғымына назар аударған абзал. Егер қарапайым анықтамаларға қарасақ, «Каменная баба» – антропоморфические каменные изваяния высотой от 1 до 4 метров, изображающие воинов, иногда женщин. Ставились на курганах древними народами, например, скифами, половцами и др. Найдены в больших количествах в степной полосе России, в южной Сибири, на востоке Украины, в Германии, Средней Азии и Монголии. Связаны с культом предков» (Что такое каменная баба [dic. Academic. Ru](http://dic.academic.ru)).

Славян тілдеріндегі «каменная баба» – бұл көне түркі және оған дейінгі кезеңдерде жерлеу кешендерінің құрамдас бөлігі, құлпытас орнына қолданылатын сынтастар. XX ғасыр басына дейінгі қазақ тілді деректерде, топонимияда шомбал гранит тастардан қашалып жасалған адам мүсіндерін «сынтас» деп атайды. Қазіргі уақытта көбінесе «балбал», «балбал тас» сөздері қолданылады. Шын мәнінде сынтастар тек қорған, яғни мола басына ғана орнатылмайды, оларды табиғатқа тәу ететін тәңіршілдік ғұрыптар орындалатын қасиетті жерлерден, яғни

тау баурайларынан, өзен бастауларынан т.б. кездестіруге болады. Біздің ойымызшасынтастарата-бабарухтарына тағзым ететін қасиетті орындарда да орнатылады. Бұл мәселені түсіну үшін Ш.Ш. Уәлихановтың «умирая, человек сам становится божеством» деген пікірі маңызды.

Орыстілдіғалымдар «каменнаябаба» сөзін түрік тіліндегі «баба» ұғымымен байланыстырады, яғни адамның әкесі, не оның арғы жағындағы аталар (Плетнева,1974: 5). Шын мәнінде баба сөзінің түпкі мағынасы «бап» ұғымынан шығатыны сөзсіз, яғни «каменная баба», «ата-баба» сөздерінің астарында Бап тәңірі тұр деп есептейміз.

Қазақ деректері

Қазақ жерінде «бап» термині Сырдария бойындағы көне қалалық қоныстар аймағында сақталған. Жергілікті халық бұл сөзді иран тілінен енген деп есептейді және мағынасы «қақпа» деп түсіндіреді. Шын мәнінде бұл көп мағыналы сөз Түркістан аймағында өзінің негізгі төл мағынасында қолданылғанын біз бірнеше ескерткіштерге қарап айқындаймыз. Мысалы, Түркістандағы Ахмет Йассауи кешеніне арнайы зиярат жолымен барған адам алдымен Арыстан бапқа барып тәу етуі керек деген қағида бар. Бұл қағида «Арыстан бапқа – түне, Қожа Ахметтен – тіле» деген сияқты қанатты сөздерге арқау болған. Арыстан бап Түркістан қаласынан 60 шақырымдай жерде орналасқан сакралды ескерткіш және көне қорым.

Арыстан бап кесенесіне кірген уақытта сіз негізгі мүрдемен қатар орналасқан Лашын бап, Қарға бап сияқты қасиетті орындарды көресіз. Осылардан басқа баптар болды ма, олар туралы естелік сақталды ма, ол туралы

біз күмбез басындағы шырақшылардан ақпарат ала алмадық.

Арыстан баптан басқа Түркістан аймағында «Түркістанда түмен бап, Сайрамда бар сансыз бап...» деген қанатты сөздер бар. Егер бұл сөзді оның саха тіліндегі негізгі мағынасын есепке ала отырып талдасақ, Түркістанда он мың бап, яғни пұт болған, ал Сайрамда олардың санына есеп жетпейді.

Түркістан аймағында бүкіл баптардың басын қосатын мынадай бір шумақ жыр жолдары бар:

Сайрамда бар сансыз бап,
Отырарда отыз бап,
Түркістанда түмен бап,
Баптардың бабы Арыстан бап,
Ең үлкені Кален бап.

Отырардың қай жерде екені бәрімізге де белгілі, бұл Сырдарияның оң жағасында, Қаратауға қарайғы орманды-далалық алқапта, яғни барапта орналасқан қала. Бүгінгі күні көпшілік қолды және ғылыми әдебиетте Фараб атанып жүрген жердің көне түркілік жергілікті атауы Барап. Отырар қашанда өзінің сауда қызметі және шаруашылығы арқылы белгілі қала, белгілі дәрежеде әр кезеңде саяси орталық ретінде де қызмет атқарды, бірақ оның ғұрыптық қызметін Сайрам, Түркістанмен салыстыруға келмейді. Сол себепті «Отырарда отыз бап» деген түсінікті.

«Баптардың ең үлкені» Кален (Хален, Қален) бап ескерткіші Сайрам қаласы маңындағы ежелгі Қарамұрт қышлағында орналасқан. Жергілікті ел «Кален бап ағашы» деп атайды және оған үлкен сакралды мағына береді. Өлкетанушылар Кален бапты Ғұн дәуірімен, Мөде әулетінен тараған Кален (Хален) шаньюймен байланыстырады. Шын мәнінде бұл атаудан біз иран тіліндегі «үлкен» деген сөзді аңғарамыз. Мысалы Бұхара шәріптегі Қарахан

дәуірінде, атақты Қызыл Арыстан хан салғызған мұнара Калян (Калон) аталады, яғни Үлкен мұнара. Ғылыми әдебиетте бұл ескерткіш «Арслан хан мұнарасы» деп те аталады. Бүкіл Орталық Азиядағы теңдессіз ғимарат әлі де Бұхара қаласына әдемі тарихи сипат беріп тұр.

Тарихи тәпсір

Ғылыми деректерге қарағанда «Тәңірі» ұғымы алғаш рет Ғұн елін сипаттауға арналған қытай жазбаларында мынадай түрде 撑犁: «匈奴谓天为撑犁»: «Хуннулар Тяньді (天 – бұл қытайша көк аспан немесе көк жүзі) Тәңірі деп атайды» кездеседі.

Көне түркі жазбаларында және көне түріктерге қатысты қытай жылнамаларында шығыстағы және солтүстіктегі көшпелі халықтардың бас құдайларының бірі «Бат тәңірі» аталады. Мысалы, Чжоушу (Чжоу патшалығы кітабы) жылнамасында «Үтікен тауының бауырында Бат Тәңірі деген тау бар. Түріктің құрметті адамдары оған жиналып Тәңіріге тәу етеді» делінеді.

Ортағасырлық түркі халықтарында, соның ішінде көк түріктердің өз ішінде мемлекеттік билік иесі Қаған әулеттері өз билігінің көзі Тәңірі деп есептейтіні сына жазулар мәтіндерінен анық көрінеді. Мысалы, Білге қаған жазуы былай басталады «Теңрі тег теңріде болмыш Білге қаған бұ өдке олуртім», яғни Тәңірінің бұйрығымен мен Білге қаған бұл таққа отырдым. Күлтегін батыр жыры «Жоғарыда Көк Тәңірі, төменде Қара жер жаралғанда, екі арасында кісі оғлы жаралған екен» деп басталады. Бұдан шығатын қорытынды біреу – ел билігі Тәңірінің рұқсатымен ғана болмақ, Құт иесі болу ол да Тәңірінің ісі (Өмірәлиев, 1985: 65-66).

Махмұт ал-Кашғари жазуынша

Тәңірі бүкіл өсімдік атаулыны жаратушы және жай (нажағай) шақырушы. Түркі тілдес халықтар «тәңірі» сөзін көк аспан, шексіздік, жаратушы, өте биік ұғымдарының синонимі ретінде қолданады. Осыған байланысты топонимиялық атаулар Орталық Азия аумағында баршылық, соның бірі қазақ жеріндегі Хан Тәңірі шыңы. Әлішер Навои XV ғасырда жаратылыстың ең жоғарғы принципін сипаттағанда Тәңірі сөзін қолданады (Навои, 1986).

Нәтижелер

Сонымен «Тәңірі» ұғымы жалпы Орталық Азиялық дүниетаным теориясының өзегі десек болады. Тәңірі кереметінің басты нәтижесі – табиғат және адам жаратылысы. Тәңірі біздің қазіргі түсінігімізде Құдай, немесе Аллаһ, сонымен бірге ол толып жатқан екінші қатарлы жаратылыс туралы түсініктердің қайнар көзі. Соның бірі біз осы әңгімемізді арнап отырған Бап тәңірі (Бах таңара, Бат тәңірі) Орталық Азия түркілері пантеонында Бас Құдай немесе Бір Тәңіріден кейінгі екінші қатардағы тәңірілердің қатарында тұр. Бап тәңірі алдымен арнап қасиетті жерлерде, көбінесе, сақ-скиф заманында Қара теңіз бойында пайда болған сынтастарға және ғұндар туралы қытай жазбаларына қарасақ, елдің жиналатын қасиетті орындарында, биік таулардың басында арнайы қойылатын тас және ағаш балбалдар мен құрбан шалу орындары.

Екіншіден, бап Тәңіріден кейінгі қатардағы жаратушыларға арнап қойылған белгілерге қатысты атау. Мысалы, қазақ даласындағы сынтастардың біразы белгілі бір адамның жерленген жеріне емес, Тәңіріден кейінгі орындағы Байана т.б. құдайларға арнап қойылған.

Үшіншіден, біздің ойымызша, бап тотемдер, яғни киетектерге байланысты рухани түсініктерге қатысты қолданылады. Көне дәуір – табиғат пен адам арасы ашылмаған, бір-біріне жауықпаған, адамның өзін тіршілік патшасы есебінде сезінбеген кезеңі. Сол себепті жаныңызда қатар, көрші жүрген әр аң, әр құс сіздің түсінігіңізде кие иесі. Мысалы, сіз үңгірдің маңында ұшып-қонып жүрген қарғаның айлалы құс екенін, сонымен бірге көп жасайтынын байқадыңыз. Оның үстіне ол әртүрлі қауіп-қатер туралы сізге уақытылы хабар беріп отырады. Ендеше ол киетек болуға лайық құс т.б.

Төртіншіден, Бап сөзі о дүниеге аттанған ағайын-туыс, жолдас-жораларыңыздың рухына арнап жасалған сынтастарға қатысты қолданылады.

Олардың фәни тіршілігі аяқталды, олар бақиға аттанды, бірақ рухы сіздің қасыңызда жүр. Оны «аруақ» деп атайды.

Біздің түсінігімізше, бұл кеңістікте иесіз қалған адам энергиясы. Ол сізге жақтассын десеңіз құрмет көрсетіңіз. Ендеше оған да тастан, не ағаштан бап жасау керек. Славян жылнамаларында ерте көшпелілердің тас балбалдарының «каменная баба» атымен енуі, біз балбал деп жүрген сынтастардың әуел баста «бап» атанғанының дәлелі.

Міне, осы Тәңіріге, Байана және басқа құдайларға, киетектер мен аруақтарға қойылған ағаштан және тастан жасалған бейнелер Бап атанған. Бұлардың ең көп кездесетін жері пайғамбарлар (Ыдырыс, Юша, Қызыр ата т.б.) мекені болған Сайрам, екінші көп кездесетін жері бүкіл Орталық Азия қалаларының, мемлекеттерінің арғы атасы Түркістан – Яссы. Баптардың көп жиналған жері, ертерек заманда тәңіршілдік, соның ішінде тотемдік ғұрыптардың орталығы болған Арыстан бап. Ал ең үлкен баптың орнаған жері – Қарамұрт.



Сур. Арыстан Бап кесенесі
Fig. Mausoleum of Arystan Bab

Қорытынды

Сонымен қорыта келсек, Бап Тәңірі Орталық Азияның ежелгі руханият тарихында ерекше орын алатын құбылыс. Біздің зерттеу жұмысымыз әуел баста Тәңірі түсінігі Орталық Азия халықтары үшін ортақ болғанын және оның қалыптасу барысы бірнеше сатыдан өткенін көрсетеді. Бірақ бұл түсінік өзіне дейінгі әдет-ғұрыптарға негізделгендіктен ата-баба культі сияқты ғұрыптар да тәңірімен бірге қатар өмір сүрген. Бірте-бірте тәңірі ұғымының күшеюіне байланысты әдет-ғұрыпқа негізделген культтер екінші қатарлы тәңірілер түсінігін қалыптастырған. Осылайша ата-баба түсінігі Бап Тәңірі атағына ие болған және көп замандар адамзат баласын Бір Тәңірімен

байланыстырып келген дүниетанымдық түсініктердің өзегіне айналған.

Тарихи зерттеушілік тұрғысынан келсек, Бап ескерткіштері (Арыстан бап т.б.) қазақ халқының және де өзге Орта Азия түркілерінің әдет-ғұрыпқа негізделген түсініктерін ғана ашып қоймайды, сонымен бірге мұсылмандану процесін ашып бере алатын дерек көзі. «Арыстан бап құрманың сүйегін тілінің астында 400 жыл сақтап Ахмет Йассауиге берді» деген тәмсіл біздің ислам дінін Бап Тәңірі арқылы қабылдағанымызды көрсетеді. Бұл ғажап симбиоз қазақ арасында әлі де жақсы сақталған. Біздің ата-бабаларымыз ислам дініне Бап Тәңірі арқылы келді және ол түсініктер қазақ исламының негізгі этникалық ерекшелігі болып табылады.

Әдебиеттер

1. Валиханов Ч.Ч. Следы шаманства у киргизов//Собрание сочинений в пяти томах. Алма-Ата, Главная редакция казахской советской энциклопедии, 1985, Т.4, с. 48-70.
2. Навои А. Хамса, Ташкент, Фан, 1986, I: XIV.
3. Өмірәлиев Қ. VIII-XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. Алматы; Мектеп, 1985, б.65-66.
4. Пекарский Э.К. Словарь якутского языка. Т.1-3. М., Академия наук СССР, 1959.
5. Плетнева С.А. Половецкие каменные изваяния. М.,Наука,1974, 200 с., 83 табл. (Свод археологических источников. Вып. Е4-2).

References

1. Valihanov Ch.Ch. Sledy shamanstva u kirgizov // Sbranie sochineni v pyti tomah [Traces of shamanism among the Kirghiz]. Alma-Ata, Glavnaia redaksia kazahskoi sovetskoi ensiklopedii, 1985, T.4, s. 48-70 [in Russian]
2. Navoi A. Hamsa, Tashkent, Fan, 1986, I: XIV [in Russian]
3. Omiraliev K. VIII-XII Gasyrlardagy kone turkı adebi eskertkishteri [Ancient Turkic literature of VIII-XII cc.]. Almaty; Mektep, 1985, b.65-66 [in Kazakh]
4. Pekarskii E.K. Slovar' iakutskogo yazyka [Dictionary of Yakut language]. T.1-3. M., Akademia nauk SSSR, 1959. [in Russian]
5. Pletneva S.A. Poloveskie kamennye izvaiania [Polovtsian stone sculptures]. M., Nauka,1974, 200 s., 83 tabl. (Svod arheologicheskikh istochnikov. Vyp. E4-2). [in Russian]

Артықбаев Ж.О.¹

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Астана, Казахстан
e-mail: socantropology@mail.ru

«БАП ТЕНГРИ» – ПАМЯТНИК ДУХОВНОСТИ И МИРОВОЗЗРЕНИЯ НАРОДОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

Аннотация. В статье на основе научных данных анализируется феномен «Бап Тенгри» в пантеоне среднеазиатских тюрков.

Понятие «Бап Тенгри» сформировалось тысячи лет назад и сохранилось до нашего времени в связи с особенностями распространения ислама на казахских землях. Изваяния не только раскрывают представления казахского народа и других среднеазиатских тюрков, основанные на обычаях, но и являются основным источником информации, способным раскрыть процесс исламизации. В данной статье на научной основе исследуется проблема загадочного явления «Бап Тенгри» в историографии. Было проведено обширное исследование на основе методологии, структурной антропологии и имеющихся данных на языке саха, казахском и русском языках. В статье на основе тюркских языков через словари сравнивались этнографические материалы народов Средней Азии и этнографические материалы, собранные у представителей разных этнических групп.

Ключевые слова: Бап Тенгри, тюрки, Тенгри, памятники, народы Средней Азии.

Для цитирования: Артықбаев Ж.О. "Бап тенгри" - памятник духовности и мировоззрения народов Центральной Азии // Мәдени мұра. 2023. №4 (103). 6-14 с.(рус.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2023.v16.i4.01>

Artykbayev ZH.O.¹

¹Eurasian National University named after L.N. Gumilyov
Astana, Kazakhstan
e-mail: socantropology@mail.ru

"BAP TENGRI" IS A MONUMENT TO THE SPIRITUALITY AND WORLDVIEW OF THE PEOPLES OF CENTRAL ASIA

Abstract. The article analyzes the phenomenon of "Bap Tengri" in the pantheon of Central Asian Turks on the basis of scientific data.

The concept of "Bap Tengri" was formed thousands of years ago and has survived to our time due to the peculiarities of the spread of Islam in the Kazakh lands. Idols not only reveal the ideas of the Kazakh people and other Central Asian Turks based on customs, but also are the main source of information capable of revealing the process of Islamization. This article examines the problem of the mysterious phenomenon of "Bap Tengri" in historiography on

a scientific basis. An extensive study was conducted based on methodology, structural anthropology and available data in the Sakha language, Kazakh and Russian. The article compared ethnographic materials of the peoples of Central Asia and ethnographic materials collected from representatives of different ethnic groups based on Turkic languages through dictionaries.

Keywords: Bap Tengri, Turks, Tengri, monuments, peoples of Central Asia.

For citation: Artykbayev Zh.O. "Bap tengri" is a monument to the spirituality and worldview of the peoples of Central Asia // Madeni mura. 2023. №4 (103). 6-14 p. (eng.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2023.v16.i4.01>

Автор туралы мәлімет:

Артықбаев Ж.О., тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5020-9361>

Scopus ID: 57192662156

Сведения об авторе:

Артықбаев Ж.О., доктор исторических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5020-9361>

Scopus ID: 57192662156

Information about the author:

Artykbayev Zh.O., Doctor of historical sciences, professor, Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, Astana, Kazakhstan.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5020-9361>

Scopus ID: 57192662156

Ибадуллаева З.Ө.¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ., Қазақстан
e-mail: ibadullaeva.72@mail.ru

ҚАЗАҚ ЭТНОМӘДЕНИЕТІНІҢ БЕЛГІЛЕР ЖҮЙЕСІНДЕГІ "СҮЙЕК" ҰҒЫМЫНЫҢ ОРНЫ

Аңдатпа. Қазақ этнографиясындағы «сүйек» ұғымы көп қырлы құбылысты қамтиды. Қазақта сүйекті қадірлеу, қастерлеу салты ерте замандардан қалыптасқан. Сүйектің өзіндік болмыс-бітімі әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерде, қолөнерде, халықтық емдеу тәсілдерінде және ұлттық ойындарда даралануы табиғат пен халық (этнос) арасындағы заңдылық. Мұндай этномәдени ерекшеліктерге мән беріп, оларды жан жақты қарастыра отырып саралау ғылыми мақаланың барысында орын алды. Мақаланың да басты мақсаты – «сүйек» ұғымының қазақ этномәдениетінде алатын орнын, оның зерттелу мәселелері мен қазақ этномәдениетіндегі белгілік жүйелеріндегі рөлін, атап айтқанда сүйек ұғымының ата-тек, шығу тегі мәселесімен байланыстылығын, жан-жануарлар сүйектерінің фетиштік сенімдегі орны мен сүйек атаулыға қатысты әдет-ғұрыптар мен наным-сенімдердің семантикалық мән-мағынасын саралау болып табылады.

Мақаланы жазу барысында қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріндегі, сондай-ақ тектік, болмыстық белгілер жүйесіндегі сүйектің орнын XIX ғасырдың екінші жартысы мен бүгінгі ел арасындағы қазақи болмыстағы әртүрлі белгілермен салыстырыла отырып, зерттеу еңбектерімен байланыстырылып зерделенеді.

Қазақи болмыстағы «сүйек» ұғымы этномәдениеттің тұтас бейнесі мен ерекшелігін құрайтын, сондай-ақ оның ішкі құрылымдары мен қызметтік аясындағы өзара байланыстары, соның ішінде әдет-ғұрып, салт-дәстүр, наным-сенімдер жүйесі мен қолөнер мәселелерінде алатын орны қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің бірден-бір символы болып табылады.

Кілт сөздер: этнос, «сүйек», этнография, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, «сүйек жаңғырту», «сүйек шатыс».

Дәйексөз үшін: Ибадуллаева З.Ө. Қазақ этномәдениетінің белгілер жүйесіндегі "сүйек" ұғымының орны // Мәдени мұра. 2023. №4 (103). 15-26 б.(қаз.)

DOI:<https://doi.org/10.47500/2023.v16.i4.02>

Кіріспе

«Сүйек» ұғымының қазақ этномәдениеті белгілер жүйесіндегі этнографиялық мәнін ашу үшін, ең алдымен «сүйек» атауына және «сүйек» сөзінің шығу төркініне мән берген жөн. Сүйекті – зат, әрі ол адам мен хайуанаттар денесінің қаңқасы ретінде білеміз. Қазақи дүниетанымда сүйекке қатысты әртүрлі сөз тіркестері мен кәсіп иелері де аталған. Тіліміздегі «сай-сүйек», «сүйек-саяқ» қазақ халқының тұрмысындағы бұйымдарға сүйектен бедерлеп ою-өрнек салу, халқымыздың ертеден келе жатқан көркем өнерінің бір түрі. Сүйектен ойып өрнек салушылар «сүйекші», «шебер» аталды. Сүйекпен ағаш бұйымдардың бетін, аттың ертұрманын, ат әбзелдерін, сондай-ақ музыкалық аспаптардың бетін безендірді.

Қазақ халқында сүйекті қадірлеу, қастерлеу салты ерте замандардан қалыптасқан. Сондықтан бақи дүниеге сапар шеккен адамның мәйітін туған жеріне, кіндік қаны тамған жерге әкеліп жерлегенді жөн көрген. Жаугершілікте қаза болған жауынгерлердің сүйегін «қорлайды» деп жат жерде қалдырмай, мәйітін киізбен орап, туған жердің топырағына әкеліп қоятын рәсім болған. Төтенше жағдай туып, сүйекті түгел әкеле алмаса, бір саусағының сүйегін алып келген (Шокпарұлы, 2007: 28). Сол сияқты қариялар жөн сұрасқанда бір-бірінен «сүйегің кім?» – деп сұраған. Көңіл жақын, жекжат адамдар кейінгі ұрпақ суысып кетпесін деп, бір-бірімен қыз алысып, қыз беріп отырған. Оны «сүйек жаңғырту» деп атаған.

Қаза болған адамның мәйітін, яғни адам сүйегін жер-бесікке тапсырар алдында жаназасын шығармай тұрып, тазалап жуындырады. Осы рәсімді «сүйекке кіру», «арулау» деп атайды.

Оны марқұмның тірі кезінде бірге жүріп, біте қайнасқан жақын жолдас-жоралары мен жанашыр ағайын-туыстары атқарады. Осыны «сүйекке түсу» деп атайды. Сондай-ақ ел ішінде ерсі, оғаш қылығымен көзге түсіп, жұртын ұятқа қалдырған адамды «сүйекке таңба салды» деп, ел ішінен шеттеткен. Керісінше ел ішінде қадірі бар, жаны жайсаң, ел ішіндегі мейірімділігі мен адамгершілігі бір төбе адамды «сүйегі асыл екен» деп мадақтаған.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің негізгі ұстанымдары бірнеше әдістер арқылы талданды. Бірінші, салыстырмалы-тарихи әдіс: тарихи бірізділікті сақтай отырып, «сүйек» ұғымының қазақ этномәдениетіндегі функциональдық қызметтері және оған қатысты негізгі ғұрыптық іс-әрекеттер мен салт-дәстүрлердің мағынасы және солардың негізінде сүйекке қатысты ерекше этнобелгілер анықталды. Екіншіден, жүйелілік әдісі: сүйекті дәстүрлі дүниетаным және адамның өмір сүру тіршілік циклінде де басты орын алатындығы ретінде қарастыру. Үшіншіден, пәнаралық әдіс: сүйек атауы мен оған қатысты белгілердің қалыптасуына қатысты талдау жасау үшін этнографиямен сабақтас лингвистика, фольклор, археология, дінтану сияқты пәндердің мәліметтері қолданылды. Мақаланың ғылыми жаңалығы – «сүйек» ұғымына қатысты мәліметтерді талдау арқылы қазақ халқының болмыс бітімі мен мәдениетінде сүйек атауының жан-жақты екендігі сараланды. Мақаланың да құндылығы сонда, «сүйек» ұғымы қазақ этномәдениетінің этнобелгілер символын зерттеуде этнографиялық дереккөзі ретінде қарастырылуы.

Қазақтың этнобелгілер жүйесінде «сүйек» атауының алатын орны жан-жақты. Атап айтқанда, қолөнерде, халықтың шығу тегі ұғымында, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарда, қазақи дүниетанымдағы наным-сенімдерді, ұлттық ойындардағы орнын анықтау сұранып тұрған мәліметтер қатарында жүйеленеді. Осы орайда Кеңес дәуіріне дейінгі П.С. Паллас, И.Г. Георги, А.И. Андреев, А.И. Левшиннің зерттеулері (Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российской империи; Георги И.Г. Описание всех обитающих в Российском государстве народов, их житейских обрядов, обыкновения, одежда, жилищ, упражнения, забав, вероисповеданий и других достопамятностей; Андреев И.Г. Описание Средней Орды киргиз-кайсаков; Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей) құраған еңбектер (Қазақ этнографиясының кітапханасы, 2007) негізінде белгілі болды (Арғынбаев, 1987).

XX ғасырдың 60-шы жылдарындағы этнографиялық зерттеу еңбектерде қазақ халқының ежелгі мәдениеті, дүниетанымы, материалдық мәдениеті сияқты мәліметтерді қамтыған бірқатар зерттеулер болды. Олардың қатарында Х.Арғынбаев (Арғынбаев, 1987.) «Қазақ халқының қолөнері» деп аталатын еңбегінде киіз үйдің сүйегі, оның жасау-жабдығы мен түрлеріне тоқтала отырып, ағаш ұқсату, темір, тері ұқсату мен сүйек және мүйіз ұқсатудың қыр-сыры мен технологиясына, сондай-ақ олардан өңделген қолөнер бұйымдарының әрқайсысына сипаттама берген. М. Мұқанов (Мұқанов, 1974), олардан бұрынырақ зерттеу жұмысын тікелей археологиялық және этнографиялық сипатта жүргізген академик Ә.

Марғұланның 90 жылдары баспадан жарық көрген «Казахское народное прикладное искусство» деп аталатын иллюстрациялы еңбегінде ең алғаш киіз үйден бастап, бүкіл қазақ болмысының материалдық мәдениетін білдіретін белгілер түгелдей қамтылды. Еңбастысы, қазақ қолөнеріндегі сүйектің орны, атап айтқанда сүйектелген бұйымдар да жан-жақты көрсетілді (Марғұлан, 1994), сондай-ақ 70 – 80 жылдары қазақтың тұрмыс-тіршілігінің жай-күйін этнографиялық тұрғыда сипаттаған қоғам қайраткері, әрі этнограф мәдениеттанушы ғалым Ө. Жәнібеков (Жәнібеков, 1992) сынды тұлғалар болды. Бұл атақты ғалымдардың дәстүрлі мәдениеттің жан-жақтылығы жөніндегі еңбектері ең шоқтығы биік еңбектер қатарынан саналады.

Сондай-ақ қазақтың сүйек ұқсату өнері туралы мәліметтерді қамтыған тағы бір зерттеу еңбекте (Қасиманов, 1992) де қазақ қолөнеріндегі сүйектің орны туралы мәліметтерге кездесеміз. Ал қазақ қолөнеріндегі сүйектің орнын көрсетуде ең шоқтығы биік саналған еңбектер қатарынан Д. Шоқпарұлының «Қазақтың қолданбалы өнері» (Шоқпарұлы, 2007) деп аталатын еңбегінен біз жалпы сүйек атауы, оған қатысты наным-сенімдер мен сүйектен жасалған бұйымдардың әрқайсысына тоқтала отырып, олардың бүгінгі күнде өмірлік практикалық қолданыстан шығып қалғандығын жан-жақты жазған көлемді еңбек екендігін аңғарамыз.

Қазақтың халық медицинасының астарында «бақсылықтың» орын алатындығы және бақсылық туралы жан-жақты мәлімет бере отырып, ауруды малдың бас сүйегіне көшіру туралы жазған еңбекті (Төлеубаев, 2005) атауға болады. Зерттеуші этнограф еңбегіндегі құнды пікірлер бақсылардың

емдеу әдісіндегі бақсының сарыны, төрт түліктің орны, сондай-ақ бас сүйекке көшіру сияқты жоралғылар мен олардың ерекшеліктері де ел арасынан жиналған этнографиялық материалдар мен жазба деректер негізінде зерттелген.

Сүйекке қатысты салт-дәстүрлер, атап айтқанда отбасылық некелік қатынастардағы, бала тәрбиесіндегі, өлікті жөнелту мен еске түсіруге қатысты төрт түліктің дене мүшелері саналған жілік сүйектердің орны, сондай-ақ олардың фетиштік маңызы туралы мәліметтеріне қатысты жан-жақты зерттеу жүргізген еңбек (Сейткулова, 2006) мақала жазу барысында қолданылды.

Сүйек атауына қатысты, сондай-ақ сүйектің ру-тайпаның негізі екендігін түркі халықтарының байырғы дүниетанымымен байланыстыра зерттеген Д. Ескекбаевтың (Ескекбаев, 2001) зерттеуі құраса, жалпы қазақ ұғымында табақ тартудағы сүйектердің, яғни жіліктердің орны туралы мәліметтер мен қазақи ортадағы кәделі жіліктер саналған: атап айтқанда «бас», «омыртқа», «жамбас», «жауырын», «қары жілік» т.б. өзіндік функциясы мен әлеуметтік ортаға сай икемделуі туралы мәліметтерге Д. Қатран (Қатран, 2001) еңбегі арқау болады.

Нәтижелер мен талқылаулар

Әдетте қазақ ұғымында тайпа, ел, ру жақындастық түсініктерін де «сүйек», «сүйектес», «бір сүйектен» деген атаулармен айтқан. Мұндай жақындастық, туыстық қарым-қатынастағы түсінік басқа түркі халықтарында да кездесетіндігін ғылыми зерттеулер айғақтайды. Мәселен, бұл туралы зерттеуші этнограф Д. Ескекбаевтың зерттеуінде де жан-жақты қарастырылған. Мәселен, бір халықтың

құрамындағы тайпаларды сүйек деп атай отырып, XIX ғасырдың соңына таман Орталық Алтайда бірінші және екінші Шуболыстары құрылып, сондағы халықтардың 85-90 пайызы алмат, телес, орғаншы, сағал, көбек, қыпшақ, абақ, моғол т.б. ру тайпалары құраған. Хакас руларының көпшілігін қырғыс, ойрат, қалмақ сүйектері құрайды деп келтіреді (Ескекбаев, 2001: 222).

Қазіргі алтай халқының құрамында көптеген түркі руларының аттары кездеседі. Олар бүгінде түркі халықтары құрамында жүрген рулармен ерте кезде туыс болған. Дәл осы жағдайды аңғартатын аңыз алтайлықтар арасында да сақталыпты. Алтайлық (сүйегі қыпшақ) Көшербай деген кісі бір аңызды айтып берді дейді, өз зерттеуінде академик Р. Бердібаев. Бір заманда қазақ пен алтайлық бірге туған ағайын екен. Күндердің күнінде олар көк биенің сүтіне өкпелесіп, бір-бірінен ажырасыпты. Содан қазақ биесін жетелеп далаға кетіпті, алтайлық мылтығын алып, аңшылық құрып тауда қалып қойыпты. Бұл аңызда көп ақиқат жатқанын қазіргі алтайлық ел ішінде сақталған ру аттары сипаттайды. Бұл рудың біразы қазақ, өзбек, ноғай, қарақалпақ, қырғыз құрамында осы күнге дейін кездесіп отырады. Жеке адамдардың өз аузынан сұрап отырып, бірталай ру (сүйек) аттарын анықтаған (Бердібай, 1997: 66). Олар: қыпшақ, найман, жетісары, далмат, мұңдыз, көбек, жүз, меркіт, төлеңгіт, тассақал, мерет, тоңжан, еркіт, күзен, ара, ошы, төлес, алмат, тодош, кергіл, үйліп, чапты, ұранғай, төлеуіт, сағал, комдош, баят, орғаншы т.б. рулар, яғни сүйек атаулары (Бердібай, 1997: 67).

Сүйек (соок) адам жанының тектілігін білдіреді. Сондықтан да ол «ру» немесе «тек» мағынасында, сүйек

негізін немесе қанын білдіреді. Мәселен, аяғы ауыр әйелдер «ікі сооктіг» – екі сүйекті иеленуші, өз руы мен баласының әкесінің руын иеленуші аталды. Егер де ол ауыру адамның немесе қайтыс болған адамның үйіне кездейсоқ кірсе, онда оны пәле-жала жайлап, ол (пулайсып) ауырып қалады. Ол туралы асыл текті адам түс көріп, оның болашағы туралы жорып, емделуіне көмек беретін жағдайлар да кездеседі.

Ширақ адамдар «ниик сооктіг» деген ат алып, жеңіл сүйектілер аталса, «ниик чулліг» – делсал болу ұғымын білдірді. Текті және жеңіл сүйектілердің тегін айыра білетін адамдар «ызых кізі» – қасиетті адам аталды.

Саян түріктері арасында «ауыр текті» адамдар да кездеседі. Оларды «аар сооктіг» немесе «аар чулліг» деп атады (Бутанаев, 2005: 92-93). Егер ондай адам ауру адамның үйіне кірсе, онда науқастың халі одан бетер мүшкілденеді. Сондықтан мұндай адам киіз үйден шыққаннан кейін, науқасты ер адам көйлегімен, «Аарын чулін тартына пар» – «ауырлығын өзімен ала кетсін», – деп желпіген.

Тылсым күші жоқ қарапайым адамдарды «пуртах сооктіг» – таза сүйектен емес деп атаған. Саян түріктерінің түсінігінше, адам қайтыс болғаннан кейін оның сүйегі ауырлайды, сондықтан зират басына марқұмды әкелген ат қатты шаршайды. Сол үшін де марқұмды жерлегеннен кейін, ол атты жылдық демалысқа «хурға» жіберетін болған. Ол қазақи дүниетанымдағы «тұл ат» түсінігімен байланысты. Мүмкін осы ат оның жылдық асына сойылатын болу керек.

Алтай тілінде тайпа ұғымы – ел, уық; ел, халық – қауым – ұлыс, дуан; ру, ұрпақ – сүйек деп аталады.

Тува тілінде де халық – ұлыс, чон;

тайпа – аймақ, сүйек; ру, ұрпақ – уық, ызығуыр түрінде кездеседі.

Г.П. Потанин алтайлықтар туралы: «Әрбір рудың өз ата-тегінің атымен келе жатқан атауы бар, әдетте, бір рудың барлық мүшелері, тіпті олар бірін-бірі танымаса да, ағайын, туыс болып саналады, сондықтан өз руынан әйел ала алмайды. Сырттан келгендер бір-бірімен кездескенде өзара қоятын сұрағы қай соектен, яғни сүйектен шыққандығы, – қойылады. Егер олар бір сүйектен болып шықса, онда туысқандық жүйе жалғасып, бір-біріне көмектесу, өзара зат айырбасы және кез келген сұраусыз-ақ ешқандай да өтінішсіз де заттарын бір-біріне сыйлауға дейін барған», – деген (Потанин, 2007: 13) мәліметтерді кездестіреміз. Бұдан байқайтынымыз «бір сүйектен тарау», «сүйектес» деген ұғымның ағайындық пен бауырмалдылықта үлесі зор болған.

Сүйек этнографиялық деректер бойынша ритуалдық (ғұрыптық) дәстүрлі әрекеттердің негізгі субъектісі болып табылады. Әдетте, барлық әдет-ғұрыптық жиындарды атқаратын жеке адамдар емес, жалпы көпшілік екендігін қазіргі қазақ қоғамынан да байқау қиын емес. Рулық қауымдастықта кездесетін «біз» және «басқалар» деп экзогамдық аралық шек қою, өздерінің таным-түсінігін өзгелерден жоғары санап, ерекше үстем пиғылда болуын табиғи үндестікпен байланыстыру құбылысы алтай халықтарында қауымдық ерекшеліктің дүние таным заңдылықтарын түсінуде өз руларының жетістіктеріне баса көңіл бөліп, жетістіктерін ерекше бағалаған.

Ежелгі түрік дәуірінен бізге белгілі қыз беру, құда болу дәстүрі хакастарда В.Я. Бутанаевтың айтуы бойынша «сүйек нандырушы» «возврат сеока», яғни қазақша айтқанда сүйек жаңғырту.

Мәселен, «бұрыт сүйегінен шыққан қыз қырғыс сүйегінен шыққан, яғни өз анасына жақын руға шығуға тиісті болды. Мұндай некелік байланыс түптілікті және сенімді болып ең бастысы тектілік, атақ және байлық басқаға кетпей өздерінде қалатын».

Дәстүрлі қазақ қоғамында белгілі бір ру адамдарын сыртқы белгісіне қарап та айыруға болатын. Әрбір сүйектің (рудың) өзіне тән киім үлгілеріне, ат әбзелдеріндегі немесе жан торсықтарындағы өрнек, таңбаларына қарап-ақ олардың қай сүйектен екендігін ажырата алатын. Оңтүстік Сібір және Алтай түркілеріне кеңінен тараған үрдіс желісі XIX ғ. тарихи деректерінде молынан ұшырасады.

Кейбір Алтай рулары өздерінің түбін, яғни шығу тегін аң-құстармен байланыстырады. Қуу (лебедь), аңг (зверь), айу (медведь). Мәселен, «дуэт» руы өздерінің шығу тегін қойдан басталды десе, «дэртас» руы шығу тегін ақ басты сұңқармен, ал «кергиль» руы өгізбен байланыстырады. «Меркит» руы өздерін бүркіттен таратып, киіз үйлерге бүркіт тырнақтарын іліп қойып сақтаған. Сол сияқты «абыр» руы аңыз бойынша бір кездері өздерінің руластарын құтқарған бүркіт деген сеніммен бүркітті өлтірмейтін болған. Кейбір тува және алтай рулары өздерін аққудан тарағанбыз деген сенімде болған (Бердібай, 1997:69).

Қазақ халқының этномәдениет белгілер жүйесінде сүйекке қатысты салт-дәстүрлердің орны айрықша. Ол салттардың ұрпақ тәрбиесіндегі орны ерекше саналған.

Сүйек жаңғырту – қазақ дәстүрі. Халық дәстүріне сәйкес «сүйек жаңғырту», «сүйек шатыс» деген сөздер жиі кездеседі. Бұл да үйлену, құдандалық жолына байланысты

шыққан ғұрып. Бұрын құдандалы болып, бірімен-бірі сыйласқан екі жақ, екі ру бұрынғы іліктілікті, байланысты қайта жалғастыратын болса, оны «сүйек жаңғырту» деп атайды. Яғни, бұл бұрынғы үзілген құдалық қайта жалғасады деген ұғым. Жалпы қазақ рулары бұрын-соңды құдалық салтты бұзбай, қыз алуды немесе қыз беруді үнемі қадағалап, кей жағдайларда еске салып отырған. Қанаттас, қоныстас отырған екі елдің бұл қарым-қатынасы елдің тұтастығы мен бірлігіне, әлеуметтік жағына да қатысты болған (Кенжеахметұлы, 2002: 221). Түркістан өңіріндегі ел арасындағы этнографиялық мәліметтер бойынша, информатордың айтуынша, «XX ғасырдың 50-жылдарында қайтыс болған анасының орнына әкесі екінші рет неке құрып, өгей шешені өз анасындай көргендігін баяндайды. Алайда, өгей шешесін өзінің туған анасындай көріп құрметтегендігін тілге тиек етеді. Ендігі аралықта осы екінші анасының төркінімен туыстық байланыс үзілмесін (себебі, өгей анасы өмірге ұрпақ әкелмеген болатын), ұрпақ сабақтассын, – деген ниетпен арада 30-35 жыл өткенде екі ұрпақ бір-бірімен суысып кетпесін деп, өгей анасы атанған екінші шешесі өзінің төркін жағы саналған еліндегі жігіттің біріне баласының қызын беруге келіседі. Бұл рәсім, жоралғыны өздері «сүйек жаңғырту» рәсімі деп атаған. Бүгінде ол екі жас 50 жас шамасындағы 5 ұл-қыз тәрбиелеп отырған үлгілі отбасылардың бірі. Әдетте мұндай жоралғы туысқандық, тамырластық мәселе ұзап кеткенде, ұрпақ аралық сабақтастық сақталсын деген ниетпен жасалатын болған. Бұл рәсім ел арасында бір-бірімен қыз алысып, қыз берісіп құдандалы жекжат туыстыққа негізделген, әрі екі елдің

дәнекері ретінде де «сүйек шатыс» деп те аталған.

Сүйекке түсу немесе сүйекке кіру – деп қайтыс болған кісіні ақ жауып арулауды атайды. Бұған сүйекті жуудың жөнін білетін аруақтың өзі қатарлы адамдары кіреді. Сүйегіне кіретін адамдарды марқұмның өзі де айтып кетуі мүмкін. Бұған шарифат заңы бойынша әр рудан (атадан, ата ұлынан) бес не жеті кісі түседі. Олардың міндеті өмірден өткен мәйітті, яғни сүйекті жуып, тазарту. Бұдан кейін марқұм әйел болса бес қабат, еркек болса үш қабат ақ матаға – ақиретке оралады.

Мәйітті жерлеудің алғашқы дайындықтарының жосын-жоралғысының бірі – «ғұсылдандыру» немесе «сүйекке түсу» болып табылады. Өлікті жуу көбінесе «сүйекке түсу», «сүйекке кіру» деп те аталады. Сүйекке кіретін адамдарды марқұм көреген болса, алдын ала белгілеп кетеді, әйтпесе оның жанашыр туыстары не басы-қасында жүрген молда белгілейді.

Ол бойынша жаназаға шақырылған адамдардан басты-басты адамдар, қожа-молдалардың (қазақ рулары басым мекен ететін орталарда қожа руынан 2-3 шаңырақ орын алғандығы ескерілген) бас-аяғы жиналып болған соң, марқұм болған кісінің жақын тумаластары ақылдасып, 5-7 атаның ұрпағынан бір-бір адамның сүйекке түсуін сұрайды (Арғынбаев, 1996: 41).

Сүйекке кіретін адамдардың саны 70-80 жылдары Алматы облысында 7-ге дейін жетсе, қазіргі кезеңде көбінде 5 адамнан артылмайды. Ал Қарақалпақстаннан келген қазақтарда оның саны көбіне ағайын-туғанның көп-аздығына байланысты 9-ға дейін жететін. Яғни, сүйекке әр атадан бір-бір адам кіретін болу керек. Талғар ауданындағы Нұра ауылының тұрғыны Сатыпалды

лицом к лицу. Победивший борец вознаграждался. Участие борцов в свадьбе упоминается и в творчестве А. Велиева: «На свадьбах того времени борцы держали пояса, доставляли радость присутствующим. На свадьбе Мешади Фируза несколько беков заявили, что приведут с собой борца Али, известного и могущественного силача того времени» (Vəliyev, 1976: 293).

Как и в других регионах Азербайджана, в Карабахе, при смерти кого-то из близких родственников обрученных парня и девушки свадьбу не проводили до сороковин или даже годовщины покойного, если тот оказывался молодым. Обычаи народа требовали этого. Нарушение данного правила считалось неуважением как к родственникам и близким умершего, так и к народным традициям. Данная традиция упоминается и в произведениях писателя: «За день до воскресенья свекра богатой сестры ударила молния на летнем пастбище – яйлаге. Таким образом, свадьба Абдула была отложена. По обычаю и традиции следовало подождать минимум сорок дней, или дотерпеть, пока закончится черный праздник» (Vəliyev, 1976: 146). Или: «Халикверди и Салби впервые женили сына и привозили невесту домой. Для этого они хотели в течение трех дней сыграть свадьбу с музыкой и пением ашугов. Однако черный праздник брата Халикверди все еще не вышел» (Vəliyev, 1971: 460).

Согласно той информации, которую мы собрали среди населения, раньше в Карабахе невесту отвозили в дом жениха на лошади или в повозке, запряженной лошадьми. При этом уздечку или стремя лошади невесты держал брат или двоюродный брат жениха. Сведения

77

во время празднества режут барана, устраивают пиры, жених и невеста мажут руки хной, завешивают занавеску, отгораживающую спальню новобрачных. Через три дня мать приходит к дочери с кастрюлей плова, чтобы препроводить дочку из комнаты. Новобрачные должны были отведать плов из одного блюда» (Vəliyev, 1957: 83).

В творчестве А. Велиева говорилось и о комсомольской свадьбе: «...На комсомольской свадьбе не просили денег, не требовали калым. Невесту не сопровождала йенгя. Дружки жениха, стоя перед занавешенным углом, не препровождали жениха и невестой в спальню. Не был собран шабаш. Родственники и соседи не собирали денег и тем самым не помогали отцу жениха» (Vəliyev, 1977: 450).

По сведениям, полученным нами от старейшин, свадьбы, как правило, не совершались для девушек, переступивших брачный возраст. Считалось, что ее ровесницы издавна уже обзавелись детьми, и в ее возрасте надеть на себя свадебное платье и танцевать в палатке неприлично. Данная тема затрагивается и в произведениях писателя: «Ее сверстницы уже являются матерями четырех-пяти детей. Доколе ее следовало бы держать рядом собой? Ей не везло, никто не хотел жениться на нее. А сейчас ей счастье привалило, вот она и выскочила замуж...

– Почему свадьбу сыграли втайне?

– Какая свадьба! Они, как говорится,

по велению Всевышнего и по закону Пророка, взяли ее под руку и увели» (Vəliyev, 1974: 84).

Кстати, хотя в произведениях писателя нет сведений об обряде кройки и показа нарядов невесты (так называемый обряд «палтаркясди», или «палтарбичди»), этот ритуал совершался на всех азербайджанских свадьбах и совершается до сих пор.

Выводы

Таким образом, из этнографического изучения произведений народного писателя А. Велиева становится ясно, что прозаик являлся художником пера, обладавшим достаточно глубокими и основательными знаниями семейного быта, свадебных обычаев (выбор девушки, смотрины и т. д.), традиций и правил азербайджанского народа, в том числе и населения Карабаха. Он не только мастерством своего пера описал события, связанные со свадьбой, но также проанализировал и осветил упомянутые вопросы как компетентный и многоопытный ученый-этнограф.

Этнографическое исследование произведений автора показало, что свадебные обычаи жителей Карабаха, помимо локальных особенностей, имели характерные черты, присущие ко всему Азербайджану. Это обстоятельство следует оценивать также в качестве неопровержимого доказательства того, что население Карабаха является частью азербайджанских тюрок, а Карабахский регион – уже многие столетия тюркской землей, тюркским краем.

Литература

1. Abdullayev B.A. Haqqın səsi. – Bakı: Azərnəşr, 1989. – 144 s.
2. Əliyev Ə.T. XIX-XX əsrin əvvəllərində Gürcüstan azərbaycanlılarının ailə məişəti (tarixi-etnoqrafik tədqiqat). – Bakı: Elm və təhsil, 2012. – 156 s.

3. Xəlilova F.B. Adət və ənənələr. – Bakı: Gənclik, 1986. – 72 s.
4. Qeybullayev Q.Ə. Azərbaycanlılarda ailə və nikah (XIX əsr və XX əsrin əvvəlləri). Tarixi-etnoqrafik tədqiqat. I hissə. – Bakı: Elm, 1994. – 440 s.
5. Qazax-Ağstafa elləri. Toplayanı, tərtib edəni və redaktoru: Şota Saleh. – Bakı: Sabah, 1995– 134 s.
6. Mustafayev A.N. Şirvanın maddi mədəniyyəti. – Bakı: Elm, 1977. – 157 s.
7. Sarabski H. Köhnə Bakı. – Bakı: Yazıç, 1982. – 253 s.
8. Vəliyev Ə.Q. Seçilmiş əsərləri. İki cildə. I c. – Bakı: Azərnəşr, 1957. – 541 s.
9. Vəliyev Ə.Q. Anaqız (hekayələr). – Bakı: Azərnəşr, 1965. – 334 s.
10. Vəliyev Ə.Q. Zamanın ulduzları (povest və hekayələr). – Bakı: Azərnəşr, 1976. – 454 s.
11. Vəliyev Ə.Q. Budağın xatirələri. – Bakı: Gənclik, 1974. – 646 s.
12. Vəliyev Ə.Q. Qarabağda qalan izlər (roman). – Bakı: Gənclik, 1977. – 332 s.
13. Vəliyev Ə.Q. Qəhrəman (roman). – Bakı: Azərnəşr, 1954. – 373 s.
14. Vəliyev Ə.Q. Turachiya gedən yol (roman). – Bakı: Azərnəşr, 1971. – 471 s.
15. Vəliyev Ə.Q. Seçilmiş əsərləri. Altı cildə. V cild. – Bakı: Azərnəşr, 1965. – 455 s.
16. Vəliyev Ə.Q. Seçilmiş əsərləri. Altı cildə. V cild. – Bakı: Azərnəşr, 1960. – 334 s.
17. Vəliyev Ə.Q. Seçilmiş əsərləri. Altı cildə. VI cild. – Bakı: Azərnəşr, 1971. – 471 s.
18. Vəliyev Ə.Q. Seçilmiş əsərləri. İki cildə. I cild. – Bakı: Azərnəşr, 1957. – 541 s.
19. Vurğun S. Seçilmiş əsərləri. Üç cildə. III cild. – Bakı: Azərnəşr, 1986. – 384 s.

References

1. Abdullaev B.A., 1989. Voice of truth. - Baku: Azerneshr. - 144 p.
2. Aliyev A.T., 2012. Family life of Azerbaijanis in Georgia in the 19th and early 20th centuries (historical and ethnographic research). - Baku: Elm vya tehsil. - 156 s.
3. Khalilova F.B., 1986. Customs and traditions. - Baku: Ganjlik. - 72 s.
4. Geybullaev G.A., 1994. Family and marriage among Azerbaijanis (XIX - early XX centuries). Historical and ethnographic research. Part I. - Baku: Elm. - 440 rub.
5. Gazakh-Agstafa region. 1995. Collector, compiler and editor: Shota Saleh. - Baku: Sabah. - 134 s.
6. Mustafayev A.N., 1977. Material culture of Shirvan. - Baku: Elm. - 157 p.
7. Sarabsky H., 1982. Old Baku. - Baku: Yazychi. - 253 s.
8. Veliev A.G., 1957. Selected works. In two volumes. Volume 1. - Baku: Azerneshr. - 541 p.
9. Veliev A.G., 1965. Anagyz (stories). - Baku: Azerneshr. - 334 p.
10. Veliev A.G., 1976. Stars of time (stories and stories). - Baku: Azerneshr. - 454 s.
11. Veliev A.G., 1974. Memoirs of Budag. - Baku: Ganjlik. - 646 s.
12. Veliev A.G., 1977. Traces left in Karabakh (novel). - Baku: Ganjlik. - 332 s.
13. Veliev A.G., 1954. Gahraman (novel). - Baku: Azerneshr. - 373 p.
14. Veliev A.G., 1971. The road to Turajly (novel). - Baku: Azerneshr. - 471 p.
15. Veliev A.G., 1965. Selected works. In six volumes. Volume 5. - Baku: Azerneshr. - 455 rub.
16. Veliev A.G., 1960. Selected works. In six volumes. Volume 5. - Baku: Azerneshr. - 334 p.

17. Veliev A.G., 1971. Selected works. In six volumes. Volume 6. - Baku: Azerneshr. - 471 p.
18. Veliev A.G., 1957. Selected works. In two volumes. Volume 1. - Baku: Azerneshr. - 541 p.
19. Vurgun S., 1986. Selected works. In three volumes. Volume 3. - Baku: Azerneshr. - 384 p.

Аманова Б.Т.¹

¹Әзірбайжан Ұлттық ғылым академиясы, А.А. Бакиханов атындағы
Тарих және этнология институты
Баку, Әзірбайжан
e-mail: tagiyeva00@bk.ru

ҚАРАБАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҮЙЛЕНУ ТОЙЫ ТУРАЛЫ
(халық жазушысы Әли Велиевтің
шығармалары негізінде)

Аңдатпа. Мақала Әзірбайжан халық жазушысы Ә. Велиевтің көркем шығармашылығы негізінде XX ғасырдың басынан 1970-80 жылдар аралығындағы Қарабақ тұрғындарының неке қию рәсіміне қатысты мәселелер қарастырылған. Қарабақ халқының өмірінің негізгі бөлігі болған қалыңдық немесе қыз таңдау дәстүрі мен үйлену тойының негізгі ерекшеліктері баяндалады. Мақалада қыз ұзату кезінде қалыңдыққа берілетін түрлі сыйлықтар, зергерлік бұйымдар, киім-кешек жиынтықтары туралы ақпарат беріліп, үйлену тойынан кейінгі жаңадан қалыптасқан туыстық байланыстар мен туыстық қарым-қатынасты білдіретін терминдер талданады. Күйеу жігіттің қалыңдық үйіне тарту ететін ақшалай және азық-түлік, ет т.б бағалы сыйлары туралы жан-жақты ақпарат ұсынған.

Кілт сөздер: Қарабақ, Әли Велиев, қыз ұзату, құда түсу, той.

Дәйексөз үшін: Аманова Б. Т. Қарабақ халқының үйлену тойы туралы (халық жазушысы Әли Велиевтің шығармалары негізінде) // Мәдени мұра. 2023. №4 (103). 71-81 б.(қаз.) DOI:<https://doi.org/10.47500/2023.v16.i4.07>

Amanova B.T.¹

¹Institute of History named after A.A. Bakikhanov ANAS
e-mail: tagiyeva00@bk.ru

ABOUT THE WEDDING CEREMONY OF KARABAKH PEOPLE
(based on the works of national writer Ali Veliev)

Abstract. The article is devoted to some issues related to the wedding ceremony of the inhabitants of Karabakh from the beginning of the XX century until the eve of the 1970-80s on the basis of the artistic creativity of the people's

writer A. Veliyev. A special segment of the life of the Karabakh population is traced and recreated here – from the beginning of the bride show or the choice of a girl to the wedding ceremony. The article talks about various gifts, jewelry, sets of clothes given to the bride during the engagement, analyzes newly formed family ties, as well as terms denoting certain relatives. The author examines in detail the ritual of the so-called spending money, as well as food, meat, etc., usually presented by the groom's house to the bride's family. The article provides extensive information about a wedding that lasts several days, the choice of best men for the groom, accompanying him on the left and right, as well as the woman accompanying the newlywed to husband's house, the wrestling competition at the wedding; a specific ritual inherent to the population of Karabakh is explored - the conveyance of the bride by the aksakal on horseback directly to the groom's house. Also covered are Komsomol weddings held on collective and state farms, factories and factories, and in general at large labor enterprises, both in Soviet Azerbaijan as a whole and in its component part - the Karabakh region; in this case, its positive value is noted.

Keywords: Karabakh, Ali Veliyev, bridesmaid, matchmaking, wedding.

For citation: Amanova B.T. About the wedding ceremony of Karabakh people (based on the works of national writer Ali Veliyev) // Madeni mura. 2023. №4 (103). 71-81 p. (eng.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2023.v16.i4.07>

Автор туралы мәлімет:

Аманова Бахар Тофиг қызы, Әзірбайжан Ұлттық ғылым академиясы, А.А. Бакиханов атындағы Тарих институтының «тарихи этнология» бөлімінің аға ғылыми қызметкері, Баку қ., Әзірбайжан.

Сведения об авторе:

Аманова Бахар Тофиг кызы, старший научный сотрудник отдела «Исторической этнологии» Института истории имени А.А. Бакиханова НАНА, г.Баку, Азербайджан.

Information about the author:

Amanova Bahar Tofig kyzy, Senior Researcher, Department of Historical Ethnology, Institute of History named after A.A. Bakikhanov of the National Academy of Sciences of Azerbaijan, Baku, Azerbaijan.

FTAMP 03.09.55

***Оспанова А.К.¹, Шораев Б.К.²**

¹Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі
Астана қ., Қазақстан

²Археология және этнография ғылыми орталығы
Қызылорда қ., Қазақстан

*e-mail: ospanova_akmaral@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНҒА ДЕПОРТАЦИЯЛАНҒАН ҚЫРЫМ ТАТАРЛАРЫНЫҢ ТАРИХЫ: АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде Германиямен саяси байланыста болды деген жалған айыппен, 50-ден астам ұлт Орталық Азия территориясына: Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан аумағына жер аударылып, Сталиндік тоталитарлық саяси жүйенің салдарынан мыңдаған адам жазаланған болатын. Қазақстан тәуелсіздігін алғанға дейін күштеп көшірілген халықтардың тарихы, олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы жабық тақырып болып келді. Тек, XX ғасырдың 90-шы жылдары КСРО ыдырап, республикалар егемендік алған кезеңнен бастап мәжбүрлі қоныс аудару құрбандары туралы тұңғыш рет ғылыми еңбектер жазылып, ғылыми конференцияда ашық талқыланып, құпия болған мұрағат құжаттары ашылып, тарихи тұрғыдан зерттеуге алына бастады. Осындай, күштеп қоныс аудару құрбанына айналған ұлттардың бірі – Қырым татарлары болатын. Ғылыми мақалада Қырым татарларының, оның ішінде болгарлардың, гректердің, армяндардың Қырым түбегінен күштеп қоныс аударту себептері мен салдары қарастырылған. Қоныс аударушылардың Қазақстан аумағына депортацияланғаннан кейінгі әлеуметтік және экономикалық жағдайы, Қазақстан қоғамына бейімделуі туралы тың мәліметтер берілген. Қырым халықтарының жер аударылғанға дейінгі ұлттық құрамы мен көшіп келушілердің нақты саны мұрағат құжаттары негізінде сараланған. Жер аударылған халықтардың соғыстан кейінгі республика экономикасын қалпына келтіруге қосқан үлесі мен күштеп жер аудару саясатының Қазақстанға тигізген зиянды жақтары да жан-жақты талданған. Қырым татарларына құқықтық қолдау көрсету және оларды қалпына келтіру бойынша қабылданған саяси шараларды сараптай келе, қазіргі заманғы мәдени орталықтары туралы толық ақпарат ұсынылған.

Кілт сөздер: Депортация, Қырым татарлары, Қазақстан, КСРО, екінші дүниежүзілік соғыс.

Дәйексөз үшін: Оспанова А., Шораев Б. Қазақстанға депортацияланған қырым татарларының тарихы: архив деректері негізінде талдау // Мәдени мұра. 2023. №4 (103). 82-102 б.(қаз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2023.v16.i4.08>

Кіріспе

Кеңестік кезеңде үстемдік құрған тоталитарлық жүйе көптеген ұлттар мен этникалық топтарды тарихи отанынан күштеп көшіріп, олардың бірлігі мен тұтастығына, мәдени-әлеуметтік дамуына орасан зор зиянын тигізіп, идеологиялық өктемдік жасау (диктат) саясатын жүргізді. Кеңестік басшылар орталық саяси билікті нығайту мақсатын көздеп, 50-ден аса ұлтты күштеп көшірген болатын. Қуғын-сүргінге ұшыраған ұлттарға орынсыз айыптар тағылып, геноцидтік саясатқа ұшырады. Одақтас республикаларға депортацияланған ұлттарға ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан салт-дәстүрлерін ұстануға да тыйым салынды. Бұл біріншіден, олардың тілін, дінін, мәдениетін ақсатса, екіншіден, олардың ұлт ретінде дамуына үлкен зардабын тигізді, ғасырлардан келе жатқан салт-дәстүрінен алшақтатты. Аталмыш саяси іс-қимыл кең ауқымда, белгілі бір адамның бұйрығымен жоспарлы түрде іске асырылғанын көруге болады.

Күштеп қоныс аудару операциясы екінші дүниежүзілік соғыс кезінде іске асырылды. 1946 жылы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағында жалпы жер аударылғандардың саны 2 463 940 адамға жетті. Олардың Қазақстан Республикасына жер аударылғаны 1 млн. 200 мың адамды құрады (Қожаханова, 2007).

Саяси қуғын-сүргін тарихы, халықтарды жазықсыз жер аудару мәселесі кеңестік кезеңде құпия сақталып келді. Депортация тарихы туралы зерттеу жұмыстарын жүргізу

өз алдына, оларды баспасөз бетінде атауға тыйым салынды. Тек, XX ғ. 80-ші жылдарының соңында ғана КСРО ыдырағаннан кейін кең көлемдегі демократиялық процестердің нәтижесінде бұрын ақиқат тұрғысынан айтуға тыйым салынған деректер зерттеуге алынып, тарих тұрғысынан өте маңызды болған мәселелер көтеріле бастады. Депортацияланған халықтар мен олардың тағдыры туралы зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік туып, бұрыннан құпия сақталынып келген мұрағат құжаттары ашылып, араға 50-60 жыл салып барып ғана кеңестік күштеп қоныс аудару саясатының орны толмас зардаптары туралы ғылыми конференцияларда баяндамалар жасалынып, алғашқы материалдар, монографиялар жарық көре бастады.

XX ғ. 30-жылдары ұлттық азшылыққа қарамастан, жаумен сыбайлас болды деген күдікпен жекелеген ұлттарды қудалаудың үлкен көлемдегі акциясы жалғаса берді. Бұл уақыттағы мемлекеттің ұлттық саясатында мемлекетті басқарушы топтың шовинистік көзқарасы ашық түрде белгілі болды. Осындай, күштеп қоныс аудару құрбанына айналған ұлттардың бірі – Қырым татарлары болатын. Жоғары үкіметтің шешімімен Қырым татарларын 1944 жылы 18 мамыр күні әскери билік жауға қарсы және «отан сатқындарына қажетті шаралар» деген атаумен қатаң жазалауға көшті (Бугай, 2002: 240). Тарихи деректер көрсеткендей, Сталиндік саясаттан қарттар мен әйелдер, жазықсыз балалар

да жапа шеккен болатын.

Материалдар мен әдістер

Тақырыптық ғылыми зерттеу барысында Қазақстандық тарихшы ғалымдар: Қ.К. Қожаханова, Сон Ее Хун, Ф.З. Ражепаева, М.Ч. Калыбаеваның т.б депортация тарихына қатысты жазылған ғылыми еңбектері қолданылды. Аталған ғылыми еңбектерде Қазақстан территориясына депортацияланған халықтардың Қазақстан дамуына қосқан үлесі мен әлеуметтік-саяси тарихы туралы ақпарат беріліп, ғылыми негізде талдау жасалынған.

Зерттеу тақырыбын деректік тұрғыда терең зерттеуге көмек болған монографиялар: «История депортированных народов Казахстана (1937-1956 гг.)» және «Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы». Депортацияланған ұлттар туралы жазылған бұл ғылыми монографияда Қазақстан аумағына қоныс аударушы халыққа жеке-жеке тоқталып, олардың Қазақстанға келгеннен кейінгі жағдайы туралы ақпараттар талданған, олардың Қазақстан қоғамына тигізген әлеуметтік әсері айқындалып, тарихи маңыздылығы ашып көрсетілген.

Депортация мәселесінің тарихнамасының қалыптасуы мен дамуында, оның ішінде Қырым татарларының күштеп көшіру саясаты, күштеп көшіру шаралары қандай бұйрық негізінде жүзеге асқандығын Н.Ф. Бугайдың «Депортация народов Крыма» атты архив деректерінің жинағынан көруімізге болады. Бұл ғылыми еңбектің басқа еңбектерден ерекшелігі бұрын құпия болған мұрағат қорларынан алынған деректер жинағы болуында. Аталмыш еңбек, халықтарды депортациялау үдерісін зерттеуге қосқан іргелі еңбек болып табылады.

Сонымен қатар, бұл жинақта Қырым халықтарының – татарлардың, гректердің, болгарлардың, армяндардың, немістердің және басқа да ұлттардың депортациялану тарихына қатысты құжаттар берілген. Ғылыми жинақта 1940-жылдардың бірінші жартысынан бастап халықтардың ауыр тағдыры, олардың күштеп қоныс аударуының себептері, КСРО-да жүргізілген ұлттық саясаттың негізгі мақсаты, күштеп көшіру процесінің қалай жүзеге асып жатқандығын, қанша азаматтың күштеп жер аударылғандығы туралы мемлекеттік қауіпсіздік генерал-комиссары (НКВД) басшысы Л. Берияның И. Сталинге жіберген баянжазбаларын көруімізге болады. Бұл еңбек арқылы нақты деректерге қол жеткізе алдық.

Ғылыми зерттеу жұмысын жазу барысында бірнеше ғылыми әдіс қолданылды. Бірінші топ: ғылыми деректерді талдау және синтездеу, тарихи-салыстырмалы талдау, классификациялау (топтау), жүйелеу т.б. Бұл әдіс арқылы мұрағаттық дереккөздерді, статистикалық материалдарды топтау және салыстыруға мүмкіндік туды. Екінші топта арнайы тарихи хронологиялық әдіс қолданылды. Бұл әдіс арқылы жер аудару процесі кезіндегі Қырым халқының әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, саяси жағдайын мұрағат және басқа дереккөздер арқылы жан-жақты зерттеу жасалды. Үшінші топ тақырыпқа қатысты шығарылған ғалымдардың еңбектерінен алынған деректерді саралау болып табылады.

Ғылыми мақаланы зерттеу барысында архив деректеріне негізделген ғылыми монографиялар мен мақалалар басшылыққа алынды, статистика агенттігінің ақпараттары,

мұрағаттық материалдар, сонымен қатар сенімді интернет ресурстары қолданылды, аталған жұмыстар тақырыпты дерекнамалық тұрғыдан зерттеуге негіз болды.

Талқылау

1921 жылы Қырым Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы құрылып, Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасы құрамына заң жүзінде енгізілді. Республика территориясында татар ұлтынан басқа орыс, украин, грек, болгар, армян және басқа да ұлттың өкілдері өмір сүрді. 1940 жыл 1 сәуірдегі деректерге сәйкес Қырым республикасында 1 126 800 адам болған, оның ішіндегі татарлардың

үлесі 218 мыңды құраған. Соғыстың алғаш басталған жылдары Қырымнан қызыл армия қатарына 90 мың адам шақырылса, оның 20 мыңын Қырым татары құраған (Айтжанова, 2014: 19).

Қырым АКСР (РКФСР құрамында) территориясының мемлекеттік тілі орыс және татар тілі болды. Аймақтағы ауыл кеңестерінде жұмыс жасағандардың ұлттың құрамында: орыстар – 207, татарлар – 144, немістер – 37, еврейлер – 14 және т.б. құрады (С. Бабаев, 2014:4) (Кесте 1). Аталған деректерден депортацияға дейінгі кезеңде Қырым түбегіндегі халықтың бестен бірін ғана Қырым татарлары құрағанын 1939 жылғы санақ нәтижесінен көруімізге болады.

Кесте 1. Қырымдағы жалпы халық саны.
Дереккөз: С. Бабаев, 2014:4

Орыстар	558.481	49,6%
Украиндар	154.120	13,7%
Армяндар	12.179	1,1%
Татарлар	218.179	19,4%
Немістер	51.299	4,6%
Еврейлер	65.452	5,8%
Болгарлар	15.353	1,4%
Гректер	20.652	1,8%
Басқалары	29.276	2,6%
БАРЛЫҒЫ	1.126.385	100%

1944 жыл сәуірде Қырым түбегі неміс басқыншыларынан толық азат етіле салысымен, неміс жақтастарын толық жою мақсатында арнайы шаралар қабылданды. Қырым халқы фашистік Германиямен одақтас болды деген айыппен 1944 жылы 13 сәуірде «Қырым АКСР территориясын кеңеске қарсы элементтерден тазарту туралы»

бұйрыққа сәйкес күштеп қоныс аудару процесінің жоспары құрылды.

1944 жылы 10 мамыр КСРО Ішкі Істер халық комиссарының орынбасары Л.Б. Берияның И. Сталинге жазған жазбасында татар халқын Қырымнан депортациялау туралы шешімі былайша баяндалады: «Қырым татарларының кеңес халқына жасаған сатқындығын

ескере отырып, КСРО-ы Ішкі істер жөніндегі Халық комиссариаты (НКВД) сіздің келісіміңізбен, Қырым территориясындағы барлық татарларды Қырым аймағынан тыс, Кеңес Одағының шеткі аймақтарына қоныс аударуын сұрайды. Қырым татарларын Өзбек КСР-ның аудандарына қоныстандыру және оларды республиканың колхоз, совхоздарына ауыл шаруашылық жұмыстарына, сондай-ақ өндірістік, транспорттық салаларға жұмысқа тарту көзделген. Татар халқын қоныстандыру мәселесі Өзбекстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің хатшысы Юсуповтың келісімімен, Өзбек КСР-на қоныстандыру жоспарланған. Ресми деректерге сүйенсек, қазіргі таңда Қырымның 140-160 мың тұрғыны бар. Қоныс аудару операциясы 20-21 мамыр айында басталып, 1 маусым аралығында аяқталады. Жоба қаулысын ұсына отырып, сіздің рұқсатыңызды сұраймын» (Бугай, 2002: 202) деп көрсетілген. Аталған деректерден Қырым татарларын депортациялау процесі жүйелі, әрі мақсатты түрде іске асырылғанын көруімізге болады.

1944 жылдың 11 мамырында КСРО мемлекеттік қорғаныс комитетінің «Қырым татарлары туралы» №5859 қаулысы негізінде барлық Қырым халқын Қырымның аумағынан көшіру, оларды Орталық Азия территориясына орналастыру іс-шарасы шұғыл түрде іске асырылды (Айтжанова, 2014: 20). Осы қаулы негізінде Қырым халқын толықтай депортациялау процесі басталды.

Қырым татарларын депортациялау 1944 жылдың 1 маусымына дейін аяқтау тапсырылды. Алайда, Лаврентий Берия бастаған Ішкі істер халық комиссариаты (НКВД) осындай күрделі операцияны үш-ақ күнде орындап, 1944 жылы

18 мамыр күні таңертең басталған операция 20 мамыр күні сағат 16:00-де толық аяқталды. Жазалаушы органдарға істі жүзеге асыруға бар болғаны 60 сағат, 70 эшелон қажет болды. Бұл шараны іске асыру мақсатында Ішкі істер халық комиссары Л. Берия Мемлекеттік қауіпсіздік халық комиссариатына 5 мың маманданған қызметкерлер мен ішкі әскер құрамындағы 20 мың адам, 11 атқыштар полкі, батальондар мен жеке снайпер ротасын тиісті орындарға жіберуге тапсырыс берді. Көшіруге дайындық жедел және ұйымдасқан түрде жүргізілді.

1944 жылы 7 мамыр күні Кеңес Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшелері Б. Кабулов пен И. Серов Ішкі істер халық комиссариатына жіберген телеграммасында қырымдықтарды көшіру үшін 2 мың жүк көлігін бөлуді сұрады. Жедел халықтық санақ жүргізіліп, 13 мамыр КСРО Халық комиссарлар кеңесі ұйымдастыру және жетекшілік жасау комиссиясы келіп, Симферополде операцияны іске асыру үшін арнайы қоныс аударушылардың малдарын, ауылшаруашылық өнімдерін, т.б мүліктерін есепке алу жүргізілді. Екі күн ішінде Қырым АКСР-н депортациялау үшін 1944 жылы мамыр айының ортасында Ішкі істер жөніндегі халық комиссариатының бұйрығына сәйкес 2000 жүк көлігі және 1500 тонна жанармай, мемлекеттік комиссия тарапынан 20 мыңға жуық адам бөлінді (Бугай, 2002: 202).

1944 жылы 18 мамырда басталған операция барысында 90 мың қырым татары темір жол бойына шоғырландырылып, 19 эшелон жіберілді. Келесі күні жиналғандар саны 140 мыңға жетіп, 119 424 адам эшелонға орналастырылып, шығысқа қарай жөнелтілді. 19 мамырда шығысқа қарай

жөнелтілгендер саны 136 412 адамға жетті. Қырым татарларын көшіру операциясының барлық іс-шаралары тікелей Мемлекеттік қорғаныс комитетіне хабарламамен жеткізіліп отырды.

1944 жыл 19 мамырда КСРО Ішкі істер Халық комиссары Л. Берия И.В. Сталин мен В.М. Молотовқа: «19 мамырда күннің соңына қарай теміржол бекеттеріне 165,515 адам, жүк тиеу теміржол бекеттеріне дейін жеткізіледі және қоныс аудару орындарына 136 412 адам жіберілді, операция жалғасуда» (Айтжанова, 2002: 20) деп хабарлады. 20 мамыр күні көшіру процесі жалғасты. ІХК-ның орынбасарлары Б. Кабулов пен И. Серовтың Л. Берияға жіберген баяндамасында: «18 мамырдағы Сіздің бұйрығыңызға сәйкес, Қырым татарларын көшіру операциясы бүгін 20 мамыр сағат 16:00-де аяқталды. Қырым АКСР территориясынан 191 044 татар ұлтының өкілі шығарылды» (Бугай, 2002) деп, басшыларға мәлімдеме берді.

Депортация арасында болғандардың естеліктеріне сүйенсек, күштеп көшіру түн ортасында басталған, ұйқыда жатқан халықты кеңес үкіметінің солдаттары мен офицерлері 15-20 минут ішінде жүк вагондарына тиеген. Ер адамдардың басым көпшілігі «қарсылық танытуы мүмкін» деген қорқынышпен еңбек армиясына алынған. Әр вагонда қырық адам болған. Куәгерлердің айтуынша қарсылық танытқандарды және жолға жүруге жарамайтын қарттарды сол мезетте атып, вагоннан түсіріп отырған. Қырым территориясынан жоспарлы аймаққа жету үшін жиырма күн жол жүрген халыққа қажетті азық-түлік, су бермегендіктен көп халық жолда әлсіреп, алғашқы жылдары депортацияланғандардың 46%-ы қаза болған (Ражепаева, 2008:173).

1944 жыл 11 мамыр Мемлекеттік қорғаныс комитетінің №5859 «Қырым татарлары туралы» қаулысында Қырым татарларын айыптай көрсетіп, күштеп қоныс аударуына біршама дәлелдер келтірілген: «Ұлы Отан соғысы жылдарында көптеген Қырым татарлары Отанға опасыздық жасады. Қызыл армия бөлігін тастап кетті, Қырымды қорғаушылар қарсы тарап жағына шықты. Татар әскери бөлімдері немістермен жақтасып, қызыл армияға қарсы соғысты. Қырымды неміс-фашист әскерлерінің басып алуы барысында неміс жазалаушы отрядтарына қатысып, Қырым татарлары кеңестік партизандарға қарсы қатыгездік танытып, неміс оккупанттарына кеңес әскерлерін топтық қырып-жоюға және кеңес әскерін неміс әскерлеріне күштеп әкетіп, ұрлау әрекетін ұйымдастыруға көмек көрсеткен. Қырым татарлары неміс басқыншыларымен белсенді түрде ынтымақтастықта болып, «Татар ұлттық комитеті» ұйымдасқан түрде неміс барлаушылық әрекетіне қатынасты» (Айтжанова, 2014: 21) деп көрсетілді.

Қырым территориясы КСРО-ның негізгі туристік орталығы болып саналды, әр жыл сайын одақтас республикалардан келуші туристер саны басым және ауыл шаруашылығы үшін ауа-райы қолайлы аймақ болып келді. Гитлердің негізгі жоспары бойынша бұл аймаққа немістерді қоныстандыру жоспарланғандығы айтылады. Бірнеше ай неміс басқыншыларының қарамағында болған бұл территориядағы Қырым халқына жаумен белсенді ынтымақтастық орнатты деген айып тағылған болатын.

Алғашқылардың бірі болып Қырым татарлары туралы зерттеу жүргізген тарихшы А.М. Некрич Қырым татарларының депортациялануының

негізгі себептерін былайша баяндайды: Немістердің Қырым Республикасының территориясын оккупациялауы ұзақ уақытқа созылды: 1941 жылдың қазан айының соңынан 1944 жылдың сәуірі-мамыр айларына дейінгі аралықты қамтыды. Оккупация уақытында Қырым татарлары неміс басқыншыларымен ынтымақтастықта болды деген пікір тарап кетті. Басқыншылардың ең бірінші саясаты Қырымдағы татар ұлтымен байланыс орнату болды, «мұсылман комитетін» құрды, татар халқының бір бөлігі «өзін-өзі қорғау отряды» және т.б әскери құрылымдарға қатынасты. Екіншіден, (сенімсіз ақпарат) партизан қолбасшылары Қырым басшылығындағы Қырым аймақтық комитеті ВКП (б) және АКСР үкіметі арасындағы партизан қозғалысында татарлар олармен ынтымақтастықта болды (Бугай, 2002: 202) деген негізгі айыптауларды көрсетті.

1942 жылы шілдеде Қырым партизан қозғалысының жетекшісі А.Н. Мокроусов пен А.В. Мартынов Оңтүстік-Батыс фронт маршалының қолбасшысы С.М. Буденге жіберген қолжазбасында «Қырым татарларының таулы және тау бөліктеріндегі басым бөлігі фашистерге қосылды» (Бугай, 2002) деп, татарларды айыптай жазды.

КСРО Ішкі істер халық комиссары Л. Берияның 1944 жыл 10 мамырдағы И. Сталинге жазбасында: «Ішкі істер халық комиссариаты және Мемлекеттік қауіпсіздік халық комиссариаты Қырымды жау жақтастарынан тазарту, отанға сатқындық жасаушыларды қоныс аударту, неміс-фашист басқыншыларының сыбайластарынан тазарту жұмыстарын жүргізуде. 7 мамыр күні осындай айыппен 5 995 адам тұтқындалды. Халық арасында заңсыз сақталған 5 995 винтовка, 337 пулемет, 250 автомат, 31 миномет және көп мөлшерде гранат пен атқыш картридждер тәркіленді. 1944 жылы

қызыл армия бөлігінен 20 мыңнан астам татар отанына сатқындық жасап, қиын жағдайда қалдырып кетті. Қарумен неміс жасақтар тарапына өтіп, қызыл армияға қарсы соғыс жүргізді» (РФММ.Ф.Р. Ф9401.Оп.1.Д.-65.Л.41-44) делінген. Аталған айыптаулардың барлығы Қырым халқын күштеп қоныс аударуға жетерліктей басты себеп болатын.

Қырым татарларының депортациялануына себеп болған тағы бір жағдай «Мұсылман комитеті ұйымының» неміс басқыншыларымен жақтас болды деген айыптау еді. Бұл айыптауды 1944 жыл 22 сәуірде Б. Кабулов пен И. Серовтың баяндамасынан көруге болады: «1944 жылы 10-27 сәуір аралығында мұсылман комитетінің 497 агенті, соның ішінде Карасубазар ауданы Мұсылман комитетінің төрағасы – Исмайлов Айас, Балаклав ауданы мұсылман комитетінің басшысы – Баталов Б., Симферополь ауданы мұсылман комитетінің басшысы – Аблеизов Б., Лозуй ауданының мұсылман комитеті басшысы – Алиев Муса қамауға алынды. Олардың барлығының ұстанған негізгі ұраны «Қырым тек татарлар үшін». Германияда 1943 жылы маусымда «Татар ұлттық орталығы» құрылып, Қырым мұсылман комитетінің жұмысымен танысуға Бекир Балик келді. Судакта мұсылман орталығының аудандық төрағасы Б. Умеров тұтқындалды. Умеровтың ерікті отряды Феодосия ауданында қызыл армияға қарсы соғысқа қатынасқан, олардың қолдарынан 12 қызыл армиялық жауынгерлер қаза тапқан» (РФММ.Ф.Р.-940 1. Оп.1.Д.2191.Л.19-29) деп көрсетілген болатын. Осы аталған айыптаулар, Қырымнан татарларды жаппай тазарту туралы шешімнің қабылдануына негіз болды.

Л. Берияның орынбасарлары Б. Кабулов пен И. Серовтың берген мәліметтері И. Сталинге Қырым татарлары сатқын халық деп баяндама

жасауына итермеледі. Немістер басып алған жерлерде оларға қызмет еткендері шындық. Алайда, тек татар ұлты ғана емес, олардың ішінде орыстар, украиндар, белорустар да т.б оларға қызмет жасаған болатын. Жоғары басшылардың терең зерттемей жасаған болжамдары Қырым татарларының тағдырын шешті. Халықтың қандай да бір бөлігі, я болмаса бірнеше адам ғана басқыншыларға қызмет жасаса да, бүтіндей бір ұлттың неміс жақтастарына көмек көрсетті деп айыптауы, барлық халықты «сатқын» деп жариялауға, қысқа уақыт аралығында ата қонысынан толықтай көшіруге негіз болмауы керек еді (Сон Ен Хун, 2010: 48).

Қазіргі таңға дейін бұл айыптауларға толық әрі нақты жауап айту қиын. Мысалға, Халық комиссариатының Ішкі Істер министрлігінің орынбасары Б. Кабулов және И. Серовтың 1944 жылы 22 сәуір күні Берияның атына жіберген баяндамасында «1941 жылы құрылған Евпатория секторында тыңшылық-диверсиялық (іріткі салушы) резидентурасы анықталды» (Бугай, 2002: 201) деп көрсетіледі. Алайда, мұндай анықтамалар, өте мұқият зерттеуді талап ететін шаралардың бірі болып табылады. Сондай-ақ, қазіргі таңда Қырым-татар қоғамдық қозғалысының өкілдері көптеген дәлелдер мен айыптауларды ресми түрде теріске шығаруда.

Соғыс жылдарында аталған айыптауларға да қарамастан, екінші дүниежүзілік соғыста Қырым татарлары КСРО-ғы басқа халықтар сияқты тең дәрежеде қызыл армия қатарында, партизан қозғалысында өте белсенді түрде қатысқан болатын. 8-ші партизан отряды командирі татар М. Алиевтің қарауында барлығы 138 адам болса, оның: 48-і орыс, 38-і қырым татары, 28-і әзербайжан, 13-і украин, 5-еуі армян және басқа ұлттар болды. Қырымдағы 3 бірдей партизан бірлестіктерінің

екі комиссары қырым татары болды. Бірнеше партизан отрядтарына қырым татарларынан шыққан командирлер басшылық жасады. Мысалға, 3-і қызыл армия партизан отрядын Абляз Аэдинов басқарды, Балашев партизан отрядына 1942 жылы соғыста қаза тапқан Гафар Газиев қолбасшылық жасады. Сондай-ақ, Судак партизан отрядында қырымдық татарлар басым болды (Бугай, 2002: 214) (Кесте 2). Алайда, Кеңес Одағындағы халықтардың партизан қозғалысына қосқан үлесі жан-жақты зерттелсе де, Қырым татарларының соғысқа қосқан үлесі терең зерттелусіз қалған.

1944 жылы Қырым татарлары депортацияға ұшыраған уақытта 2 млрд 446 миллион сом. материалдық заттар тартып алынып, 640 бастауыш, 321 орта мектеп жойылды (Депорт. в Казахстан нар., 1998: 296).

1945 жылы 30 маусым Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасы Жоғары Кеңес Президиумының бұйрығымен Қырым АКСР-ы, Қырым облысы болып өзгертіліп, 1954 жылы 19 ақпанда Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасының құрамына кіріп, Украина КСР қарамағына берілген болатын.

Нәтижелер

Қырым АКСР-нан барлығы 191 044 татар ұлтын көшіру процесі аяқталғаннан кейін, бұрыннан осы аймақтарды тұрақтап келген, басқа ұлттарға да неміс жасақтарымен байланыс құрды деген айып тағылып, болгар, грек, армян ұлттарын күштеп қоныс аудару процесі маусым айында басталған болатын. Оған дәлел, КСРО Ішкі істер халық комиссары Л. Берияның 1944 жылы 29 мамырда И.В. Сталинге жазған жазбасында былайша баяндайды: «Қырым территориясында болгар ұлтынан – 12 075 адам, грек ұлтынан – 14 300 адам, армян ұлтынан – 9 919 адам

Кесте 2. Қызыл армия қатарында болып, 1949 жылы наурызда қоныс аударылғандардың сандық көрсеткіші.
Дереккөз: Депорт. в Казахстан нар., 1998: 296

КОНТИНГЕНТ АТАУЫ	Офицерлер	Сержанттар	Қатардағы жауынгер	Контингент қорытындысы
Солтүстік Кавказ:	710	1696	6488	8894
Шешен	238	724	3286	4248
Ингуш	129	211	606	946
Қарашай	238	495	1810	2543
Балкар	99	243	703	1045
Басқа ұлттар:	6	23	83	112
Қырымнан:	569	1660	8663	10892
Грек	8	86	465	569
Балкар	9	79	494	582
Қырым татарлары	524	1392	7079	8995
Армян	19	70	485	574
Басқа ұлттар:	9	33	19	61
Грузия КСР:	57	459	3559	4075
Түрік	24	271	222	2517
Күрд	4	15	112	141
Хемшин	-	3	4	7
Басқа ұлттар:	29	170	1211	1410
Қалмақтар	383	1118	4683	6184

өмір сүруде, Болгар ұлтының басым көпшілігі Симферополь мен Феодосия, Джанкой аудандарында тұрады. 10 сельсоветте 80/100 шамасында болгар өмір сүруде. Неміс оккупациясы кезінде болгар халқының басым көпшілігі неміс әскерлеріне нан және басқа да азық-түлік өнімдерін жеткізіп тұрған. Неміс әскерлерімен бірігіп, қызыл армияға қарсы күресті, немістердің бұйрығымен «күзет анықтамасын» алды. Немістер болгарлардан полиция жасағын ұйымдастырды. Қырым аудандарының көп бөлігінде грек ұлты басым. Гректердің басым көпшілігі оккупанттармен сауда және ұсақ өнеркәсіпте байланыс жасады. Неміс басшылығы олардың сауда және көлік қызметінде көмек

көрсетті. Қырым аудандарында армян ұлты да сандық көрсеткіш бойынша басым тұрады. Армян комитеті немістермен бірлесе отырып, кеңеске қарсы іс-шараларды ұйымдастыруға қатынасты. Симферополда Дашкан генералы Дроның басқаруымен, «Дромедан» атты неміс барлау ұйымы болған. Қызыл армияға қарсы барлау жұмысын жүргізу мақсатында қызыл армияға шпиондық жасау үшін бірнеше армян комитеті құрылған. Берлин мен Стамбулдан келген эмигранттарға «тәуелсіз Армения» атты насихат жұмыстарын жүргізуге армян ұлттық комитеттері белсене қатынасқан. «Армян діни бірлестігі» деген ұйым құрған, бірлестік тек діни

және саяси мәселелерді шешумен емес, армяндар арасындағы сауда және ұсақ өнеркәсіппен айналысуын ұйымдастырған. Бұл ұйым неміс әскерінің басты қажеттіліктерін өтеуге көмек көрсеткен. Армян ұйымдары «Армян легионы» деген атпен армян қоғамының есебінен құрылған болатын. Ішкі істер халық комиссариаты Қырым территориясындағы барлық болгар, грек, армяндарды мақсатты түрде көшіру қажет деп санайды» (РФММ.Ф.Р.-9401.Оп.2.Д.-65.Л.162-163) деп айыптай жазды. Бұл айыптаулар да қағаз жүзінде ғана қалмай, іске асқан әрекеттердің бірі болды.

1944 жылы 4 маусымда КСРО Ішкі істер халық комиссары Л. Берия Мемлекеттік қорғаныс комитеті И.В. Сталинге жіберген баяндамасында төмендегідей ақпарат берген болатын: Қырым аумағындағы: татар, болгар, грек, армяндарды көшіру аяқталғандығын, барлығы 225 009 адам, оның ішінде татарлар – 183 155 адам, болгар – 12 242, грек – 15 040, армян – 9 621, неміс – 11 119 адам көшірілді. Өзбек КСР-на 151 604 татар азаматы орналастырылды. 1944 жылы 21 мамырда Ресей Федерациясының аудандарына Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің шешімімен 31 551 адам орналастырылды» (РФММ.Ф.Р.-9479. Оп.1.Д.646.Л.1-70, Д. 648. Л.1-21) деп көрсетті (Кесте 3).

1944 жылы маусымда Қырым АКСР-нан Қазақ КСР-сы Гурьев облысына (Атырау) 1096 отбасы (4286 адам) Ескі-Қырым, Ичин, Судак, Феодосия аудандарынан қоныс аударған болгар, армян, грек, цыган, татар, караим ұлттары бес ауданға бөліп қоныстандырылды (Бугай, 2002: 198). Осылайша, барлық Қырым халқы Қырым түбегінен толықтай шығарылып,

елсіз қалған аймаққа Украинадан мигранттарды тарта бастады. Алғашында бұл іс өте қарқынды іске асты.

1944 жылы мамыр айында 191 044 мың татар ұлты Қырым түбегінен шығарылды. Күштеп қоныс аударушылардың басым көпшілігі Өзбек КСР-на, Тәжікстан, Мары АКСР-на, Кострома облыстарына жер аударылса, 4 501 адам Қазақ КСР-на жөнелтілді. Атап айтсақ, Шығыс Қазақстан облысының Өскемен, Зырян, Аягөз, Глубокий, Күршім, Ұлан, Үржар аудандарына, сондай-ақ, басым көпшілігі Қарағанды облысына және Оңтүстік аймақтарға қоныстандырылды. Қазіргі таңда татарлар Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Жамбыл облыстарына және Алматы қаласына көп қоныстанған.

Қоныстандырылғандардың барлығы дерлік ауылдарға орналастырылып, ауыл шаруашылық саласында жұмыс жасады. Қарағанды аумағына қоныс аударғандар «Қарағандауголь» шахта комбинатында жұмысқа тартылды.

1949 жылы 20 тамызда Қарағанды облысының территориясына 21 отбасы (37 адам) қоныстандырылған. Ворошиловский ауданының басқару бөлімінің құжаттарында көрсетілгендей, 1948-1952 жылғы арнайы қоныс аударушылар Қырым татарларымен толықты, ҚарЛАГ босатылып, қылмыстық-атқару мекемелеріне тіркеуге қойылды. Алайда, ҚарЛАГ-нен босатылған Қырым татарларының нақты санын мемлекеттік мұрағат құжаттарынан да білу қиын (История депортированных народов, 2008: 40).

Қырым татарларының Қазақстанның қай облысына нақты қоныстандырылғандығы туралы статистикалық деректер негізінде Кесте 4-те берілген.

Кесте 3. 1950 ж. II жартысында Одақтас Республикаларға Қырымнан қоныс аударылғандар саны.
Дереккөз: РФММ.Ф.Р.-9479. Оп.1.Д.646.Л.1-70, Д. 648. Л.1-21

Қазақ КСР 4535	Қырым та- тарлары 1666	Грек 895	Болгар 1331	Армян 402	Басқа ұлттар 241
Тәжік КСР	4380	110	103	82	33, калмык– 196
Түркімен КСР	7	-	-	1	калмык – 6
Қырғыз КСР	238	12	1	-	5
Қырғыз КСР облыстарына бөліп орналастырылуы					
Жалал-абад облысы	89	-	-	-	-
Омск облысы	26	1	-	1	2
Ыссык-кул облысы	24	-	-	-	-
Талас облысы	16	2	-	-	-
Тянь-Шань облысы	6	1	-	-	-
Фрунзе облысы	85	3	-	-	3
Өзбек КСР	85414	3146	37	303	687
Өзбек КСР облыстарына бөліп орналастырылуы					
Андижан облысы	10673	10	-	19	48
Бухар облысы	1784	2	-	-	50
Кашка-Дарья облысы	4095	35	1	10	-
Наманган облысы	5938	-	-	-	29
Самарқанд облысы	20443	20	3	147	13
Сурхан-Дарья облы- сы	6	-	-	-	-
Ташкент облысы	31632	9	17	36	166
Ферғана облысы	10799	3035	6	87	381
Хорезм облысы	15	-	-	-	-
Қара-қалпақ облысы	29	35	-	4	-
Ресей Федерациясы					
Карело-Финск АКСР	1	11	1	-	-
Башқұрт АКСР	207	1447	541	690	343
Коми АКСР	5	3	-	-	-
Воркутинск Еңбекпен түзеу лагері	12	1	2	-	-
Марийск АКСР	4761	20	130	203	107 (цыган–24, дар- гин–3, лезгин– 5
Татар АКСР	13	21	7	56	10
Чуваш АКСР	53	2	-	-	5
Вологод облысы	397	-	-	1	-
Ивановск облысы	201	-	-	-	1

Кесте 4. 1950 ж. II жартысында Қазақ Автономиялық Кеңестік
Социалистік Республикасына Қырым АКСР-нан арнайы
қоныс аударушылардың сандық көрсеткіштері.
Дереккөз: РФММ.Ф.Р.-9479. Оп.1.Д.646.1.1-70, Д. 648. 1.1-22

Қырым - 4535	Қырым татарлары 1666	Грек 895	Болгар 1331	Армян 402	Басқа ұлттар 241
Қазақ КСР облыстарына бөліп орналастырылуы					
Ақмола облысы	35	2	-	-	-
Ақтөбе облысы	25	1	-	-	-
Алматы облысы	502	84	11	49	56
Шығыс Қазақстан облысы	9	6	-	-	осетин-2, кумык-7, кабардин-2, аварцы-26
Гурьев (Атырау) облысы	602	743	1168	314	173
Жамбыл облысы	111	15	4	1	-
Батыс Қазақстан облысы	53	-	5	-	-
Қарағанды облысы	46	-	5	1	-
Қызылорда облысы	36	-	4	1	-
Көкшетау облысы	12	1	-	-	-
Қостанай облысы	13	22	1	6	1
Павлодар облысы	5	-	-	-	-
Солтүстік Қазақстан облысы	9	3	1	-	ноғай-1 осетин-3 кумык-1 кабардин-1 тавлин-2
Семей облысы	12	-	4	-	6
Талдықорған облысы	33	6	-	2	-
Оңтүстік Қазақстан облысы	124	5	2	14	4

Кесте 5. Қырымдағы қала атауларының өзгеріске ұшырауы.
Дереккөз: Бугай, 2002

Бұрынғы атауы	Жаңа атауы
Корбек	Изобильное
Куру-Озень	Солнечногорское
Кучук-Ламбет	Кипарисное
Улу-Озень	Генеральское
Биюк-Озенбаш	Счастливое

Қырым татарлары депортацияланнан кейін КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1945 және 1948 жылдардағы жарлығымен Бақшасарай, Джанкой, Ишунь, Саки және Судактан бөлек, Қырымдағы барлық елді мекендердің татарша аты жойылып, оларға жаңа атау беріле бастады. Қырымға Ресейдің әр аймағынан жаңа тұрғындар қоныстандырылды. Кітапханалар мен жеке қорлардағы Қырым татарлары тіліндегі барлық кітаптар жойылып, Қырымды татар мәдениетінің қалдықтарынан тазарту мақсатында арнайы практикалық шаралар қолданылды.

1945 жылы 21 тамызда РКФСР Жоғарғы Кеңес президиумының №619/3 бұйрығына сәйкес, Қырым ауылдық кеңесін қайта өзгерту туралы жарлығы негізінде Азов ауданында – 10, Алушта ауданында – 10, Куйбышев ауданында – 19, Ялта ауданында – 10 ауылдық кеңесінің атауы өзгертілді (Бугай, 2002: 202). Төменде атауы өзгеріске ұшыраған ауылдық кеңестердің жаңа атаулары (Кесте 5):

Жер атауларын өзгертуге байланысты жағдайға атақты орыс жазушысы Константин Паустовский «халықты, ұлтты елеп-ескермеу» (Бугай, 2002) деп, өз бағасын берген болатын.

Қырым астанасы, Симферопольда да бұл жағдай өз жалғасын тапты, Орталық атқарушы комитеттің бірінші төрағасы Н. Наримановтың атындағы көше атауы өзгертіліп, Партизан Петриченко атына берілді. Атақты халықаралық революциялық қозғалыстың қайраткері Мұстафа Субхидің атындағы көше Крылов атауына өзгертілді. Сондай-ақ, Мұстафа Субхидің атындағы кинотеатр атауы «Родина» (Бугай, 2002) деп ауыстырылды.

Қазақстан жеріне көшірілген

Қырым татарлары мен Грузиядан келгендер басқа депортацияланған халықтар сияқты ауыр жағдайға душар болды. Бірінші кезекте үкімет қаулысымен қоныстанушыларға баспана және азық-түлік, егін егетін жер беру керек болды. Алайда, 1940 жылдары депортацияланған және эвакуацияланған басқа ұлттарға бөлініп беріліп, жаңа игерілген жерлер болмады.

Арнайы қоныс аударушылардың көптігіне байланысты тұрғын үй жетіспеді. 6000 мың татар жастары Рыбинск және Куйбышев қалаларындағы жабық, денсаулыққа зиянды әскери кәсіпорындарға орналастырылды. Олар жаңа жерге бейімделе алмауына байланысты жұмысқа орналасуында да көп қиыншылықтарға кездесті. Сол себепті жер аударылғандардың еңбекке жарамдылары ауылшаруашылық, өндірістік жұмыстарға және оларға арналып салынып жатқан тұрғын үй құрылысы жұмыстарына жұмылдырылды (Депорт. в Казахстан нар., 1998: 295).

Жаңа қоныстанған аймақтарда да олардың материалдық-тұрмыстық жағдайлары төмен болды. Күштеп қоныстанғандар саны көп болуына байланысты, баспана, мектеп, аурухана салу оңайға түспеді. Қоныстанған жерлері жертөлелер, қамыстан салынған үйлер немесе бір баспанаға бірнеше отбасылары тұратын барақ үйлер болды. Жаңадан қоныстанушы азаматтар арасында ауру-сырқау көбейіп, оларға арнайы көмек көрсетуді сұраған талап-тілектері ескерілмеді.

Арнайы жер аударылғандар үшін жеке құқықтық маңызы бар заң актілері мен нормалары қатаң сақталып, ал керісінше олардың материалдық мұң-мұқтажына байланысты мәселелер

толық шешімін таппады. Соғыстан кейінгі шаруашылық күйзелісі, жалпы экономикалық қиындықтар барлық халыққа ауыр тигені тарихтан мәлім.

Бұл мәліметтерден шығатын жалпы қорытынды – мемлекет арнайы қоныс аударылғандарды қарсы алуға, олардың тұрмысын ұйымдастыруға дайын болмады. Азық-түлік жетіспеушілігіне тұрғын үй мәселесі қосылып, қоныс аударушы халықтың жағдайы ауырлай берді. Татарлар алғашқыда босап қалған қоғамдық ғимараттарға, иесіз үйлерге орналастырылды, ал бір бөлігі жергілікті халықтың қамқорлығына беріліп, бір баспанада бірнеше отбасы өмір сүрді.

Депортациялауға ұшыраған халық колхоздарда, совхоздарда, өндіріс орындарында жұмыс жасады. Қазақстан территориясына депортацияланған халықтар арасында адам өлімі өте жоғары болды. Осы себепке байланысты республика аумағына қоныс аударған халықтардың сандық көрсеткіші әртүрлі көрсетіліп, қоныстанушылар саны төмендетіліп беріліп отырған. 1945 жылғы мәлімет бойынша қоныс аударушылар арасындағы туу көрсеткіші 8039 адамды құраса, өлгендер саны 89659 адамды құрап, табиғи өсім минус 81620 адамды құраған (Бугай, 2002). Соғыс біткеннен кейін жағдай біршама жақсарғанымен, депортацияланған халықтар көпке дейін өзінің соғысқа дейінгі деңгейіне жете алмады. Адам өлімінің негізгі себебі ауылды елді-мекендерде дәрігерлік көмектің көрсетілмеуі, арнайы қоныстанған азаматтарға басқа елді мекенге, қалаға шығуы үшін ресми рұқсат қажет болды.

1956 жылға дейін 12 жыл Қырым татарлары арнайы қоныстандырушылар мәртебесінде болды. Яғни, олар коменданттық режимде өмір сүріп,

арнайы комендатураның жазбаша рұқсат қағазынсыз өзі тұрып жатқан елді мекеннен басқа жаққа қоныс аударуға рұқсат берілмеді. Тіпті, көрші ауылдағы туыстарына рұқсатсыз барып келгені үшін бірнеше жылға сотталып кеткен жағдайларда орын алған.

1939-1945 жылдар аралығында депортация жасаған ұлттардың Қазақстан аумағына қоныстандыруының бірнеше себептері бар. Бүкілодақтық атқару комитетінің қаулысында жасаған қылмысына қарай қауіпті деп танылған азаматтарды соттың шешімімен одақтас республикалардың алыс аймақтарына көшіру керектігі айтылған.

1939 жылы Қазақстан колхоздарына ауыл шаруашылығын көтеру және жұмыс күшін толықтыру мақсатында КСРО-ның жері тапшы республикалары мен облыстарынан қоныс аударуды жаңарту қаулысы қабылданды. (Депорт. в Казахстан нар., 1998: 292). Қаулыға сәйкес Қазақстандағы мол жер қоры мен халық тығыздығының аса төмендігі дәлелденді және жер көлемі үлкен, республика аумағында 1930-32 жылдары жаппай ашаршылық болып 2 млн. халқынан айырылған Қазақстан аумағы тиімді деп табылып, өнеркәсіп құрылысын өркендету, оның табиғи байлықтарын игеру мақсатында адам күшін шоғырландырып, еңбек ресурстарын көбейту мақсатында қазақ жеріне қоныстандыру жоспарланған болатын.

Қазақстан территориясына ұлттарды күштеп қоныс аударудың зиянды тұстары да басым болды. Республика аумағында еуропалық ұлттар санын көбейту, орыстандыру саясаты негізгі бағыт болғандықтан осы саясатты жүзеге асыру мақсатында арнайы жұмыс жүргізілді. Қазақ ұлты

Қазақ КСР-да мекендеген көп ұлттың біріне айналып, республиканың жетекші факторы болу ролінен айырылды, қазақ тілінің қоғамдағы ролі төмендеп, ұлттық құндылықтары мен мәдениетінен алшақтай бастады. Қазақ ұлтын шөлді аймақтарға ығыстыру, ұлттық рухты төмендетуді туғызған түрлі науқан-сынақтар Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесі төралқасы комиссиясының 1992 ж. 22 желтоқсандағы шешімінде көрсетілгендей ұлт апатына алып келді.

Соғыс жылдарындағы Қазақстанда тұратын этностардың пайыздық көрсеткішінде: қазақтар – 38%, орыстар – 40,2% құрады (Депорт. в Казахстан нар., 1998: 296). Осылайша, республикада ұлттық құрам жағынан басым орыс ұлты болды. Қоныс аудару саясатының тағы бір себебі – орталықтың ықпалын күшейту болды, жоғарғы билік өкілдері орталыққа қажет саясатты қонысаударушылар арқылы іске асыруды, республикалардың ұлттық бірігуіне тосқауыл қоюды және шикізат ресурстарына толық иелік етуді көздеді.

Қорытынды

Саяси күрес жылдары жазықсыз қуғындалған жеке адамдар мен тұтас ұлттар тағдырына өзгеріс тек 1950 жылдардың ІІ жартысында ғана енгізілді. 1956 жылы жеке басқа табынушылықты айыптауға байланысты саяси репрессия құрбандарын ақтау басталып, жаппай жер аударылған халықтар тағдырында өзгерістер орындалды. 1957 жылы бұрынғы ликвидацияланған (таратылған) автономияны қайта қалпына келтіруге және отанына қайтып оралуына басқа ұлттарға құқықтық басымдылық берілсе де, Қырым татарларына Қырымға қайтуға мүмкіндік берілмеді.

1967 ж. 5 қыркүйектегі депортацияға,

яғни «күштеп қоныс аудару» процесіне тура 23 жыл өткен соң Қырым татарларына тағылған айыпты алып тастау туралы шешім қабылданды (Қырым татарлары, 2015;2). Осы жарлық негізінде татар ұлтының Кеңестер Одағының кез-келген аумағына көшіп-қонуына және отандарына оралуға рұқсат етілді. Алайда, бұл мемлекеттік шешім тек декларациялық сипатта қалып қойғанын көрсетті. Қырым татарларының жекелеген топтары отандарына қайту үшін жергілікті билікке қарсылық көрсетуге талпынса да, неміс ұлтына, Қырым татарлары мен түріктерге ерік берілген жоқ.

1974 жылы 9 қаңтарда КСРО Жоғарғы Кеңес Президиумының «КСРО-ның кейбір заңнамалық актілерінің күшін жою туралы» жарлығы шыққанымен, бұдан да Қырым татарларына ешқандай пайда болмады. Тек, қайта құрудан соң демократиялық қозғалыс кезінде қоғамдық күштердің қысымымен Қырым татарлары мен түріктердің талаптары туралы 1989 жылы 14 қарашада КСРО Жоғарғы Кеңесінің «Күштеп қоныс аударуға ұшырағандардың құқықтарын қамтамасыз ету, халыққа қарсы заңсыз және қылмысты репрессиялық актіні тану жөніндегі декларациясы» қабылданып, онда саяси қуғын-сүргін айыпталған болатын (Сон Ен Хун, 2010).

1991 жылы 7 наурыздағы шешіммен күштеп көшірілген кейбір халықтардың құқығы сақталуын және олардың ұлттық автономияларының таратылуына негіз болған мемлекеттік заң актілерінің күшін жоюды қамтамасыз ету шаралары белгіленді. Осылайша, тоталитарлық жүйенің қуғын-сүргініне ұшыраған қырым татарларының тұрақты, әрі тоқтаусыз күресі нәтижесінде жаппай Қырымға

қайта оралу процесі бастады. 1967 жылы Қырымда 207 қырымдық болса, 1979 жылы 13 мың, 1989 жылы 35 мың адамға жеткен (Еңсенов, 2003:53).

Қазіргі таңда Қазақстанның әр облыстарында жиырмадан астам татар халқының ұлттық мәдени орталықтары белсенді жұмыс атқаруда. Алғаш болып 1990 жылы 6 наурызда №5-274 қалалық кеңес шешімімен тіркелген татар ұйымы Семей қаласында құрылған. 1990 жылы 13 қаңтардан бастап, «Семей таңы» газетінде татар тілінде «Ғалиябану» парақшасында, арнайы бөлімде татар ақындарының татар тіліндегі өлеңдері жарияланып отырды. Сондай-ақ, татар ұйымының құрылуы мен негізгі мәселелері, татардың ұлттық тағамдары мен салт-дәстүрлері, ұйымның жетістіктері туралы мақалалар жарық көрген.

Бүгінде республика аумағында 26-дан астам татар және татар-башқұрт ұлттық-мәдени орталықтары жұмыс жасауда. Құрылған татар қоғамының басты мақсаты татар тілін, мәдениетін және салт-дәстүрін жастар арасында кеңінен насихаттап, ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалу болып табылады. 1995 жылы Қазақстанда Қазақстан Халықтар Ассамблеясы қолдауымен татар және башқұрт ұлттары бірігіп, жиырма сегізден астам республикалық, аймақтық ұлттық-мәдени татар ұйымдарын құрды. Оның 6-ы Батыс Қазақстанда, Алматы облысында – 5, Шығыс Қазақстанда – 3 және Алматы қаласында 2 мәдени орталық жұмыс жасайды (Астана, 2002: 184).

Қазақстан аумағындағы татар ұлтының ең ірі мәдени бірлестігі «Қазақстандағы татар ассоциациясы және татар-башқұрт қоғамдық және мәдени орталығы «Идел («Еділ»)» болып

табылады. Бұл ұйым республиканың 14 облысындағы 18 ұлттық-мәдени орталығын біріктіруші және Қазақстан Халықтар Ассамблеясының толық мүшесі болып табылады. «Идел» бірлестігінің ұйымдастыруымен жыл сайын ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастырып, татар мәдениетін сақтаудағы өзекті мәселелері, «Сабантой» мерекесін ұйымдастыру, Өскемен, Семей қалаларында өткізілетін «Ертіс әуені» атты музыкалық фестивальді ұйымдастыру мәселелері қарастырылады.

«Ертіс әуені» фестивалін ұйымдастырушы Семейдегі «Возрождение» татар ұлттық қоғамдық бірлестігінің басшысы Габдулхак Ахунзянов. Бір ғана Семей аумағында «Иртыш моннары» ән-би ансамблі, «Исталек» фольклор-этнографиялық ансамблі, «Ильгам» баян клубы, «Туған тел» әдеби-музыкалық клубы, «Ак калфак» әйелдер клубы, «Семей татарлары» газеті т.б өз жұмысын жалғастыруда. Орталықта сондай-ақ татар тілін оқыту бөлімдері жұмыс жасайды. Орыс ұлттары көп орналасқан Солтүстік Қазақстан аумағында мешіт, медресе салып, жастарды рухани бағытта насихаттау үшін татар әдеби шығармаларын көптеп басып шығару қолға алынған. Мектеп бітірушілерге ешқандай ұлттық ерекшеліктеріне байланысты шектеу қойылмай, өз білімдерін жалғастыру үшін Қазақстанның жоғары оқу орындарында, сондай-ақ, Қазанда, Москвада білім алуда. Қазақстанның Петропавл, Алматы, Павлодар, Өскемен, Астана т.б қалаларында татар тілін оқытатын жексенбілік мектептер жұмыс жасауда (Сон Ен Хун: 2010).

Қырым халықтары арасында Қазақстан қоғамының экономикасына,

әлеуметтік-мәдени дамуына және білім саласына өлшеусіз үлес қосып, жергілікті халықпен араласып, Қазақстанда тұрақтап қалғандары көп болды. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алған уақыттардан бастап, республика аумағында өмір сүріп жатқан халықтарға барынша жағдай жасалынып, әр ұлттың өз мәдениеті мен тілін дамытуға көмек көрсетілді. Соғыстан кейінгі жылдары Қырым татарлары деген ұғым Қазақстанда уақыт өте жойылып, Қырым татарлары жергілікті татар этносымен бірге есепке алынып, статистикалық мәліметтерде

бірге айтылатын болды.

Қоныс аударушы Қырым халқы Қазақ халқының этнодемографиялық жағдайына мол ықпалын тигізіп ғана қоймай, осы өңірлерде біржола тұрақтап қалды. Сол бір басқа түскен ауыр азап жылдарында біріне-бірі сүйеу, пана болған тағдырлас халықтар бүгінде демократиялық, құқықтық мемлекет құрап жатқан Қазақстанның көп ұлтты біртұтас қауымдастығына айналып отыр. Алайда, ұлтты тарихи мекенінен күштеп көшіру тарихтағы ұлтқа жасалған жазалардың ең ауыры болды.

Дереккөздер

Ресей Федерациясының мемлекеттік мұрағаты (РФММ.Ф.Р).-9479. Оп.1.Д.646.Л.1-70, Д. 648. Л.1-21
РФММ.Ф.Р.-9479. Оп.1.Д.646.Л.1-70, Д. 648. Л.1-22
РФММ.Ф.Р.-9401.Оп.2.Д.-65.Л.162-163
РФММ.Ф.Р.-9401. Оп.1.Д.-65.Л.41-44

Әдебиеттер

1. Айтжанова А. Крымские татары в Казахстане // Қазақ тарихы. №2 (125), ақпан-наурыз, 2014. 19-21 бб.
2. Бабалиев С. Депортация кезінде Қырым татарларының 46 пайызы қаза болған // Аңыз адам. №20, 2014. 25 б.
3. Бугай Н.Ф. Депортация народов Крыма. Москва: «ИНСАН», 2002. 240 с.
4. Еңсенов Қ. Депортацияланған халықтар және Қазақстан // Қазақ ордасы. №3. 2003. 53-55 бб.
5. Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. Насилие над крымскими татарами. Алматы: Арыс –Қазақстан, 1998. с. 293-297.
6. Сон Ен Хун. Қазақстандағы аз ұлттардың қатынастары және әлеуметтік-саяси тарихы. // Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2010.
7. История депортированных народов Казахстана (1937-1956 гг). Алматы, 2008. с.40-43.
8. Калыбекова М.Ч. Казахстан как объект переселения депортированных народов (1937-1956 гг. Исторический аспект) // Казахский Национальный педагогический университет имени Абая. Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Алматы, 2005. с. 150.
9. Қырым татарлары // Ислам және Өркениет. 11 мамыр, 2015 <http://www.islam-orkeniet.kz/>

10. Қожаханова Қ.К. Қазақстанға жер аударылған халықтар және олардың Республиканың халық шаруашылығын қалпына келтіріп, дамытуға қосқан үлесі (1946-1960 жылдар) // Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. - Алматы, 2007.

11. Рассчитано по: Национальный состав населения Республики Казахстан: Итоги переписи населения 1999 года в Республике Казахстан // Статистический сборник / под ред. А. Смаилова. – Алматы, 2000.- Т.1.-199 с.

12. Ражепаева Ф.З. Татары Казахстана в 1970-1999 гг. историко-демографический аспект. Дисс. На соискание ученой степени кандидат историч.наук. Караганда, 2008, -173 с.

13. Рассчитано по: Информационно-справочный бюллетень Ассамблеи народов Казахстана.- Астана, 2002.-184 с.

14. Итоги переписи населения Крымского федерального округа (PDF). Москва: Федеральная служба государственной статистики России. 2015. с. 108. ISBN 978-5-4269-0054-7.

15. Национальный состав населения Республики Казахстан: Итоги переписи населения 1999 года в Республике Казахстан // Статистический сборник / под ред. А. Смаиловой, Алматы, 2000, с.199.

References

1. Aitzhanova A. Crime Tatars in Kazakhstan. Historia Kazakhstan.No.2 (125), February – Martius, 2014, pp. 19-21. [in Rus.]

2. Babaliev S. 46% Sceleris Tatarorum in deportatione mortuus est. Anyz Adam, N 20, 2014, p. 25. [in Kaz.]

3. Bugay, N. F. Deportatsiia narodov Kryma: Dokumenty, fakty, kommentarii, [Deportationes populorum Crimean: Documenta, Facts, Commentarii], Moscoviae: INSAN, 2002. 202 p. [in Rus.]

4. Ensenov K. Transtulit Homines et Kazakhstan. Kazakh Orda, 2003, N3. pp. 53-55 [in Kaz.]

5. Numeratur in: Compositio nationalis incolarum Reipublicae Kazakhstanae: Proventus incolarum census anno 1999 in Republica Kazakhstan // Collectio Statistica / edited by A. Smailova, Almaty, 2000, p.199. [in Rus.]

6. Numerata sunt: Informationalis et inquisitio Acta Conventus Populi Kazakhstan. Astana, 2002, pp.

7. Chersonesum Tartarorum. Islam et Orkeniet, die 11 maii 2015, <http://www.islam-orkeniet.kz/> [in Kaz.]

8. Kalybekova M. Kazakhstan ut obiectum census transtulit homines (1937-1956). Aspectus historicus), Kazakh universitas paedagogica nationalis ab Abay, Almaty nuncupata. 2005, pp. 150 [in Kaz.]

9. Kozhakhanova K.K. Homines in Kazakhstan deportaverunt eorumque collationem in restitutionem et progressionem agriculturae reipublicae (1946-1960), Almaty, 2007, pp.237 [in Kaz.]

10. Historia populi ad Kazakhstan deportatum (1937-1956), Almaty, 2008, pp.

11. Kalybekova M. Kazakhstan ut obiectum census transtulit homines (1937-1956).

Aspectus historicus), Kazakh universitas paedagogica nationalis ab Abay, Almaty nuncupata. 2005, pp. 150 [in Kaz.]

12. Homines ad Kazakhstanum transtulit: tempus et fata. Almaty, 1998, pp.

13. Filius En Khun. De Relationibus Nationum in Kazakhstan et eorum Sociali – Historia Politica, Dissertatio praeparata ad acquirendum gradum Scientiae Historicae Candidatae. Almaty. 2010, pp.

14. Razhepaeva F.Z. Kazakstan Tatars In 1970-1999, Historica et Demographica Aspect, Dissertatio de Gradu Candidati Scientiae Historicae, Karaganda, 2008, pp.

15. Proventus incolarum census in Districtu foederali Crimeano (PDF). Moscoviae: Statistics servitii Civitatis Foederalis Russiae. 2015. p. 108. ISBN 978-5-4269-0054-7. [in Rus.]

***Оспанова А.К.¹, Шораев Б.К.²**

¹Национальный музей Республики Казахстан
г.Астана, Казахстан

²Научно-исследовательский центр археологии и этнографии
г.Кызылорда, Казахстан

*e-mail: ospanova_akmaral@mail.ru

ИСТОРИЯ КРЫМСКИХ ТАТАР, ДЕПОРТИРОВАННЫХ В КАЗАХСТАН: АНАЛИЗ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ ДАННЫХ

Аннотация. В годы второй мировой войны СССР депортировал в Центральную Азию в район Узбекистана и Казахстана более 50 национальностей по обвинению в контакте с гитлеровской армией. Так, в результате сталинской тоталитарно-политической системы тысячи людей были безвинно наказаны.

Исторические судьбы вынужденно эмигрировавших людей и этносов, их социальные и экономические условия были закрытой темой. Только в 90-е годы XX в. начиная с периода распада СССР и обретения независимости республиками, впервые были написаны научные труды о пострадавших от вынужденной эмиграции, были раскрыты засекреченные архивные документы, и появилась возможность исследовать это с исторической точки зрения. Одним из народов, насильно депортированных с родной земли были крымские татары.

В научной статье рассмотрены причины и последствия вынужденной эмиграции крымских татар, в том числе болгар, греков, армян в Крыму. В статье приводится информация о социальном и материальном положении иммигрантов после их депортации на территорию Казахстана. Также был проанализирован национальный состав крымчан до депортации и точное количество иммигрантов на основе архивных документов.

Многосторонне были заявлены не только вклады депортированных народов в восстановление экономики республики после войны, но и

вредные стороны политики насильственной депортации для Казахстана. Проанализировав политические меры, принятые для правового обеспечения крымских татар и их восстановления, была дана информация о современных культурных центрах и деятельности людей, оставшихся на постоянное жительство на территории Казахстана.

Ключевые слова: депортация, Крымские татары, Казахстан, Союз Советских Социалистических Республик, Вторая мировая война.

Для цитирования: Оспанова А., Шораев Б. История крымских татар, депортированных в казахстан: анализ на основе архивных данных // Мадени мұра. 2023. №4 (103). 82-102 с.(рус.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2023.v16.i4.08>

***Ospanova A.K.¹, Shoraev B. K.²**

¹National Museum of the Republic of Kazakhstan
Astana, Kazakhstan

²Research Center of Archeology and Ethnography
Kyzylorda, Kazakhstan

*e-mail: ospanova_akmaral@mail.ru

HISTORY OF CRIMEAN TATARS DEPORTED TO KAZAKHSTAN: ANALYSIS BASED ON ARCHIVED DATA

Abstrakt. During the years of the second world war in the Union of Soviet Socialistic Republics more than 50 nations were emigrated with blame that they had a contact with Hitler's military army deported to Central Asia, including the areas of Uzbekistan and Kazakhstan. So due to the result of such Stalin – totalitarian political system, thousands of people were innocently punished.

Historical fates of forcedly emigrated people and ethnos, their social and econonmic conditions have been a closed theme. Only in 90s of XX c. starting from the period when the USSR was broken down and the United Republics got their independence, scientific works about suffers of forced emigration were written for the first time, the archieve documents which were secret before have been disclosed and there was a possibility appeared to investigate it from the historical point of view. One of the nations who were deported by force from their Motherland were the Crimea Tatars.

In the scientific article the reasons and consequences of forced emigration of the Crimea Tatars including Bulgarians, Greeks, Armenians in Crimea have been considered. Information about social and material conditions of the immigrants after they were deported to the territory of Kazakhstan was given in the article. Also it analyzed the national composition before the deportation of Crimea people and exact numerical ratings of immigrants based on the archive documents.

Not only contributions of the deported nations made into the restoration of

the Republic's economy after the years of the war but also harmful sides of the policy of forced deportation for Kazakhstan were multi-sided stated. Having analyzed the political measures taken for the legal conditions of the Crimea Tatars and their restoration, here was given information about nowadays cultural centers and their activities of the people stayed to live permanently in the territory of Kazakhstan.

Keywords: Deportation, The Crimean Tatars, Kazakhstan, The Union of Soviet Socialist Republics.

For citation: Ospanova A., Shorayev B. History of crimean tatars deported to kazakhstan: analysis based on archived data// Madeni mura. 2023. №4 (103). 82-102 p. (eng.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2023.v16.i4.08>

Авторлар туралы мәлімет:

1. Оспанова Ақмарал Кенжеахметовна, PhD доктор, Қазақстан Республикасы Ұлттық Музейінің ғылыми қызметкері. Тәуелсіздік дағ., 54, Астана, Қазақстан Республикасы,

ORCID: 0000-0003-2436-7109

2. Шораев Бағлан Кошкарлович, Гуманитарлық ғылымдар магистрі, Археология және этнография ғылыми орталығының ғылыми қызметкері, Әйтеке би 29а, Қызылорда, Қазақстан.

ORCID: 0000-0001-8926-9265

Сведения об авторах:

1. Оспанова Ақмарал Кенжеахметовна, PhD доктор, научный сотрудник Национального музея Республики Казахстан. пр. Тауелсиздик 54, г. Астана, Республика Казахстан,

ORCID: 0000-0003-2436-7109

2. Шораев Бағлан Кошкарлович, магистр гуманитарных наук, научный сотрудник научно-исследовательского центра археологии и этнографии, Айтеке би 29а, Кызылорда, Казахстан.

ORCID: 0000-0001-8926-9265

Information about the author:

1. Ospanova Akmaral Kenzheakhmetovna, PhD, Researcher, National Museum of the Republic of Kazakhstan, Tauelsizdyk Ave. 54, Astana, Republic of Kazakhstan,

ORCID: 0000-0003-2436-7109

2. Shorayev Baglan Koshkarovich, Master of Humanities, Researcher of the Research Center of Archeology and Ethnography, Aiteke bi 29a, Kyzylorda, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0001-8926-9265

Биялова Г.Ә.¹¹«Алматы қаласы музейлер бірлестігі» Алматы музейі

Алматы қ., Қазақстан

¹e-mail: mira.bilyal@yandex.kz

XIX-XX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ АЛМАТЫЛЫҚ ҚАЗАҚТАР: ТАРИХИ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Мақалада еліміздің мәдениеті мен өркениеті тоғысқан ортасы, Жетісудың көркі – Алматы қаласының зиялылары, ірі саяси тұлғалар мен айтыскер ақындар туралы баяндалады. Мыңжылдық тарихы бар көне қаланың өмірі талай рухани байлығымыздың үлгілерін айғақтауда. Соңғы жылдардағы тарихи зерттеулер нәтижесінде XIX-XX ғасыр аралығындағы Алматы қаласының қазақ тұрғындарының қоғамдық, саяси, рухани, мәдени өмірінің көпшілікке беймәлім беттері ашылды. Көне заманнан келе жатқан жазба құжаттар мен фактілер тарихты сақтаудың басты құралы бола тұрып, қазақ халқының басынан өткен елеулі оқиғалар, тарихи есімдер басқа елдердің тілінде жазылған. Мұндай жазба деректер қала, өлке тарихының мәселелерін зерттеуде маңызды орын алады. Алматы тарихы бойынша жазба деректер (қолжазбалар, шығыс және батыс ерте баспа кітаптары, орыс мұрағат материалдары) Франция, Италия, Иран, Түркия, Сирия, Ұлыбритания, Ресей, Өзбекстан, Қытай, Үндістанның ғылыми орталықтарында, қолжазба қоймаларында сақтаулы. Ғылыми мақалада мұрағаттық зерттеулердің нәтижесінде XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бірінші жартысындағы Алматы қаласында өмір сүрген Алаш қозғалысының танымал қайраткерлері Б. Сыртанов, М. Тынышбаев, С. Аманжолов, Ы. Жайнақов, Б. Мәметов т.б., қайталанбас өнер шеберлері Жамбыл, Шашубай, Қатағандардың айтыстарынан тың деректер пайдаланылған.

Кілт сөздер: Алматы, мұрағат, Жетісу, ұлт-азаттық, Алаш, айтыс.

Дәйексөз үшін: Биялова Г.Ә. XIX-XX ғасырлардағы алматылық қазақтар: тарихи талдау // Мәдени мұра. 2023. №4 (103). 103-113 б.(қаз.)

DOI:<https://doi.org/10.47500/2023.v16.i4.09>

Кіріспе

Алматы қаласының тарихы тәуелсіз Қазақстанның жүріп өткен көп ғасырлық күрделі жолының айғағы. 2016 жылы Париждегі ЮНЕСКО штаб-пәтерінде Алматы қаласының

мыңжылдық мерекесі аталып өтті. Алматы XII-XIV ғғ. қаланың, сауданың, оның ішінде халықаралық мәдениет пен идеологияның барлық белгілеріне ие болған мекен. Алматыда монета

ауласының (двор) болуы қаланың өзінің өмір сүруін жалғастырғанын және XIII-XIV ғасырларда монета аулаларының бірі ежелгі Алматыда болғанын растайды. Кейінгі тарихи оқиғалар Жетісу аймағын бүкіл Қазақстанның ең елеулі орталығына айналуына негіз болды. Оған Қазақ хандығының қалыптасуы, қазақ халқының жоңғарлармен шайқасуы, Ресей империясының құрамындағы кезеңі, XX ғасырдағы саяси төңкерістер, жаңа қоғамдық құрылымдарды бастан өткізгені дәлел. Яғни, Алматы қаласы халқымыздың ғасырлық құнды материалдық-рухани мәдениетінің үздік үлгілерінің ұйытқысы. 1867 жылы қала мәртебесін алған Верный бекінісі «Үлкен Алматы» станицасынан ары қарай, оңтүстігінде Құлжа көшесімен, батыс жақтан Солдатская көшесімен шектелді. Ташкентке баратын жол үстінде үйлер салынып, оңтүстік бағытта әскери алаңдар тұрғызылды. Осы жылдары алты мыңнан аса қала тұрғындарының көбі әскери адамдар және отбасылар болды. Қалалықтардың саны өсе келе 1870 жылы он екі мыңнан асты.

Материалдар мен әдістер

Өркениет жылнамасында қалалар тарихы аса маңызды орын алады. Алматы туралы зерттеулер қаланың тарихы жүздеген жылдар бойы үзілмегенін дәлелдейді. Ғасырлар бойы мәдениеттердің араласуы қаланың еуразиялық өркениет орталығы ретінде қалыптасуына негіз болды. Зерттеу барысында Қазақстан қалаларының тарихнамасындағы Алматыға байланысты ғылыми зерттеулер саны аз екені анықталды. Мақаланың тақырыбын ашатын, маңыздылығын айғақтайтын тарихи деректер

толығымен архив қорларында әлі де болса көпшіліктің назарынан тыс қалып жатыр. Зерттеудің басты дерек көзі Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағатының құжаттары болып табылады.

Алматының тарихына арналған зерттеулерде жалпылама сипаты немесе жекелеген тақырыптарды қамтыған. Кеңестік зерттеудегі басты кемшілік қаланың тарихы біржақты, Верный кезеңінен басталатыны. Бұл идеологиялық ұстаным сол кездегі зерттеулерге сын көзбен қарауды қажет етеді. Алматының мыңжылдық тарихы қола дәуірінен басталады деген ғылыми тұжырым тұңғыш рет екі томдық «Алматы тарихы» ғылыми басылымында айтылған (Алматы қаласы тарихы., 2010:99). Белгілі археологтар, тарихшылар, шығыстанушылар және Алматы музейінің ғылыми қызметкерлері жазған бұл зерттеуді қаланың мыңжылдық тарихын қамтитын энциклопедиясы деп атауға болады. Бұл ғылыми еңбекте «...Қала тарихы Ресей әскерлері келіп, бекіністің салынуымен, одан кейін Верный қаласының іргесі қалануымен басталды, деген пікір ғана кеңінен насихатталды. Өткенге немқұрайлықпен қараудың көрінісі – ежелгі сақ қорғандарын бұзудан, жаңа жарқын өмірге «кедергі жасаған» ортағасырлық қалашықтардың үстіне құрылыс жүргізуден көрінді» деп, Алматының көне мекен екенін баяндайды (Алматы тарихы, т 1., 2006).

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының 2010 жылы жарық көрген «Алматы қаласының тарихы тұлғалар келбетінде» атты жинақта қала тарихына қатысты архивтік тың деректер келтірілген (Алматы қаласы тарихы., 2010:99). Мақала жинағында Жетісудағы Алаш

қозғалысының белсенді қайраткері Ы. Жайнақовтың өмірбаяны туралы тың мәліметтер берілген.

Ғалым, заңгер С. Өзбекұлы «Барлыбек Сыртанов» атты мақаласында XX ғасырдың басында отаршылдық жүйемен күрескен саясаткер, шығыстанушы, қоғам қайраткері Б. Сыртановтың өмірі және Алматы қаласы туралы ақпарат ұсынылған (Өзбекұлы, 1996).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық мұрағатының 41-ші, 44-ші, 9-ші, 48-ші, 15-ші қорларынан XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бірінші жартысындағы Алматы тұрғындарының әлеуметтік-демографиялық, экономикалық, діни-конфессиялық жағдайы, ұлттық құрамы т.б. туралы тың мәліметтер пайдаланылды.

Мақаланың мақсаты XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ тұрғындарының қаланың саяси, мәдени, сауда-саттық, ағартушылық өміріне қосқан үлесін анықтау, зерттеу тақырыбына қатысты архив деректерін ғылыми айналымға енгізу және қаланың мәдени дамуына үлес қосқан тұлғалар туралы ақпарат беру болып табылады. Мақаланы жазу барысында нақтылы фактілік материалдарды талдау, ғылыми зерттеуді салыстырмалы негізде жүйелеу және жинақтау әдістері қолданылды.

Талқылау

XIX ғасырдың екінші жартысында Жетісу аймағына Ресей империясының қоныстау саясаты нәтижесінде ежелгі Алматы қаласының орнында Верный әскери бекінісі қаланды. Бекініс тек әскери емес, саяси, әлеуметтік биліктің орталығы болып, 1867 жылы қалаға

айналды.

Белгілі географ, тарихнамашы Н.А. Абрамов 1860 жылдың қазан айында Алматыға келгені баяндалады. Верный бекінісінің негізі орта ғасырлардағы Алмату, яғни «алмалы» қала орналасқан жерде қаланды. 1883 жылы қала тұрғындарының саны 18040, ал 1885 жылы 21521 адамға жетті. Қаладағы Статистикалық комитет 1879 жылы құрылған. Осы кезеңге дейінгі қаладағы қазақтардың саны туралы деректерді шартты деп атауға болады. Қалалық сауда мен қолөнерді дамытумен, сондай-ақ қаланы көгалдандыру бойынша маусымдық жұмыстармен байланысты қазақ халқының көбею үрдісі болғаны сөзсіз. (Алматы тарихы, 2 т., 2009:47)

Архив деректеріне сәйкес 1893 жылы қалалық қазақтар 1038 адамды құрады, яғни қазақтар халықтың жалпы саны 26 405 адамның 4 пайызын ғана құраған. Мұнда қазақтардың бір бөлігі 13153 адамнан тұратын мешандық тапқа (сословие) жазылғанын есте ұстаған жөн. Осы саннан қазақтардың санын есептеу керек. 1911 жылы Верный уезінде 259 370 халықтың 157 357-і қазақтар болған, бұл жалпы санның 60,8 пайызы еді (История Алматы в документах, т.1, 2008: 34).

Қала 1867 жылы Жетісу облысының орталығына айналғанымен саяси емес, әскери және әкімшілік міндетін атқарды, себебі бұл жерде Сібір казактарынан тұратын Жетісу казактар әскері құрылды. Қала үш жағынан казактардың жерімен қоршалып, тек Кіші Алматы жағалауы бойындағы жер қалаға қарады. Казактар жеріне, құрылыс салуға жалгерлік ақыны көтеріп, «патша және отан алдындағы» еңбегі үшін құнарлы егістік және жайылым жерлерді үнемі иемденіп отырған. Берілген жерді өңдей алмағандығынан казактар оны қалаға көшкен мешандар мен шаруаларға

сатып не жалға берген. Шөл және шөлейт далаға қуылған қазақтардың малы өлім-жітімге ұшырады. Жетісу облысында 1883-1897 жылдар арасында жем-шөптің тапшылығынан көшпелі қазақтардың 1096389 мал басы қырылған» (Алматы тарихы, 2 т., 2009:41).

Осындай қилы заманда қалаға қоныстанып, жаңа кәсіптерді игерген немесе байырғы кәсібін жалғастырған қазақтардың саны жыл сайын өсіп отырды. Мұрағат деректері Пушкин және Қазыналық бақтарда көшет отырғызумен, шабындықпен айналысқан жалданған қазақ жұмысшылары болатын (ҚР ОММ, И-44 қор, 38687 іс, 101 парақ). Қазақтардың арасында кәсіби бағбандар да болды. Бүгінде Алматыда атақты бағбан Дүйсембі Жарқымбаевтың ұрпақтары тұрады. Жетісу ауылшаруашылық қоғамының төрағасы Э. Баумның «Дүйсембі Жарқымбаев бағбандық кәсібіндегі шеберлігі үшін марапатталады» деген Мақтау грамотасы Алматы музейінде сақтаулы. Бағбан қазіргі Амангелді көшесінде тұрған. Сол кездегі Алматы көшелері таптық (сословиелік), этникалық немесе тектік белгілері бойынша аталғаны белгілі. Осылайша, қалада Первогильдейская, Мещан, Солдат, Дүнген, Тараншы, Сарт, Қазақ (Қырғыз) (1925 жылға дейін қазақтар қырғыздар деп аталды) және басқа көшелер пайда болды. Соңғы көшенің тұрғындары қазақтар болғаны анық. Кейіннен көшеге Амангелді батырдың аты берілді. Бағбандыққа, бау-бақшалыққа бейім Жетісудің қазақ балалары 1870 жылы Қазыналық бақтың жанынан ашылған бау-бақша училищесінде білім алды. Олардың ішінде 1902 жылы Әбуір Түркебаев училищені ойдағыдай бітіріп, Құрметі шатқалында өзінің бау-бақша мектебін

ашқаны мұрағат деректерінен белгілі (ҚР ОММ, 44 қ, 1 т, 10 іс, 5-6 бб).

1877 жылы ерлер гимназиясының жанынан 16 қазақ баласына арналған пансионат құрылады. Жыл сайын қазақ оқушылардың саны артып отырған. Бұл оқу орнының түлектерінің арасында көрнекті мемлекет, саяси және қоғам қайраткерлері Жетісу облысының Мемлекеттік Думасының депутаты М. Тынышбаев, Санкт-Петербург университетінің шығыс тілдері факультетінде оқуын жалғастырған Б. Сыртанов болды. Кейін Б. Сыртанов «Алаш» партиясы Конституциясының мәтінін жазып, Омбы қаласында шыққан «Дала уалаяты» газетінде көптеген мақалалар жариялайды.

1899 жылы қалада құрылған «Халық ағарту ісін қолдаушылар» қоғамы бұқаралық оқулар мен тегін оқу залдарын, жексенбілік мектептер, бұқаралық кітапханалар, сахналық қойылымдар, концерттер ұйымдастырумен айналысты. Бұл қоғамға қаланың зиялылары белсене араласқан. Олардың ішінде Э.О. Баум, А.П. Зенков, А.А. Шавров, ағайынды Барлыбек және Тұрлыбек Сыртановтар, Б. Шалымбеков болды. Қоғам белсенділерінің ұйымдастыруымен Пушкин қыздар училищесінде, жетім балалар үйінде, түрме мекемелерінде қоғам мүшелері көпшілікті көркем әдебиетті оқуға тартып, тек бір жылдың ішінде 42 кітап оқытылып, физика, география сабақтары және музыкалық қойылымдар өткізілген (ҚР ОММ, 48 қ, 1 т, 539 іс, 120).

XX ғасырдың басында қалалық қазақтар арасында таптық стратификация байқалады, олардың ішінен саудамен, ғимараттар мен мектептер салумен айналысатын ірі кәсіпкерлер Қ. Ордабаев,

М. Пусырманов, Б. Жиенқұлов ерекше көзге түседі. Жетісу губернаторының атына хат жазып, Кімасар өзенінің бойынан үш ағаш үй салуға және құрылысқа қажетті ағаш алуға рұқсат алады. Медеу Пусырманұлы салғызған үйде орналасқан орман мектебінің жобасын архитекторлар Поль Гурдэ және А. Зенковтар жасаған болатын. Қазақ тілін меңгерген А. Зенков қазіргі Масанчи мен Қабанбай батыр көшелерінің қиылысында Медеудің ағаш үйі мен моншаның жобасын жасаған деген деректер бар (Алматы қаласының архив қызметі хабаршысы, 2019: 60-61).

Жетісуға аты жайылған кәсіпкер Қали Ордабаев Н. Пугасов, Ы. Ғабдулвалиев, З. Тазетдинов «адал саудагерлердің» тізіміне еніп, олардың жылжымайтын мүлкі миллион рубльге бағаланып, Жетісу облысы Халық Комиссарлары Кеңесінің 1918 жылғы 17 мамырдағы Жарлығымен тәркіленді.

Алматыдан Ташкентке дейін аты шыққан, қалада бірнеше үйге иелік еткен ірі кәсіпкер, білімді адам Қали Ордабаевтың есімі ерекше. Анықталған мұрағат материалдарында оның Алматыдағы Копальская 521, Гурде 26, Красноармейская 248, Солдатская 54, Пишпекская 846 және Құлжа көшелеріндегі үйлері туралы мәліметтер бар. (Алматы қаласының ОММ, 390 қор, 5 тізім, 15 іс, 2 парақ). Өз балалары үшін ағартушы Қ. Ордабаев Германиядан гувернант әйелді жалдағаны (суреті қалалық мұрағатта сақталған) және Қ. Ордабаевтың қызы Гүлжиһан Ғалиева Қазақстанның Халық әртісі атанып, Қазақ циркінің, эстрадалық-цирк училищесінің бастауында тұрды, «Гүлдер» эстрадалық ансамблінің негізін қалаушылардың бірі болған. «Бай қызы» деген атаумен қудалауға ұшырап, оқып жүрген институттан шығарылып,

КСРО Халық Комиссары төрағасының орынбасары Тұрар Рысқұловтың қолдауының арқасында оқуын қайта жалғастырып, Қазақстанның мәдениетіне елеулі үлес қосқан.

1917-1920 жылдардағы саяси және азаматтық қақтығыстар кезінде қазақ жұмысшылары мен қолөнершілері «Мұсылман жұмысшыларының біріккен одағы мен қара жұмысшылар одағының» негізін құрады.

1917 жылы сәуірде Алматы қаласында 83 делегат қатысқан Жетісу облыстық қазақ съезі өтті. Съезд төралқасының төрағасы болып ерлер гимназиясының түлегі, көрнекті саяси қайраткер Ыбырайым Жайнақов, оның жолдастары болып Қ. Ордабаев пен А. Құдайбергенов сайланды. Съезд тарихи шешім қабылдап, Орал, Торғай, Ақмола, Семей және Жетісу облыстарында арнайы рухани жиналыс құрғандығы туралы дерек сақталған (ҚР ОММ, 15 қор, 1 тізім, 1684 іс, 496 парақ).

Жетісу жерінен Мәскеу, Петербор, Қазан, Омбы, Орынбор жоғары оқу орындарынан жоғары білім алған, қазақ мәдениеті, ғылымы, біліміне үлес қосқан көрнекті қоғам қайраткерлері шыққан. XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында Санкт-Петербуркте 20 қазақ студенті білім алған. Олардың біреуі жоғарыда аты аталған Барлыбек Сыртанов Верныйдың ерлер гимназиясының үздік түлектерінің бірі болып, Санкт-Петербург университетінің шығыс тілдері факультетіне түседі. Оны үздік бітірген соң, Жетісу облыстық басқармасында қызметін жалғастырған.

Қазақ халқының болашағын ойлап, қызмет жасаған Барлыбек Сыртанов қазақ балаларына білім беру мәселесімен айналысады. Облыстық басқармада жауапты қызмет атқара отырып, Жетісудағы Қазан

төңкеріске дейінгі Қазақстандағы үздік оқу мекемелерінің бірі саналған «Мамания» мектебін ашуға қатысады. Бұл мектепте көрнекті саяси және қоғам қайраткерлері Г. Мұсағалиев, М. Тынышбаев, К. Тоғысов және басқа да қазақ зиялылары сабақ берген. Қарағаш ауылында 1899 жылы Маман Қалқабайұлының қаржысына үш сыныптық мектеп ашылады. Кейінірек оның балалары Тұрысбек, Сейітбаттал, Есенқұлдар сегіз жылдық мектеп салады.

«Мамания» мектебінің медреседен айырмашылығы оқушылар арнайы білім алу үшін қажетті өндірістік дағдылар алатын болған. Кедей отбасының балалары тамақпен және интернатта жатар орынымен тегін қамтамасыз етілді, тегін оқулықтарды пайдаланды. Орынбор, Уфа, Қазан қалаларынан шақырылған оқытушылар келісім-шарт бойынша қызметке алынып математикадан, физикадан, табиғаттанудан, тарихтан сабақ берген. Мектептің үздік оқушылары Ресейге оқуға жіберіліп, мектеп қаржысынан шәкіртақы алып отырған. Қазақ жеріне қайта оралған олардың көпшілігі «Мамания» мектебінде сабақ берді, басқа да ауылдарда жаңа әдіспен жұмыс істейтін мектептер ашады. Біраз жылдан кейін «Мамания» Ақсу, Лепсі, Қапал және т.б. жерлердегі бірінші ұлттық мектептер үшін өзіндік оқу-тәрбие, әдістеме орталығына айналады (Алматы қаласының тарихи тұлғалар, 2010:125).

«Мамания» мектебінің оқытушысы Ғабдолғазиз Мұсағалиевтің «Жетісу қазақтарының жайынан» атты мақаласы 1914 жылы «Қазақ» газетінде жарық көрді, мақалада ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамының тарихы, саяси өмірі, шаруашылығы, мәдениеті туралы мәлімет берілген. Мақалада: «...Мұнан 40 жыл бұрын бұл жердегі қазақтар

қойларын, жабағыларын сауда-саттық жасап тастап кететін болған. Тоқты бағасы 50 тиын болған. Тайынша 2 сом, тай 4-5 сом болған. Сауда қылып мал сатушылар Хиуа, Бұхара саудагерлері еді, қазақ ішіне Азия тауары көп тарайтын еді. Орыстар Жетісуға келді. Мәскеу байларынан кездемелерін қазақ ішіне әкеліп 2-3 есе пайдасына сатқан, қазақ ішіндегі бос есебінде жатқан жүн, жабағы, тері һәм аяқты малды арзан алып, алыс базарға апарып, көп пайда көрушілер татарлар болды. 10-15 жылдан бері қазақтың малы аса кеміп бұрынғы байлықтарының төрттен біріндей-ақ қолдарында байлық қалған» (Туған өлке, 2003: 27-34) деп, қазақ қоғамының сол кезеңдегі өмірі туралы баяндайды.

ХХ ғасырдың басындағы Жетісудың қоғамдық-саяси тарихында Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлері, Жетісудың «Алаш» партия ұйымының мүшелері С. Сабатаев, С. Аманжолов, И. Жайнақов өз өмірлерін империялық қанаушылықпен күреске арнады. Ыбырайым Жайнақов 1884 жылы Үлкен Алматы болысында дүниеге келген, 1902 жылы Верный ерлер гимназиясын бітіріп, Жетісу облыстық басқармасында қызмет еткен. 1910 жылы 21 қазан күні Ұзынағаш мекенінде Б. Сыртанов, Н. Дәулетбақов басқарған съезге қатысқан, Ы. Жайнақов қазақ халқының мүддесін қорғау жолында еңбек сіңірген ұлт тұлғасы болды (ҚР ОММ. 9 қор, 1тізім, 14 іс, 1парақ).

Бұл съезд шешімімен Жетісу жеріне Ресей шаруаларының қоныс аударуын тоқтату қажеттілігі талап етіліп, Б. Сыртанов пен Д. Сауранбаев Петерборға арнайы петиция жеткізетін болды. 1917 жылы 12 сәуірде Верный қаласында Ыбырайым Жайнақов төрағалық еткен Жетісу облыстық

қазақ-қырғыз съезі өткізіліп, съезде мемлекеттік құрылыс, дін, баспасөз, ұлтаралық қарым-қатынас т.б. мәселелерді қарастырды. Қытайдан қайтқан қазақ-қырғыз босқындарына ыңғайлы жер беруді, тамақ ішетін пункттерді ұйымдастыруды, ақшалай жәрдем етуді қолға алды (Алматы қаласы тарихи тұлғалар, 2010: 95, 96).

Жетісу облыстық Қазақ комитеті Уақытша үкімет құрған Бас жер комитетінің жергілікті басқармаларына өз өкілдерін енгізу арқылы жер мәселесінің қазақтар мен қырғыздар пайдасына шешілуін қадағалауға алды. Ы. Жайнақов 1918 жылы қаңтарда екінші Жетісу облыстық қазақ-қырғыздарының съезі қабылдаған қаулымен Алаш милициясын құруға атсалысқан. Алайда, Түркістанда қарулы қақтығыстардың нәтижесінде билік Кеңес үкіметіне өтіп, Ы. Жайнақов бірқатар қазақ қайраткерлерімен абақтыға жабылады. Кейіннен абақтыдан қашқан Ы. Жайнақов Қытайға өтіп, сол жерде 1938 жылы түрмеде қаза болды (Алматы қаласы тарихи тұлғалар, 2010: 98).

Жалпы сол кездегі Алматы қаласындағы ерлер гимназиясының түлектерінің қоғам қайраткерлеріне, саясаткерлерге айналуында Барлыбек Сыртановтың ықпалы жоғары болды. Б. Сыртановтың шәкірттерінің бірі Мәскеудегі Лазарев Шығыс тілдері институтын бітірген Сатылған Сабатаев облыстық басқармада аудармашы болып еңбек еткен. Мәскеу ауыл шаруашылығы институтында екінші мамандық алған С. Сабатаев Жетісудағы қазақтан шыққан тұңғыш агроном-ғалым болған (ҚРМОН, 44 қор, 1 тізбе, 21507 іс, 1 парақ).

Алматылық қазақ зиялыларының бірі Қазан университеті заң факультетінің түлегі Садық Аманжолов

«Алашорданың» бүкіл съездеріне Жетісу облысынан делегат ретінде қатысқан. Сол съезде Жетісудан Алашорда үкіметіне мүшелікке сайланады. Кейін Шәуешекте «Алаш» әскери жасақтарын құруға қатысқан, ашаршылықтан күйзелген қазақтарға көмек комитеттерін ұйымдастырған. Қуғын-сүргін көріп елге оралған соң, Мәскеу, Бішкек, Ташкент қалаларында қызмет еткен (Төлепберген, 2008:140).

Жетісудағы тұңғыш кәсіби дәрігерлердің ішінде Ы. Жақсылықов, Б. Шалымбеков, Н. Жақыпбаевтар болды. Бақия Шалымбеков қаладағы алғашқы қазақ фельдшері болатын, Омбы фельдшерлік мектебін бітірген жас Бақияны генерал Г.А. Колпаковский Алматы қаласына жұмысқа шақырады. 1885 жылдан бастап Б. Шалымбеков уездік дәрігер И.И. Соболевскиймен бірге дәрігерлік қызмет еткен (ҚР ОММ, 44 қор, 48 тізім, 757 іс, 7 парақ).

XIX-XX ғасырлардағы Алматыдағы қазақ халқының қоғамдық-саяси, рухани, мәдени өмірі халық арасында ерекше құрметке ие болған ақындардың шығармашылығында көрініс табады. Ел арасындағы мейрам ақындарсыз өтпеген. Жамбылдың, Құлмағамбеттің, Шашубайдың, Бөліктің, Майкөттің, Бақтыбайдың, Тезектің, Таңжарықтың, Қатағанның, Әсеттің, Сараның, Қойдымның айтыстары ауыз әдебиетінің нағыз үлгілері болып тарихта қалды.

1885 жылы көпес Қожамбердінің үйінде Жамбыл мен Құлмағамбеттің әйгілі айтысы өткен. Ұлы Жамбыл 1909 жылы көпес Байбұлан Жиенқұловтың үйінде өткен Шашубаймен өткен айтысқа да қатысқан. Байбұлан Құнанбай қажының әпкесіне үйленген, Тезек сұлтанның туысы болған. Жомарттығымен ерекшеленген Байбұлан қайырымдылықпен айналысып,

ел арасында үлкен құрметке ие тұлға болды. Батыр Райымбектің қабірінің жанына жерленген.

1890 жылы Алматы қаласында Байбұлан байдың үйінде Жетісудың түкпір-түкпірінен жиналып үлкен айтыс өткізіледі. Орта жүздің найман елінен шыққан ағайынды Барлыбек пен Тұрлыбекті Шашубай ақынға былай жырлаған:

Барлыбек, Тұрлыбек, Бақия тамам төре,

Бұлар да неше мұқам білген айлай.

Жетісудың тілеулі тағы боп тұр.

Бұлар да заманында бір шар айнай.

Ұлық боп Ұлы жүзге болған төре,

Не қылғанмен бұлардың орны өзге.

Басшы боп Ұлы жүзге қарап тұр ғой,

Ие боп осы күнде сіздерге де.

Барлыбек Сыртанов сол қилы заманда «сот кеңесшісі, Жетісу облысының әскери губернаторы жанындағы ерекше тапсырмаларды орындаушы қызметкері» деген лауазымында болған ұлт зиялысы, қазақ халқының мүддесін қорғап, қазаққа қызмет жасау жолында өз өмірін арнаған ұлт тұлғаларының бірі болды. Шашубай ақын жырында айтылған: Барлыбек Сыртановтың ағасы Тұрлыбек, Жетісу облыстық басқармасында тілмаш болып қызмет жасаған. Жоғарыда аты аталған алғашқы қазақ фельдшері Б. Шалымбеков қала ауруханаларында белгілі дәрігер И.И. Соболевскиймен бірге жұмыс істеп, халыққа қызмет жасаған ұлт азаматтарының бірі (ҚР ОММ, 44 қ, 48 т, 757 іс, 5 п).

Барлыбек Сыртанов Жетісу облыстық басқармасынан 1908 жылы жұмыстан шығып, құпия түрде қазақ өлкесін Ресей отарлауынан шығаруды көздеген жарғы әзірледі. Бұл жарғыда отаршылдықтан босау жолдары қарастырылған еді. Барлыбек Сыртановтың қолтаңбасы

бар Санкт-Петербургке Әскери генерал-губернаторға, Қоныс аудару басқармасына жазған өтініштері, «Травяные растения (способ употребления его)» қолжазбасы және жеке басының түпнұсқа суреті Алматы музейінің қорында сақталған.

Қорытынды

Ел арасында танымал болған зиялылар, ғалымдар, ақындар Алматы қаласының қоғамдық, саяси, мәдени, білім-ағарту салаларында қызмет атқарып, қаланың дамуына өз үлестерін қосты. Мақалада мыңжылдық тарихы бар саяси, идеологиялық жағынан маңызды қала өмірі туралы жан-жақты ақпарат берілді. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басында Алматы қаласының мәдени дамуына және білім мен ғылымының қалыптасуына өзіндік қолтаңбасын қалдырған ұлт тұлғалары туралы тың мәліметтер ұсынылды. Сондай-ақ, қазірге дейін архив деректері негізінде толық зерттелмеген қазақ зиялыларының қызметі және Ресей отаршылдық жүйесіне қарсы ұлт болашағы үшін жасаған істері мен қоғамдық рөлі анықталып, жеке тұлғалардың есімдері дәріптеледі. Олардың ішінде жоғары білім алған түрлі салаларда қызмет еткен саясаткерлер, дәрігерлер, тұңғыш инженерлер, мемлекет қайраткерлері туралы архив деректері тарихи әдіс тұрғысынан зерттеуге алынды. Сол кезеңде қалада өмір сүрген мектеп салу жұмыстарына белсене қатысқан, сауда-саттықпен айналысқан тұлғаларға жекеше тоқталдық.

Алматы қаласының негізі орыс зерттеушілері деректерінде келтірілгендей, XIX ғасырда ғана пайда болған жаңа бекініс емес, тарихы терең әр заманда өзінің ерекше мәртебесі болғанын, еліміздің рухани орталығы, тарихи қала болғанын бүгінгі зерттеулер дәлелдеп отыр.

Дереккөздер

ҚР ОММ, 44 қор, 48 тізім, 757 іс, 5 парақ.
 ҚР ОММ, И-44 қор, 3 тізім, 38687 іс, 101 парақ.
 ҚР ОММ, 44 қор, 1 тізім, 10 іс, 5-6 бб.
 ҚР ОММ, 48 қор, 1 тізім, 539 іс, 120.
 ҚР ОММ, 44 қор, 48 тізім, 757 іс, 7 парақ.
 ҚР ОММ, 15 қор, 1 тізім, 1684 іс, 496 парақ.
 Алматы қаласының ОММ, 390 қор, 5 тізім, 15 іс, 2 парақ.

Әдебиеттер

1. Сәденова А.Ж., 2019. Медеу Пұсырманұлының шыққан тегі. Алматы қаласының архив қызметі хабаршысы. № 2 (25) – 174 б.
2. Махаева А.Ш., 2010. Жайнақов Ыбырайым. Алматы қаласының тарихи тұлғалар келбетінде: Мақалалар жинағы. Алматы. – 335 б.
3. Алматы тарихы. Т 2. 2009. Алматы: Credos. – 702 б.
4. Өзбекұлы С., 1996. Барлыбек Сыртанов. Алматы: Жеті жарғы. – 170 б.
5. Сыртанов Барлыбек. Жетісу. 2004. Алматы: Арыс. – 702 б.
6. Төлепберген Б., 2008. Мәңгі жас Алаш идеясы. Алматы. – 200 б.
7. Мұсағалиев Ғ. Жетісу қазақтары жайында. 2003, //Туған өлке, №1-2 – 208 б.
8. История Алматы в документах. Т.1 / ред. Б.Г. Аяган. 2008. Алматы: Қазақ энциклопедиясы. – 320 с.

Reference

1. Sadenova A. Zh., 2019. Medeu Pusyrmanulynyn syqqan tegin.[Origin of Medeu Pusyrmanov]. Almaty qalasynyn arhiv qyzmeti habarshysy. № 2 (25). 174 p. [in Kazakh].
2. Mahaeva A. Sh., 2010. Jainakov Ybrahym. Almaty qalasynyn tarihi tulgalар kelbetinde. Makalalar jinagy. Almaty – 335 p. [in Kazakh].
3. Almaty tarihy [History of Almaty]. Vol 2. 2009. Almaty: Credos. 720 p. [in Kazakh].
4. Ozbekuly S., 1996. Barlybek Syrtanov. Almaty: Zheti zhargy – 170 p.. [in Kazakh].
5. Syrtanov Barlybek., Zhetisu. 2004. (Almaty: Arys – 702 p). [in Kazakh].
6. Tolepbergen B., 2008. Mangi zhas Alash ideyasy. [The idea of Forever Young Alash]. Almaty. – 20 p. [in Kazakh].
7. G. Musagaliyev. Zhetisu qazaqtary zhajynda [About the Kazakhs of Zhetysu]. 2003. // Tugan olke. No.1-2 – 208 p. [in Kazakh].
8. Istoria Almaty v dokumentah. T.1 [History of Almaty in documents] / red. B.G. Aiagan. 2008. Almaty: Qazaq ensiklopediasy. – 320 s. [in Russian]

Билялова Г.А.¹

¹Музей Алматы «Объединения музеев г. Алматы»

г. Алматы, Казахстан

¹e-mail: mira.bilyal@yandex.kz

КАЗАХИ АЛМАТЫ XIX-XX ВЕКА: ИСТОРИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Аннотация. В данной статье рассматривается роль казахской интеллигенции, политических деятелей в истории города, стоявшего на перекрестке цивилизаций. Исторические исследования последних лет выявили малоизвестные страницы общественной, политической, духовной, культурной жизни казахского населения города Алматы на рубеже XIX-XX веков. Письменные источники, с древних времен являющиеся основным инструментом передачи событий, фактов и имен, связанных с историей казахского народа, написаны на разных языках. Эти письменные данные занимают важное место в изучении проблем истории города, края. Письменные источники по истории Алматы (рукописи, ранние печатные книги Востока и Запада, российские архивные материалы) хранятся в научных центрах, рукописных хранилищах Франции, Италии, Ирана, Турции, Сирии, Великобритании, России, Узбекистана, Китая, Индии. В статье использованы новые данные об айтысах известных акынов Жамбыла, Шашубая, Катагана, о жизни и деятельности видных деятелей движения Алаш, живших в городе Алматы конца XIX - первой четверти XX века Б. Сыртанова, М. Тынышбаева, С. Аманжолова, Ы.Жайнакова, Б. Маметова и др.

Ключевые слова: Алматы, архив, Жетысу, национально-освободительное, Алаш, айтыс.

*Для цитирования: Билялова Г.А. Казахи алматы XIX-XX века: исторический анализ // Мәдени мұра. 2023. №4 (103). 103-113 с.(рус.)
DOI: <https://doi.org/10.47500/2023.v16.i4.09>*

Bilyalova G.A.¹

¹Almaty Museum

«Association of Museums of Almaty City», Almaty

¹e-mail: mira.bilyal@yandex.kz

ALMATY KAZAKHS OF XIX-XX CENTURIES: HISTORICAL ANALYSE

Abstract. This article examines the role of the Kazakh intelligentsia, political figures in the history of the city, which stood at the crossroads of civilizations. Historical studies of recent years have revealed little-known pages of the social, political, spiritual, cultural life of the Kazakh population of Almaty at the turn of the XIX-XX centuries. Written sources in different languages related to the history of the Kazakh people were found. Such written data occupy an important place in the study of the problems of the history of the city, the region. Written sources on the history of Almaty (manuscripts, early printed books of the East and West, Russian archival materials) are stored in scientific centers, manuscript repositories of France, Italy, Iran, Turkey, Syria, Great Britain, Russia, Uzbekistan, China, India. The article uses new data on the aitys of famous akyns of Zhambyl, Shashubai, Katagan, about the life and activities of prominent figures of the Alash movement who lived in Almaty at the end of the XIX - first quarter of the XX century B. Syrtanov, M. Tynyshbayev, S. Amanzholov, Y. Zhainakov, B. Mametov, etc.

Keywords: Almaty, archive, Zhetysu, National Liberation, Alash, aitys.

For citation: Bilyalova G.A. Almaty kazakhs of XIX-XX centuries: historical analyse// Madeni mura. 2023. №4 (103). 103-113 p. (eng.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2023.v16.i4.09>

Автор туралы мәлімет:

Билялова Гүлмира Әлімғазықызы – Алматы музейі «Алматы қаласы музейлер бірлестігі», ғылыми қызметкер. Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Қабанбай батыр ат. көше, 132

ORCID - 0000-0003-0303-8314

Сведения об авторе:

Билялова Гүлмира Алимгазиевна – Музей Алматы «Объединения музеев г. Алматы», научный сотрудник, Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Кabanбай батыра 132,

ORCID - 0000-0003-0303-8314

Information about the author:

Bilyalova Gulmira Alimgazyevna –, Researcher, Republic of Kazakhstan, Almaty, Kabanbay batyr st. 132,

ORCID - 0000-0003-0303-8314

Қазақстан музейлері/ Museums of Kazakhstan/ Музеи Казахстана

<https://doi.org/10.47500/2023.v16.i4.10>

Рахатова Ж.Т.¹

¹Шығыс Қазақстан облыстық сәулет-этнографиялық
және табиғи-ландшафтық музей-қорығы

Өскемен қ., Қазақстан

¹e-mail: zako_ai@mail.ru

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ СӘУЛЕТ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТАБИҒИ-ЛАНДШАФТТЫҚ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫНЫҢ СОЛЖАҒАЛЫҚ КЕШЕНІ

Аңдатпа. Өскемен қаласындағы алғаш болып Қазақстанда көлемі жағынан теңдесі жоқ бірегей Шығыс Қазақстан облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафтық музей-қорықтың Солжағалық кешенінде орналасқаны айтылады. Мақалада қорық құрамына кіретін бірнеше нысанның ішіндегі мақтанышы – этнографиялық кешен туралы мағлұмат берілген және кешеннің мақсаты қандай, құрылуы, ашылу тарихы, кезеңі, жинақ қоры жайлы жазылған. Бөлім және қор қызметкерлерінен алынған нақты ақпарат берілген. Келушілердің және делегация мүшелерінің пікірлері жазылған.

Солжағалық кешен Шығыс Қазақстан облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафтық музей-қорықтың құрамына кіретін нысандардың бірі болып табылады. Бүгінде музей-қорықтың 55 жылдық тарихы бар, биыл қазан айының 9-да мерейтойы аталып өтті. Облыстық этнографиялық музей-қорыққа үш ғимарат және бес саябақ кіреді, атап айтқанда – Солжағалық кешен, Қасым Қайсенов атындағы саябақ, Жамбыл саябағы, Самал саябағы, Комсомол аралы. Солардың бірі Қазақстандағы бірегей қорық туралы, нақтырақ айтқанда этнографиялық кешен туралы толық мағлұмат беріледі.

Дәйексөз үшін: Рахатова Ж.Т. Шығыс Қазақстан облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафтық музей-қорығының Солжағалық кешені // Мәдени мұра. 2023. №4 (103). 114-119 б.(қаз.)

DOI:<https://doi.org/10.47500/2023.v16.i4.10>

1968 жылы Риддер қаласы, Бутаково ауылы мектебінің музейі негізінде, этнографиялық музей құрылған. 1983 жылы музей Өскемен қаласына көшірілді, сол уақытта қорда 10 мың

жәдігер болған. 2005 жылы музей-қорық мәртебесін алды, 55 жыл бұрын ашылған музей, Қазақстан Республикасындағы ең үлкен музейлердің бірі болды. Музейдің негізін қалаушы «Құрмет»

және «Парасат» ордендерінің иегері, Қазақ КСР-на еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, ШҚО және Өскемен қаласының құрметті азаматы – Николай Алексеевич Зайцев.

Музей-қорық 2010 жылдың 1 мамырында ашылды. Музейдің мақсаты: тарих және сәулет ескерткіштерін мәдени мұра нысандары ретінде сақтап қалу. Адамның табиғатпен қарым-қатынасын үйлестіру институтын құру болып табылады. Біздің міндетіміз – адам табиғаттың патшасы емес, бүтін бір бөлшегі ғана және бөлшектің бүтінді жоюға қақысы жоқ екенін адамдарға түсіндіру. 2010 жылға дейін бұл жерде ТББ зауытын бөлшектегеннен кейін қалған құрылыс қалдықтарының үйіндісі болған. Біздің музей-қорыққа қарап, адам табиғатқа жасағанын түзете алады және түзетуге міндетті екенін көріп келеді.

Солжағалық кешен алып жатқан аймақ 117 гектарды құрайды. Кешеннің аумағына мыналар кіреді: хайуанаттар бағы, ботаникалық саябақ, әскери кешен, этнографиялық кешен, отбасылық демалыс аймағы, «Жібек жолы» сая-

бағы, шаруашылық аймақ және т.б. экспозициялық павильондар. Кешенге жылына 250 мыңнан астам адам арнайы келіп тамашалайды. Кешеннің мақтанышы – басты аймағы және келушілердің ерекше назарын аударып, әрдайым қызығушылықтарын арттыратын этноауыл туралы ерекше айта кету керек. Музей-қорықтың Солжағалық кешенінің этнографиялық аймағы – ашық аспан аясында қанат жайған сәулет және тұрмыс музейі. Оның алаңын 6,9 гектар құрайды. Этнографиялық кешен аса қысқа мерзімде салынған еді. «Кешеден алыс жоқ, ертеңнен жақын жоқ» дегендей, этноауыл небәрі үш жылдың ішінде тұрғызылса да қаз-қатар тізілген әр ұлттың үйлерін көріп, жылулықты сезініп, тәлім алар дүниелерді тамашалап этномәдениеттің бірлестігін көріп, сезінуге болады.

Этнографиялық кешенге бірінші болып Елбасы Н.Ә. Назарбаев, атақты тұлғалар және 2010 жылғы 7-8 қыркүйек күндері өткен Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы аймақаралық ынтымақтастығының VII Форумна



Сур. 1. Шешен қонысы
Fig. 1. Chechen settlement

қатысушылар атбасын тіреді.

Мұнда Шығыс Қазақстанда тұратын халықтардың мәдениеті мен тұрмысын бейнелейтін 17 ұлттық қоныс тұрғызылған. XIX ғасыр соңы – XX ғасыр басындағы халық сәулетшілігінің мұрағаттар материалдары мен ғылыми әдебиет негізінде жаңғыртылған:



Сур. 2. Этноаул. Маралшының қонысы
Fig. 2. Ethnoaul. Settlement of maral breeder

Дәулетті қазақ қонысы. XIX ғасыр соңы – XX ғасыр басы;

Бай маралшының қонысы. XX ғасыр басы;

Дәулетті қалалық орыс қонысы. XX ғасыр басы;

Татар қонысы. XX ғасырдың 50-ші жылдары;

Белорус қонысы. XX ғасырдың бірінші жартысы;

Украин қонысы. XX ғасырдың бірінші жартысы;

Поляк қонысы. XX ғасырдың бірінші жартысы;

Шешен қонысы. XIV-XVII ғасырлар;

Грузин қонысы. XX ғасырдың бірінші жартысы;

Армян қонысы. XX ғасырдың бірінші жартысы;

Әзірбайжан қонысы. XX ғасырдың бірінші жартысы;

Еврей қонысы. XX ғасырдың бірінші жартысы;

Неміс қонысы. XX ғасыр ортасы;

Корей қонысы. XX ғасырдың бірінші жартысы;

Ұйғыр қонысы. XX ғасырдың бірінші жартысы.

Сондай-ақ, халық сәулетшілігінің жеке тұрған 3 нысаны:

Дүкен. XIX ғасыр соңы – XX ғасыр



Сур. 3. Татар қонысы. Дәстүрлі мереке Сабан той
Fig. 3. Tatar settlement. Traditional Sabantuy holiday

басы;

Тошала. XIX ғасырдың екінші жартысы;

Қоржын үйі. XIX ғасыр соңы – XX ғасыр басы.

Шығыс Қазақстан облысында көп ұлттар, оның ішінде 105-тен астам аз санды өзге ұлт халықтары тұрады. 1992 жылы «Достық үйі – қоғамдық келісім орталығы» құрылды, оның ішіне 22 этномәдени бірлестік кіреді. Бүгінгі күнге дейін әр ұлт өзінің тілін сақтап, дәстүрін, дәлірек айтсам мәдениетін дамытуда.

Бүгінде Шығыс Қазақстанда тұрып жатқан халықтардың дәстүрлі мәдениетін көрсететін Солжағалық этнографиялық кешен әлеуметті қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, халықтар арасында достық пен келісімді нығайту, дәстүрлердің, әдет-ғұрыптардың және салт-саналардың қайта жандануы және

оларды зерттеу, этномәдени диалог дағдыларына тәрбиелеу проблемаларын да шешеді.

Солжағалық кешенді салу идеясы – облыс орталығында ғылыми-танымдық жоба құру, музей-қорықтың қолда бар экспозицияларын кеңейту, қала халқы-

он бір нысан безендірілді. Олар, XX ғасырдағы корей, еврей, татар, неміс, ұйғыр, белорус, поляк, украин, әзірбайжан қоныстары және XV-XVII ғасырлардағы шешен мұнарасы.

Қазіргі күні кез-келген іс-шара, ұлт-



Сур. 4. Грузин қонысы

Fig. 4. Georgian settlement

ның бос уақыттары мен демалысын ұйымдастыру, туристердің қажеттерін қанағаттандыру, қаланың инвестициялық тартымдылығын арттыру, жаңа жұмыс орындарын құру болып табылады.

Осылайша, Шығыс Қазақстан облысының әкімі қызметін атқарған Б.М. Сапарбаев тарапынан үнемі қолдау тапқан директор Н.А. Зайцевтің басқаруындағы музей-қорық ұжымының қажырлы жұмысы нәтижесінде Қазақстанда тұңғыш рет көпсалалы музей-қорық құрылды, оның құрамына дәстүрлі музей, ашық аспан астындағы музей нысандары енеді. Этнографиялық кешен әзірше Қазақстандағы теңдесі жоқ жалғыз кешен болып табылады.

Солжағалық кешен құрылысын тұрғызу үшін қарқынды жұмыстар атқарылды. Аз санды этникалық топтар этнографиясы ғылыми зерттеу бөлімі 1989 жылы құрылған. Осы уақытта

тық және діни мерекелер этноауылда өткізіліп тұрады. Мысалы, татарлардың халықаралық Сабантойы, корейлердің «Ағаш отырғызу күні» мерекесі сондай-ақ Әзірбайжан қонысындағы үйлену тойы, яғни ұлтаралық келісім орталығы музей-қорықтың Солжағалық кешенінде дәстүрлі мерекелерін атап өтеді.

Әрбір қоныс сыртқы көріністерімен, қоршауымен ғана емес, ішкі интерьерімен де ерекшеленеді. Тұрғын үйлерді безендіруге қажетті жиһаздарды бүкіл жұрт болып, соның ішінде Достық үйі этномәдени бірлестіктерінің мүшелері де жинады.

Әр халықтың жәдігерлері негізінен іссапарларда және экспедицияларда жиналды. Алғашқылардың бірі болып қорға тапсырған 1990 жылы Болатовтар тегінен отбасылық аса құрмет тұтатын заттардың топтамасы түсті. Топтама арасында әйелдердің кестеленген бас киімі, былғары етік, бір сөзбен айтқанда

ұлттық киім-кешек түрлерімен толыға бастады. 1994 жылы корей костюмдері мен бұйымдарының алғашқы топтамасы қорға түсті. Сонымен қатар 1997-1998 жылдары көпес Ахтям Рафиковтың ата-бабаларынан қалған тартымды заттар әкелінді. Оларды Ахтям Рафиковтың немересі қайтыс болғаннан кейін, келіні Гүлсім Латфоллақызы Фаизова тапсырды. Осылайша қор толығып отырды, қазірде музей қорында 74 мыңға жуық бұйым сақталуда.

Әр қоныстың жабдықтары және тұрмыстық жәдігерлер саны 200-300-ге жуық. Жоғарыда айтып өткендей сатып алу, сыйға тарту немесе мұраларын сақтап қорға арнайы тапсырған адамдар арқылы жинақталған. Саны жағынан ең көп корей ұлтының бұйымдары. 2011 жылы Қазақстандағы Корея елшісі Хан Сун-Рэ көптеген ұлттық бұйымдарды қорға сыйға тартты. Өте көп музыкалық аспаптар топтамасы қорға сыйға берілді.

Этнографиялық кешеннің қарым-қатынас және демалыс кеңістігіне айналғанын атап өткен жөн. Мұнда этномәдени орталықтармен бірлесіп көркемөнерпаздардың концерттері,

фестивалдер, этномәдени бірлестіктер ұжымдарының өнер көрсетулері, көпшілік іс-шаралар, дәрістер оқылып, қала мен облыс ұйымдарының тапсырыстары бойынша тақырыптық және шолу экскурсиялары үнемі өткізіліп тұрады.

Татар, беларус, украин т.б. көптеген ұлттар этнографиялық кешенге келіп шексіз алғыстарын жиі білдіреді. Өңірге келген делегация бірден этнографиялық кешенге атбасын тірейді, олардың жиі айтатын пікірлері:

– Біздің тарихи қонысты, мәдениетті сақтап, дәріптеп жас ұрпаққа өнеге ретінде көрсетіп жүрсіздер..

– Ата-бабамыздан қалған жәдігерлерді тамашалап, балалық шаққа саяхат жасап керемет сезімде тұрмыз...

– Музей қызметкерлеріне тарихи жәдігерді сақтағаны үшін, әртүрлі халықтардың мәдени құндылықтарына төзімділікпен қарағаны үшін алғыс айтамыз!

– Мәдени қоныстар және жәдігерлер арқылы Қазақстанның мұрасын әлемге танытып келесіздер. Рахмет!!!



Сур. 5. Солжағалық кешен
Fig. 5. Left Bank complex



Сур. 6. Дәулетті қазақ қонысы
Fig. 6. Rich Kazakh settlement



Сур. 7. Дәулетті қазақ қонысының ауласы
Fig. 7. Courtyard of a rich Kazakh settlement

Рахатова Ж.Т.¹

¹Восточно-Казахстанский региональный архитектурно-этнографический и природно-ландшафтный музей-заповедник

Усть-Каменогорск, Казахстан

¹e-mail: zako_ai@mail.ru

ЛЕВОБЕРЕЖНЫЙ КОМПЛЕКС ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОГО ОБЛАСТНОГО АРХИТЕКТУРНО-ЭТНОГРАФИЧЕСКОГО И ПРИРОДНО-ЛАНДШАФТНОГО МУЗЕЯ-ЗАПОВЕДНИКА

Аннотация. В статье рассмотрен Левобережный комплекс Восточно-Казахстанского регионального архитектурно-этнографического и природно-ландшафтного музея-заповедника, расположенного в Усть-Каменогорске, который является уникальным по своим размерам на территории Казахстана. В работе приведены краткие сведения, рассмотрены цели, история создания и открытия, периодизация и коллекция этнографического комплекса, являющегося гордостью музея-заповедника. Приведена конкретная информация, полученная от сотрудников ведомства и фонда, а также представлены мнения посетителей и членов делегации.

Левобережный комплекс является одним из объектов, входящих в состав Восточно-Казахстанского областного архитектурно-этнографического и природно-ландшафтного музея-заповедника. 9 октября текущего года музей-заповедник отпраздновал свой 55-летний юбилей. Областной этнографический музей-заповедник включает в себя три здания и пять парков, в частности, Левобережный комплекс, парк Касыма Кайсенова, парк Жамбыла, парк Самал, остров Комсомольский. Один из этих объектов дает полную информацию об уникальном заповеднике Казахстана, а именно об этнографическом комплексе.

Для цитирования: Рахатова Ж.Т. Левобережный комплекс Восточно-Казахстанского областного архитектурно-этнографического и природно-ландшафтного музея-заповедника // Мәдени мұра. 2023. №4 (103). 114-119 с.(рус.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2023.v16.i4.10>

Rakhatova Zh.T.¹

¹East Kazakhstan regional architectural, ethnographic and natural landscape Museum-Reserve
Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan
¹e-mail: zako_ai@mail.ru

THE LEFT-BANK COMPLEX OF THE EAST KAZAKHSTAN REGIONAL ARCHITECTURAL, ETHNOGRAPHIC AND NATURAL LANDSCAPE MUSEUM-RESERVE

Abstract. It is noted that the city of Ust-Kamenogorsk is located in the Left-Bank complex of the unique East Kazakhstan regional architectural, ethnographic and natural landscape Museum-Reserve, which has no analogues in terms of size in Kazakhstan. The article provides information about the ethnographic complex, which is the pride of several of its constituent objects, and describes the purpose of the complex, the history of its creation, the period of its discovery, and the collection fund. Specific information received from employees of the department and the fund is provided. Reviews of visitors and members of the delegation are recorded.

Left-Bank complex is a part of East Kazakhstan regional architectural, ethnographic and natural landscape Museum-Reserve. On October 9 of this year, the 55th anniversary of the museum-reserve was celebrated. The regional Ethnographic Museum-Reserve includes three buildings and five parks: the Left-Bank complex, Kasym Kaisenov Park, Zhambyl Park, Samal Park, Komsomol island. One of these objects provides complete information about the unique museum-reserve of Kazakhstan, in particular, about the ethnographic complex.

For citation: Rakhatova Zh.T. The Left-Bank complex of the East Kazakhstan Regional Architectural, Ethnographic and Natural Landscape Museum-Reserve // Madeni mura. 2023. №4 (103). 114-119 p. (eng.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2023.v16.i4.10>

Автор туралы мәлімет:

Рахатова Ж.Т. «Шығыс Қазақстан облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафтық музей-қорығы», Халықтық және сәндік-қолданбалы өнер бөлімінің қызметкері, Өскемен қ., Қазақстан.

Сведения об авторе:

Рахатова Ж. Т. «Восточно-Казахстанский областной архитектурно-этнографический и природно-ландшафтный музей-заповедник», сотрудник отдела Народного и декоративно-прикладного искусства, Усть-Каменогорск, Казахстан.

Information about the author:

Rakhatova Zh.T. "East Kazakhstan Regional Architectural-Ethnographic and Natural-Landscape Museum-Reserve", employee of the Department of Folk and Decorative Arts, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan.

Тұлғалар/ Personality/ Персоналия

<https://doi.org/10.47500/2023.v16.i4.11>

Ибадуллаева З.Ө.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ археология
және этнология кафедрасының доценті, т.ғ.к.

Ә.Т. ТӨЛЕУБАЕВ - ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНДАҒЫ ҰСТАЗЫМ

Ортағасырлық ғұлама Жүсіп Баласағұн: «Адамның мәңгі болмағы, оның ары мен елі үшін еткен еңбегі» демекші, ғылым жолындағы ұстазымның бойынан үздіксіз ізденіс пен тынымсыз еңбек ету қасиеттерін тани білдім. Ағамыздың өз шәкірттеріне сүйіспеншілікпен қарап, әрдайым қолдау көрсетуі адамгершілік пен парасаттылықтың биік тұтқасындай болды. Саналы өмірінде мыңдаған шәкірттер мен болашақ жас мамандарды тәрбиелеп, археология және этнология ғылымында өшпес із қалдырып, өз бақытын еңбекпен ұштастыра білген ұлағатты ұстаз бола білді.

Тарих факультетінде оқып жүргенімізде 3 курстан бастап арнайы мамандыққа бөлініп, өзіме жақын этнология, музей ісі және ескерткіштерді қорғау мамандығына бөліндім. Осы жылдары арнайы мамандану бағытына дәріс берген ұстаздарымның қатарында белгілі археолог ғалымдар Н.О. Алдабергенов, М.Е. Елеуов, Ғ. Омаров сияқты ұстаздарымыз дәріс берсе, этнология бағытында У.Х. Шәлекенов, Ә.Т. Төлеубаев, Б. Қалшабаева, Д. Ескекбаев, Е. Тұрғынбаев секілді құрметті ұстаздар дәрістер өткізетін.

Ә. Төлеубаевтың мазмұнды дәрістерін тыңдау 3-курс оқып жүргенімізде арнайы мамандыққа бөлінген кезінде де жалғасын тапты. Ол сабақты нақты этнографиялық деректермен байланыстыра отырып, өзі басы-қасында болған этнографиялық экспедициялардың қиын да қызықты сәттерімен байланыстыра жүргізетін. Сондай дәрістердің қатарында

«Этнографиялық зерттеу әдістері» пәнінен жүргізген Ә.Т. Төлеубаевтың дәрістері сол кездегі студент біздерді барынша этнология ғылымына қызықтыра білгені де бәрімізге аян. Дәріс барысында 1984-1985 жылдары Ресейдің Астрахань және Орынбор өлкелеріне сол кездегі жас студенттер, бүгінгі аға буын Б. Қалшабаева, Д. Ескекбаев сияқты этнографтармен бірге ел арасынан жинаған этнографиялық қызықты мәліметтері, оң-солымызды енді ғана тани бастаған біздерге болашақта этнология ғылымымен айналысуға да дем бергендей. Ғалымның этнографиялық зерттеу жүргізу барысында жинаған қазақтардың тұрмысындағы, әдет-ғұрыптарындағы ерекшеліктері мен исламға дейінгі діни наным-сенімдері жайлы мәліметтері, сондай-ақ жергілікті қазақтардың шоғырланған ортасына мәдени-тұрмыстық жағынан араласып кеткен ноғай, қарағаш сияқты этникалық топтардың да біраз қырларын жете түсіндіруі біздердің этнология ғылымына қызығушылығымызды арттырып, болашақта ғылымға бет бұруымызға да септігін тигізді. Этнология саласындағы «Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX – начало XX в.)», «Қазақтағы бақсылық», «Қазақтың көне сенімдері – ұлт руханиятының өзегі» т.б. атты ғылыми зерттеулері мен ғылыми мақалалары қазақ халқының салт-дәстүрлері мен дүниетанымын бүгінгі және болашақ ұрпақтың этнология ғылымын жан-жақты тануға септігін тигізетін еңбектері.

Ұстаздың өткізген әрбір дәрісінен алған тәліміміз біздің санамызда

ұмытылмай сақталып, ұстаздық қасиетін білдіретін жауапкершілігі мен ұқыптылығы бүгінгі күнге дейін шәкірттеріне үлгі бола білді.

Әбдеш ағаның мейірімді мінезі мен нағыз ұлтжанды қайсарлығы мен қазақи мәдениетті барынша дәріптеуін аспирантурада оқыған жылдарымда анық байқадам десем артық айтпаған болар едім. Әрбір мереке кезінде әуелетіп қазақтың дәстүрлі әндерін домбырамен салғанда атақты композиторлар мен әншілерден де кем түспейтіндігі, ел арасында жүрген қызықты әңгімелері біздің этнолог болып шыңдалуымызға да әсер етті.

Аспирантураға 1996 жылы түскенімде ғылым жолында тақырып таңдауда да өз ойын ортаға салып, ғылыми жетекші болып, тағайындалған Әбдеш ағам, «балам сен кел, диссертация тақырыбыңды ортаға салып ақылдасайық, осы қазақтың этногенездік тарихы мен әлі де болсын қыр-сыры ашылмай жатқан тақырыптардың бірі, осы – қожалар тақырыбы. Осы тақырыпты алып, айналыссаң жақсы болар еді. Әрі туған өлкенің тарихы мен мәдениетін де зерттейсің», – деп маған ғылыми бағыт бергені әлі күнге дейін көкейімде сайрап тұрғанын жасыра алмаймын.

Адамның адамгершілігін көрсететін оның білімі мен еңбегі ғана емес, адамды одан да биік етіп, қосымша көрік беріп тұратын – адами қасиеттері, игілікті істері болмақ. Әрдайым жүзінен шуақ, сөздерінен жылылық төгіліп тұрған ұлағатты ұстазымның алғаш аспирантураға түскен жылдары алдына имене кіретінім де өтірік емес. «Қазір алдына кіріп, жұмысымды көрсетсем, немесе мына мәліметтерді қарап жатырмын, деп әрдайым дайындықпен кіру үшін жұмыстарымды алдын ала ой елегінен өткізіп қана баратынымын. Сондай кездерде ұстазым «Кел, айналайын, келдің бе,

не бұйымтайың бар?», дегенде өзімнің жүрексініп тұрғанымды ұмытқандай болып, дайындаған мәліметтерімізді барынша таныстырып, жеңілдеп қалатын едім. Сондай уақыттарда «Айналайын, қарғам, сен былай істесең дұрыс болады», – деп ақылын айтып, диссертация қолжазбасын бастан-аяқ қарап, «мынадай түзетулер енгізу керек», деп өзінің мейірімділігін аямай өткен қадірлі Әбдеш ағамызға қарап, ҚазҰУ қабырғасында жүріп, нағыз қазақи болмыс пен мәдениетті жете түсіндім.

Әбдеш ағамыздың адамгершілікті қашанда биік қоятыны, өнегелі өмірі мен еселі еңбегінің арқасында айналасына қадірлі болары сөзсіз. Әрі мұндай қасиеттері өзінің шәкірттеріне де үлгі болғандай. Әрдайым көпшілікпен атқарылатын жерлерге де «барыңдар, үйреніңдер», – деп отыратыны да болашақ біздің адами қасиеттерімізді қалыптастырды. Сондай істің бір куәсі «өзінің ұстазы, Ә.М. Оразбаевты ақтық сапарға шығарып салуды өз мойнына алып және кафедра ұжымын жұмылдыра отырып кірістіруі де сол кездегі аспирант болған біздерді де жан-жақты тәрбиелегендей еді.

Қазақстан археологиясы мен этнологиясының өзекті мәселелерін жан-жақты зерттеумен бірге ғалым, ұстаз археолог-этнолог мамандарды дайындауда және өз мектебін қалыптастыруда да үлкен қызмет атқарды. Нәтижесінде тарих, археология және этнология саласы бойынша ірі ғалымдар шоғырын қалыптастырды. Олар қазіргі таңда еліміздің жоғарғы оқу орындарында, республиканың ғылыми зерттеу мекемелерінде табысты ғылыми және оқытушылық қызметтер атқаруда. Ғалымның бұл еңбегі де қазіргі Қазақстан ғылымының дамуы мен қалыптасуын көрсетумен бірге, ғылымдағы өзекті проблемаларды шешудегі зерттеулерін ашып береді.

Хабарлар/ News/ Хроники

<https://doi.org/10.47500/2023.v16.i4.12>

Әжіғали С.Е.¹, *Әшім Б.Ә.¹

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Алматы қ., Қазақстан

*e-mail: s.azhigali@gmail.com

ҚАЗАҚ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТАНУ АКАДЕМИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ АШЫЛУЫ

Аңдатпа. Мақалада Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты Этнология және антропология бөлімінің жанынан «Қазақ ескерткіштану мәселелерінің» ғылыми-зерттеу орталығының салтанатты ашылу рәсімі баяндалады. Орталыққа берілген кабинеттің таныстырылымы; Институттың этнографтары мен этноархеологтардың соңғы жылдары жүргізген зерттеулері нәтижесінің көрмесі; алғаш рет арнайы ұйымдастырылған ескерткіштанушы мамандардың ғылыми еңбектерінің көрмесі жайында мәліметтер және қазіргі ескерткіштану мәселелеріне арналған дөңгелек үстелге қатысушы мамандар мен ғалымдардың маңызды ой-пікірлері беріледі.

2023 жылдың 27 сәуірінде Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты Этнология және антропология бөлімінің жанынан «Қазақ ескерткіштану мәселелерінің ғылыми-зерттеу орталығының» салтанатты ашылу рәсімі өтті (негізінен Орталық ресми түрде 2022 жылдың 27 қыркүйегінде құрылған болатын: жетекшісі профессор С.Е. Әжіғали). Институт ұйымдастырған мұндай маңызды іс-шараға Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының, Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің, Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясының ғалымдары және «Қазқайтажаңарту» РМК мамандары қатысты.

Іс-шараның жұмысы ең алдымен

Орталыққа берілген кабинеттің лентасын қию, ішкі безендіру жұмыстарының таныстыру рәсімінен басталды («Ғылым ордасы» ғимараты, шығыс жақ қанаты, 3-ші қабатында, ТЭИ Этнология бөліміне қарама-қарсы, 305-ші кабинетте өтті). Орталық жетекшісі С.Е. Әжіғали кабинеттің сол жақ қабырғасында ілінген қазақ ескерткіштануы бағытында өзіндік қолтаңбасын қалдырған алғашқы ескерткіштанушылар археолог, этнограф Ә.Х. Марғұлан, архитекторлар Т.Қ. Бәсенов, М. Меңдіқұлов, Г.Г. Герасимов, В.В. Константинова (ҚазССР ҒА архитектура секторында жұмыс істеген ғалымдар), Б.А. Ыбыраев, этнографтар Е.А. Масанов, Х. Арғынбаев, Ә. Жәнібеков, археолог А.Г. Медоев сынды зерттеушілердің

фотосуреттерін және оң жақ қабырғада ілінген қазақтардың дәстүрлі тасқашау өнерінің қайталанбас қазыналары болып табылатын көрнекті тарихи-архитектуралық, этнографиялық ескерткіштердің (Ақтөбе облысы аумағы бойынша) суреттерін таныстырып шықты.

Институт директоры З.Е. Қабылдинов және белгілі ескерткіштанушы М. Сембі құттықтау сөз сөйлеп, ескерткіштанушы ғалымдар туралы естеліктерімен бөлісті, кейбір көрнекті ескерткіштердің қазақ тарихы мен мәдениетіндегі құндылығына тоқталды. Соңында, кабинеттің ашылу іс-шарасын қорытындылаған С.Е. Әжіғали: «Орталыққа берілген кабинеттің келешекте, ары қарай безендіру жұмыстары жалғасады, ертедегі далалық экспедиция материалдарының жүйелі архиві және «ескерткіштану» бойынша дәстүрлі картотекалары бар арнайы шкафтар қойылады. Яғни, алдағы мақсаттарымыздың бірі, осы Институттың көп жылдар бойы зерттеу жүргізген далалық этнографиялық-

этноархеологиялық экспедиция материалдарының базасын жасақтауды басты назарға алып отырмыз», – деді.

Кабинеттің ашылу іс-шарасынан кейін, 3-ші қабаттың фойесінде «2019–2020 жж. Доңызтау кешенді этноархеологиялық экспедициясының нәтижелері» (жетекшісі С.Е. Әжіғали) тақырыбында плакаттардың көрмесі өтті. Көрмеде Доңызтау өңірінің діни-тұрғын кешендері (тұрғын үйлер, мешіттер және медреселер), тас қашау өнерінің ашық аспан астындағы мұражайы болып табылатын қорымдар, көне құдықтар (кейбірі оғыз дәуірі кезеңіне жататын) және басқа да сақталған қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіне тән жылжымайтын тарихи-мәдени мұралардың көріністері тамашаланды. Айта кету керек, Доңызтау – Қазақстан территориясындағы бірден-бір шалғай өлке, нақтырақ айтқанда Батыс Қазақстан аймағының Солтүстік Үстірт шыңдарын бойлай, батыс бағытқа қарай созылып жатқан өңір. Бұл өлкенің тарихи-мәдени ерекшелігі – XIX–XX ғ. басына жататын мешіттер,



Сур. 1. Орталықтың салтанатты ашылуы.
Fig. 1. Ceremonial opening of the center.

медреселер, тұрғын үйлер, құдықтар, рулық қорымдарды қамтитын «діни-тұрғын кешендері» бой көтерген. Бұны негізінен қазақтардың «алғашқы ауылдары» деуге болады. Мұндай көрнекті кешендердің осы өлкеде 30 жуығы С.Е. Әжіғалидің жетекшілігімен зерттелген; ғылымда «діни-тұрғын кешені» (орыс тілінде «культово-жилищные комплексы») деп аталады.

«Ғылым ордасы» ғимаратының батыс жақ қанатында, 3-ші қабаттың фойесінде «Әбілқайыр хан моласы қалай табылды?: Хан моласы қорымының кешенді зерттелуі» тақырыбында плакаттардың көрмесімен жалғасты. Көрмеде С.Е. Әжіғалидің жетекшілігімен Хан моласында жүргізілген кешенді зерттеу жұмыстарының барысы жайында мағлұматтар берілген. Бұл зерттеу жұмыстарына әртүрлі саладағы мамандар тартылған, оның ішінде археологтар, топырақтанушылар, геофизиктер, антропологтар және генетиктер қатысқан. Хан моласы қорымынан Әбілқайыр ханның

жерленген орны анықталып, оның бет келбеті қалпына келтіріліп, Хан моласынан Әбілқайыр хан кешенінің ашылуы академиялық Этнология бөлімінің этноархеология (ескерткіштану) бағытындағы зерттеу жұмыстарының ең тамаша жаңалығы деуге болады.

Осыдан кейін, конференц-залдың алдында (3-ші қабаттың фойесінде) ескерткіштану бағытында «ҚР ҰҒА Қазақстан ескерткіштанушыларының еңбектері: XX ғ. 2-ші жартысы – XXI ғ. басы» деген атаумен кітап көрмесі ұйымдастырылды. Бұл алғаш рет арнайы ұйымдастырылған ескерткіштанушы мамандардың ғылыми еңбектерінің көрмесі болды. Көрмеде монографиялар, конференция материалдары, ескерткіштер Жинағы, мақалалар, диссертациялар, энциклопедиялар және басқа да ескерткіштану мәселелеріне арналған 130 жуық ғылыми еңбектер қойылды. Сөрелерге қойылған ғылыми еңбектер 5 бөлімнен тұрды:

- «Ғылыми ескерткіштанудың



Сур. 2. Ескерткіштану кабинетінде. Орталық жетекшісі, проф. С. Әжіғали артқы жақтағы – ескерткіштанушылардың галереясы фотокөрмесімен таныстыру сәті.

Fig. 2. In the Office of Monument studies. During the introduction to the photo exhibition of the gallery by Head of the Center, Prof. S. Azhigali for of Monument scientists

бастауы – соғыстан кейінгі кезеңдегі зерттеулер: 1940 ж. 2-ші жартысы – 1960 жж.»;

- «1970 ж. – 1990 жж. басындағы Қазақстан ескерткіштерін кешенді зерттеу жұмыстары. Тарихи және мәдени ескерткіштер Жинағы»;
- «1990 – 2000 жж. этноархеологиялық/этноархитектуралық ізденістер және ҚР ҰҒА ТЭИ қабырғасында ескерткіштану бағытының дамуы»;
- «Қазіргі таңдағы Қазақстан ескерткіштанушыларының еңбектері»;
- «Қазақ ескерткіштануының» өзекті мәселелері».

Сондай-ақ, көрме кезінде ғылымтанымдық шолу түрінде С.Е. Әжіғали «Қазіргі ескерткіштанудың даму кезеңдері» тақырыбында баяндама оқыды.

Кітап көрмесінен кейін, конференц-залда «дөңгелек үстел» өтті. Дөңгелек үстел барысында баяндамашылар құттықтау сөз сөйлеп, қазіргі ескерткіштану проблемаларына тоқталды. Дөңгелек үстелді Институт директоры, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі З.Е. Қабылдинов кіріспе сөзбен ашып берді. Ол ең алдымен ескерткіштанушы мамандарды Орталықтың ашылуымен құттықтады. Сонымен қатар, 2018 ж. жүзеге асқан «Қазақстанның киелі жерлері» деген жақсы бағдарламалар басталып, бір жылдан соң тоқтап қалғанын, осындай жақсы бағдарламалар еліміздің тарихи және мәдени ескерткіштер үшін аса қажет екенін және жылжымайтын тарихи-мәдени мұраларымызды зерттеумен қатар, оның пайдалану тетіктерін, қорғау, сақтау, реставрация

жұмысы, туризмді дамыту секілді тың бағыттарды көтеру Орталықтың міндеттерінің бірі екенін атап өтті.

Осыдан кейін, белгілі ғалым, профессор, Шығыстану институтының Тарихи материалдарды зерттеудің республикалық орталығы директоры М.Қ. Әбусейітоваға сөз берілді. Ол Қазақстандағы тасқа қашалған жазулар жөнінде, нақтырақ айтқанда, арабграфикалық ескерткіштердің маңыздылығына тоқталды, келешекте Ескерткіштану орталығымен бірігіп жұмыс жүргізуді ұсынды. Ескерткіштерді және еліміздің топонимдерін зерттеуші ардагер, Қазақстанның мәдениет қайраткері М.Қ. Сембі баяндамасында өзінің өмірлік жұмыс тәжірибесімен бөлісіп, ескерткіштерді зерттеудің алғашқы жылдарында экспедицияларға бөлінген қаржының мардымсыздығына қарамастан, көптеген қазақ кезеңінің ескерткіштері ашылғанын, оның басым бөлігі Қазақстанның батыс өлкелерінде сақталғанын, ал солтүстік өлкелерде қоныс аударушылар (переселендер) жаппай қоныстануының әсерінен, қазақтардың көптеген ескерткіштері бұзылып, жоғалып кеткенін баса айтты. Осыдан кейін, белгілі маман, архитектура докторы, Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясының профессоры Г.С. Әбдірасилова құттықтау сөз сөйледі және қазіргі таңда реставрация жұмыстарының біршама кемшіліктерін атап, ескерткіштердің тарихи келбетінің сақталмауы, мамандардың дұрыс тартылмауы секілді проблемаларды қозғады.

Ғалымдардың баяндамасы арасында 15 мин. «Доңызтау ескерткіштері» деректі фильмі көрсетілді. Бұл арнайы дайындалған шағын фильмде Институттың этнограф-



Сур. 3. Академиялық ескерткіштанушылардың (этноархеологтардың, этнологтардың) жаңа зерттеулері бойынша Көрме плакаттарының таныстырылымы.

Fig. 3. Presentation of exhibition posters on new research of academic monuments (ethnoarchaeologists, ethnologists).



Сур. 4. Алғаш рет ұйымдастырылған Қазақстан ескерткіштанушыларының еңбектері Көрмесі.

Fig. 4. The first exhibition of works of Monument scientists of Kazakhstan.

этноархеологтардың соңғы жылдары жүргізген зерттеу жұмыстарының жаңалықтары ұсынылды (деректі фильмді толығырақ мына сілтемеден көруге болады: <https://www.youtube.com/watch?v=ARVd4P0bUo8>).

Деректі фильмнен кейін, «Қазқайтажаңарту» мекемесінің ғылыми-зерттеу және жобалау филиалының жетекшісі Б.Б. Мыржиев Орталықтың құрылуына ерекше қуанышын білдірді және өзіне қарасты мекеменің жұмыс бағыттарына тоқталып өтті. Ол жылжымайтын тарихи-мәдени мұраларды реставрациялау үшін ғылыми-зерттеулер жүргізу және жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу, ескерткіштердің қорғау аймағын нақтылау, тарихи мұралардың жай-күйіне мониторинг жүргізу, ЮНЕСКО тізіміне Қазақстанның ескерткіштерін енгізу жұмыстарын әзірлеу, ескерткіштердің сақталуын қадағалау жұмыстары жайында баяндады. Белгілі этнограф, тарих ғылымдарының докторы А.У. Тоқтабай шетелде (Моңғолия, Қытай, Өзбекстан) жатқан қазақ халқының тарихи тұлғаларына және тарихи оқиғаларға қатысты жер атауларына және шетелдегі тарихи жерлер әлі зерттелмей жатқанына назар аударды.

Осыдан кейін пікір алмасу кезеңі басталып, «Алматыбасжоспар» ҒЗИ қызметкері, архитектура кандидаты Л.Ш. Рахымжанова, белгілі архитектор және дизайнер С.Ж. Нарынов, ескерткіштанушы ардагер Ж. Шайкен, өнертанушы, дизайнер Қ. Қалиев және М. Нұрмағамбетов сынды мамандар Орталықтың құрылуымен құттықтады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Археология, этнология және музеология кафедрасының

меңгерушісі, PhD Р.С. Жұматаев университеттің этнология, ескерткіштану және мұражай ісі мамандықтарының мәселелеріне тоқталды. Ол осы мамандықтардың бүгінгі күні кенже қалып бара жатқанына және келешекте Институт ғалымдарының этнология және ескерткіштану бағыттарында шәкірт тәрбиелеу ісіне назар аударуды ұсынды.

Осыдан кейін дөңгелек үстелдің соңы әрі іс-шараның қорытынды сөзі С.Е. Әжіғалидің баяндамасымен аяқталды. Оның баяндамасы «Қазақ ескерткіштануының» өзекті мәселелеріне арналды. Баяндама барысында ең алдымен ескерткіштерді сақтау-қорғау бойынша академик В.В. Радловтың айтқан сөзін мысал ретінде келтіреді. «Петерборда архитекторлар қоғамының мәжілісінде (19.02.1908 ж.) ескерткіштерді сақтау бойынша мәселелер көтерілген. Сонда В.В. Радлов ескерткіштерді сақтау үшін фототіркеудің (фотофиксацияның) маңыздылығын атап өткен және Орта Азияның ежелгі мұраларын реставрациялау жөнінде «ескерткіштерді реставрация жасау ... бастапқы қалпын әрдайым өзгеріске алып келеді» деп көрсеткен. Радловтың ойынша, бұның бірден-бір дұрыс жолы – «шұғыл түрде фототіркеу арқылы ескерткіштерді тізімдеуді қолға алу», – деп фототіркеудің ескерткіштерді реставрациялаудан да өте маңызды екенін айтады. Сондай-ақ, баяндамашы ары қарай Ғылыми-әдістемелік кеңес құру туралы мәселесін қозғайды. «Өткен жылдың 29 маусымда Алматы қаласында «Алмат тамы мавзолейі» (Ақтөбе обл. Ырғыз ауданында орналасқан) бойынша Ғылыми әдістемелік кеңес өтті. Нәтижесінде, біз мавзолейге жүргізіліп

жатқан реставрациялау жұмысын тоқтаттық. Өйткені, ескерткіштің архивтік-библиографиялық ізденіс жұмыстары тыс қалған, тарихи, тарихи-архитектуралық анықтамасы (келбетінің көптеген параметрі түсініксіз: төбесінің күмбезі, бөлмелерінің функциясы және т. б.) жоқ болып шықты. Міне, ғылыми-әдістемелік кеңестің болмауынан, басқа ғылыми мекемелердің мамандарымен байланыстың жоқтығы салдарынан, көптеген тарихи-мәдени ескерткіштеріміз қалпына келтіру-қорғау жұмыстары барысында бұрмалауға жол берілуде, ескерткіштердің бастапқы тарихи келбеті бүліну белең алуда, – дейді. Осыған орай, Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің немесе Мәдениет министрлігінің жанынан шұғыл Ғылыми-әдістемелік кеңес құрудың қажеттігін айтады. Келесі көтерген маңызды мәселесі Ескерткіштер жинағын (Свод) даярлау болды. Алғашқы Ескерткіштер жинағы (Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары) сапалы шыққанын, ал 2000 жж. басында шыққан басқа облыстардың Ескерткіштер жинағының сапасы сын көтермейтінін атап өтті. Ескерткіштану орталығының ең басты әрі маңызды стратегиялық жұмыс жоспарларының қатарында осы ескерткіштер Жинағын

даярлау мәселесі тұр. Атырау және Ақтөбе облыстарының ескерткіштер Жинағын шығаруға біршама материалдар жиналды. Осындай маңызды стратегиялық жұмыстарға бірігіп жұмыс істеуге, белсенді қатысуға шақырамыз деп қорытынды сөзін аяқтады.

Қазіргі таңда, Қазақ ескерткіштану орталығының мамандары «Қазақстанның далалық аймағы мен диаспора аумағындағы ескерткіштерді далалық этноархеологиялық (этноархитектуралық) зерттеудің методикасы» (2022–2024 жж.) ғылыми жобасын орындау үстінде. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде «Ескерткіштанушылар үшін шартты белгілерді қолданудың әдістемелік құралы» (брошюра) және «Қазақстанның далалық аймағының ескерткіштерін этноархеологиялық зерттеудің методикасы» басылымдарының қолжазбасы әзірленеді, Моңғолия қазақтарының дәстүрлі және негізгі тарихи-мәдени ескерткіштерінің картасы, Солтүстік Қазақстан және Қостанай обл. тарихи-мәдени ескерткіштерінің картасы (алғашқы нұсқасы), Шығыс Сарыарқаның архитектуралық және негізгі тарихи-мәдени ескерткіштерінің картасы дайындалады.

Авторлар туралы мәлімет:

Серік Ескендірұлы Әжіғали – профессор, этнолог, этноархеолог, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ Этнология және антропология бөлімі «Қазақ ескерткіштану мәселелерінің» ҒЗО жетекшісі;

ORCID – 0000-0002-6209-4618

SCOPUS – <https://doi.org/10.17746/1563-0110.2021.49.4.109-119>

Бағлан Әбдірахманұлы Әшім – PhD докторант, этнограф-ескерткіштанушы, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ Этнология және антропология бөлімі «Қазақ ескерткіштану мәселелерінің» ҒЗО ғылыми қызметкері;

ORCID – 0000-0001-9334-3229

Сведения об авторах:

Серик Ескендирулы Ажигали – профессор, этнолог, этноархеолог, руководитель НИЦ «Проблемы казахского памятниковедения» отдела Этнологии и антропологии ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова;

ORCID – 0000-0002-6209-4618

SCOPUS – <https://doi.org/10.17746/1563-0110.2021.49.4.109-119>

Бағлан Абдрахманұлы Ашим – PhD докторант, этнограф-памятниковед, научный сотрудник НИЦ «Проблемы казахского памятниковедения» отдела Этнологии и антропологии ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова;

ORCID – 0000-0001-9334-3229

Information about the authors:

Serik Eskendiruly Azhigali – Professor, ethnologist, ethnoarchaeologist, head of the Research Center "Problems of Kazakh Monuments" of the Department of Ethnology and Anthropology of the Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov;

ORCID – 0000-0002-6209-4618

SCOPUS – <https://doi.org/10.17746/1563-0110.2021.49.4.109-119>

Baglan Abdrakhmanuly Ashim – PhD doctoral student, ethnographer-memorialist, researcher at the Scientific Research Center "Problems of Kazakh Memorialist" of the Department of Ethnology and Anthropology of the Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov;

ORCID – 0000-0001-9334-3229

МАҚАЛАНЫ РӘСІМДЕУ ҮЛГІСІ

FTAMP 03.41.91: (<http://grnti.ru/> сілтеме бойынша анықталады)

Мұсырманқұл П.Б.¹

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі,

Астана, Қазақстан

e-mail: pmusilmankul@bk.ru

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОЛА ДӘУІРІНДЕГІ СҮЙЕК КОНЬКИЛЕРІ ТУРАЛЫ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан территориясынан табылған қола дәуірінің сүйек конькилері туралы айтылады. Мұндай олжалар көбінесе қоныстық ескерткіштерде кездеседі. Коньки сияқты сүйектен жасалған бұйымдарды қолдану туралы әртүрлі пікірлер бар. Ол туралы О.А. Кривцова-Гракова, А.М. Оразбаева, М.Қ. Қадырбаева, С.А. Семенова, т.б. ғалымдардың қорытындыларында қарастырылады. Садчиков, Шағалалы, Мыржық, Бұғылы 2, Түрген 2 қоныстарынан табылған қола дәуірінің сүйек конькилерінің сипаты мен қолданылуы талданады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің қорындағы Мыржық қонысынан 1980 жылы табылған сүйек конькилер зерттеудің негізгі нысаны болып табылады.

Сонымен қатар қола дәуіріндегі сүйек конькилер мен этнографиялық кезеңге жататын сырғанауға арналған сүйек бұйымдарының арасындағы дәстүрлі сабақтастық мәселелері де қарастырылған... [180-200 сөз]

Кілт сөздер: қола дәуірі, қоныстар, сүйектен жасалған құралдар, коньки, сойшаңғы... [8-10 сөз / сөз тіркестері]

МАҚАЛАНЫҢ НЕГІЗГІ МӘТІНІ

Мақаланың негізгі мәтіні келесі құрылымдық элементтерді қамтуы керек:

- Кіріспе
- Материалдар мен зерттеу әдістері
- Тақырыптың зерттелу дәрежесі
- Талдау
- Алынған нәтижелер
- Қорытынды
- Әдебиет

Мақалаға қойылатын негізгі талаптармен журнал сайты арқылы таныса аласыздар. Журналға мақалалар <https://madenimura-journal.kz/> сайты арқылы қабылданады.

ОБРАЗЕЦ ОФОРМЛЕНИЯ СТАТЬИ

МРНТИ 03.41.91: (определяется по ссылке: <http://grnti.ru/>)

Мусырманкул П.Б.¹

Национальный музей Республики Казахстан,
Астана, Казахстан
e-mail: pmusilmankul@bk.ru

О КОСТЯНЫХ КОНЬКАХ ЭПОХИ БРОНЗЫ КАЗАХСТАНА

Аннотация. В статье говорится о костяных коньках эпохи бронзы, найденных на территории Казахстана. Подобные находки чаще всего обнаруживаются в поселенческих памятниках. Встречаются различные мнения о применении костяных изделий типа коньков. Среди них были рассмотрены выводы ученых О.А. Кривцовой-Граковой, А.М. Оразбаева, М.К. Кадырбаева, С.А. Семенова и др. Проанализированы характер и функции костяных коньков бронзового века из поселений Садчиков, Шагала, Мыржык, Бугулы 2, Тургень 2. Костяные коньки из фонда Национального музея РК, найденные в поселении Мыржык в 1980 году, являются основным объектом нашего исследования.

Также рассмотрены вопросы традиционной преемственности между костяными коньками бронзового века и костяными предметами для катания, относящимися к этнографическому периоду... [180-200 слов]

Ключевые слова: бронзовый век, поселения, костяные орудия, коньки, сойшангы... [8-10 слов/словосочетаний]

ОСНОВНОЙ ТЕКСТ СТАТЬИ

Основной текст статьи должен содержать следующие структурные элементы:

- Введение
- Материалы и методы исследования
- Степень изученности темы
- Анализ
- Полученные результаты
- Выводы
- Литература

С основными требованиями оформления статей вы можете ознакомиться на сайте. Статьи в журнал принимаются через сайт <https://madenimura-journal.kz/>.

SAMPLE FORMAT OF AN ARTICLE

MPHTI 03.41.91: (it is determined by the link: <http://grnti.ru/>)

Musyrmankul P.B.¹

National Museum of the Republic of Kazakhstan,
Astana, Kazakhstan
e-mail: pmusilmankul@bk.ru

ABOUT THE BONE SKATES OF THE BRONZE AGE OF KAZAKHSTAN

Abstract. The article considers the bone skates of the Bronze Age, discovered on the territory of Kazakhstan. Such findings are most often found in the settlement sites. There are different opinions about the use of bone products such as skates. Among them, the conclusions of scientists O.A. Krivtsova-Grakova, A.M. Orazbayev, M.K. Kadyrbayev, S.A. Semenov and others were considered. The nature and functions of the bone skates of the Bronze Age from the settlements of Sadchikov, Shagalaly, Myrzyk, Buguly 2, and Turgen 2 have been analyzed. The bone skates from the fund of the National Museum of the RK, found in the Myrzyk settlement in 1980, are the main object of our research study. As well as the issues about the traditional continuity between the bone skates of the Bronze Age and bone skating items related to the ethnographic period have been considered.... [180-200 words]

Keywords: Bronze Age, settlements, bone tools, skates, soyshangy... [8-10 words/word combinations]

THE MAIN TEXT OF THE ARTICLE

The main text of the article should contain the following structural elements:

- Introduction
- Materials and methods of research
- The degree of study
- Analysis
- Results
- Conclusions
- References

You can find the basic requirements to articles on the website. Articles in the journal are accepted through the website <https://madenimura-journal.kz/>.

Журналдың құрылтайшысы және меншік иесі –
Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі

11.03.2020 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде тіркелген. Куәлік №KZ74VPY00021104

Бас редактор – Сыдыков А.Ж.
Жауапты редактор – Исаков Қ.А.
Редакторлар – Оспанова А.К.,
Смағұлова Б.С.,
Ақпанбекова Ғ.Р.,
Султанова А.К.,
Суретші-дизайнер – Смайлова А.Б.

Редакцияның мекен-жайы:
010000, Астана қаласы,
Тәуелсіздік даңғылы, 54,
Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі
6-блок, 6-қабат, 618-бөлме

Байланыс телефондары:
+7 (7172) 91 90 35; 335, 663, 664, 641 (ішкі)
Журнал сайты: **<https://madenimura-journal.kz>**
e-mail: journal.madenimura@gmail.com



Журналдың Instagram
парақшасына QR-код



Журналдың Facebook
парақшасына QR-код

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады

Басуға 15.12.2023 ж. қол қойылды.
Пішімі 205 x 275 мм. Офсеттік басылым 4 + 4.
Шартты баспа табағы 16,62.

Таралымы 200 дана

«Big Dream» баспаханасында басылды.

Баспахана мекен-жайы:
Астана қ., Байсейітова к., 114/2
377-074, 87024848813.



**Ұлттық құндылықтарымызды
насихаттап, рухани
қазыналарымызды ұлықтауға
үн қосып жүрген «Мәдени мұра»
ғылыми журналына жазылыңыздар!**

Журнал жылына 4 рет шығады

**Журналдың газеттер мен журналдар
каталогындағы индексі – 75 379**

«Қазпочта» АҚ, «Астана-Пресс» ЖШС

